

Г. М. ТАНСИКБАЕВА, В. А. КОСТЕЦКИЙ

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**Жалпы орта білім беретін мектептердің
9-сынып оқушыларына арналған оқулық**

Өңделген және толықтырылған сегізінші басылым

*Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру
министрлігі баспаға ұсынған*

«SHARQ» БАСПА-ПОЛИГРАФИЯ
АКЦИОНЕРЛІК КОМПАНИЯСЫ
БАС РЕДАКЦИЯСЫ
ТАШКЕНТ – 2019

Пікір білдірушілер:

АККУЛОВА С.

- Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университеті қасындағы Халыққа білім беру қызметкерлерін қайта даярлау және тәжірибесін арттыру аумақтық орталығы «Әлеуметтік және экономикалық пәндер әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы;

ШЕРМУХАМЕДОВА С.В.

- Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университеті қасындағы Халыққа білім беру қызметкерлерін қайта даярлау және тәжірибесін арттыру аумақтық орталығы «Әлеуметтік және экономикалық пәндер әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы;

ЮНУСОВА М.

- Ташкент қаласы 44-санды мектептің Мемлекет және құқық негіздері пәнінің мұғалімі.

Авторлар ұжымы:

Тансикбаева Г.М. 1-§§, 3, 29, 30, Костецкий В.А. 1–30-§§

Шартты белгілер:



Негізгі заң белгілейді



Нормативтік құжат!



Тапсырма



Назар аудар!



Есте сақта!



Қорытындыларды шығарамыз



Өзіңді тексер!

К – 64 Г.М. Тансикбаева, В. А. Костецкий

Конституциялық құқық негіздері: жалпы орта білім беретін мектептердің 9-сынып оқушыларына арналған оқулық/А.Х. Саидов редакторлығында – Т.: “Sharq”, 2019. – 200 б.

ISBN 978-9943-26-934-7

УО'К 342.4(075)
КВК 67.400уа 721

Республикалық мақсатты кітап қоры қаржылары
есебінен жалға беру үшін басылды.

КОНСТИТУЦИЯ ЭЛЕМИНЕ САЯХАТ

Сенің қолыңда күрделі, көп қырлы және қызық құқықтар дүниесі туралы мәлімет беретін кітап тұр. Өзбекстан Республикасында тәуелсіздік жариялануы және суверен демократиялық мемлекет құрылысының заңдық негіздері – мемлекет пен жеке тұлға арасында өзара қатынастарды белгілеп беретін заңдылық пен құқықтанушылық іргетасын қалыптастырудан басталды. Сондықтан да азаматтар заңдардың орындалуы саналы түрде және заң негізінде іске асырылуы тиіс.



Өзбекстан Республикасы Президенті Ш. Мирзиёев Конституция күніне арналған баяндамасында былай дейді: «Конституциямыз негізінде мемлекетімізде ұлттық заңдылық жүйесі, үкімет мекемелері, азаматтық қоғамы институттары қалыптасты. Бүгінгі күнде барлық салаларда кең көлемді реформалар іске асырылып жатыр. Әлеуметтік-экономикалық, саяси және әскери беделіміз көтеріліп, азаматтарымыздың дүниетанымы артып отыр. Бұлардың барлығы, ең алдымен, Басты Заңымыздың өмір орнықтырушы күш-қүдіретінің нәтижесі болып табылады».

Шығыстың Ұлы данышпаны Әбу Әли ибн Сина: «Неге жер жүзінде жауыздық мұншалық көп?» деген сұраққа: «Себепкері сіз бен біз. Білместіктен немесе ұқыпсыздықтан жауыздықпен күресуден бас тартуымыз кезінде өзіміз де жауыздық кең таралуына жағдай жасап береміз», деп жауап берген екен.

Бұл сабақтың әрбір параграфында іс жүзіндегі заң құжаттары көмегімен шешуіміз мүмкін болған түрлі жағдайларды Саған ұсынамыз. Егер Сені кез келген ділгірліктерді шешу қызықтырса, Өзбекстан Республикасының іс жүзіндегі заң құжаттарына сүйенуің мүмкін.

Мәтінде дүние жүзі қолданысында қабылданған заңдық атаулар мен ұғымдарға кез боласың. Мұндай жағдайларда оқулық ақырында берілген заңдық атаулар сөздігінен пайдалануың мүмкін.

Меңгерілген материалдарды қаншалықты игергеніңді тексеріп көруге мүмкіндік туғызу мақсатында әрбір тақырып ақырында бақылау сұрақтары қосымша етілген.


Конституциялық құқық негіздерін меңгерудің маңыздылығы сонда, істеу мүмкін болған жұмыстарды тыйым салынған әрекеттерден ажыратып аласың, өзіңнің құқық пен заңды мүдделеріңді қорғау жолдары мен құралдарын жақсырақ білетін боласың, ең керегі, заңды сақтаған күйде әділдікке жету мүмкіндігіне өзінде тиянақты сенім пайда болады.

Сен заңдылық көмегімен әрбір адам өмірінде жүзеге келуі ықтималы болған көптеген ділгірліктерді шешу мүмкіндігін біліп аласың.

Құқықтық ағарту – құқықтық мәдениет, яғни адамға құқық беретін барлық ұнамды және құнды жақтарын меңгерудің қосымша құрамдық бөлігі. Құқықтық адамгершіліктер мен құқықтық білімдер қосындысы жоғары дәрежедегі құқықтық мәдениет негізін құрайды. Мемлекет заңдылық негіздерін меңгеру құқыққа, заңдарға ұнамды қатынаста болуға мүмкіндік туғызады және оларды орындау қажеттілігін жүзеге келтіреді.

Конституциялық құқық негіздері бойынша алған білімдерің келешектегі ғана емес, сондай-ақ, бүгінгі күндегі ділгірліктерді шешуге де көмек береді, деп үміт етеміз.

Құқықтық білімдер дүниесіне ақ жол, ардақтылар!



Толық сеніммен айта аламыз, Өзбекстан Республикасының Конституциясы халқымыздың саяси-құқықтық дүние тануының жоғары үлгісі болып табылады. Ол ешкімге тәуелді болмай, ерікті және азат, тыныш және бейбіт, әл-ауқатты жасаудың заңды кепілі болып отыр. Нарықтық қатынастарға негізделген құқықтық демократиялық мемлекет, күшті азаматтық қоғам орнату тұрғыда мықты іргетас болып қызмет етіп отыр.

Шавкат МИРЗИЁЕВ,
Өзбекстан Республикасы Президенті

1-§. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

Тақырып бойынша жұмыс істеу нәтижесінде:

- «Конституциялық құқық» түсінігі туралы;
- оның басқа құқық салаларымен өзара байланыстылығы туралы;
- «Құқықтанушылық» жүйесінде алған орны туралы біліп аласың.

Қоғамға Конституция не үшін керек?

1. Конституция және конституциялық құқық.
2. Конституциялық құқық – құқықтың жетекші саласы.
3. Конституцияға өзгертулер енгізу тәртібі.

1. КОНСТИТУЦИЯ ЖӘНЕ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

Сен кез келген мәдениетті және алдыңғы қатарлы қоғам өмірінде Негізгі заң болған Конституция маңызды рөл ойнайтынын жақсы біліп алдың. Өйткені **Конституцияда** мемлекет ең орнықты, тұрақты құқықтар мен қоғам өмірі қалыптары нығайтылып қойылған.

«Конституция» латынша «*constitutio*» сөз, ол «*белгілеу*», «*түзілу*» деген мағыналарды білдіреді, яғни Конституция қоғам мен мемлекет құрылысын, мемлекет үкіметі мен басқару мекемелерін құру және жұмысының негізгі принциптері мен өкілеттіктерін, азаматтар негізгі құқықтары мен борыштарын, қоғам мен жеке тұлға арасындағы қатынастарды белгілеп береді.

Қалған барлық заңдар, кодекстер, қаулылар мен жарлықтар Конституция негізінде және оған сәйкес түрде қабылданады. Ал бұл мемлекеттің әрбір қалыпты құжаты Конституцияға сай келуі шарт екендігін білдіреді. Конституция қоғам өмірінің барлық салаларына, саяси, экономикалық, рухани-құлықтық, тұрмыстық, еңбек барысы, жеке өмірге және басқаларға әсерін тигізеді.

Мемлекетімізде Өзбекстан Республикасы Конституциясы және заңдарының жоғарылығы сөзсіз тән алынады.



Есте сақта!

Конституция – мемлекеттің **Негізгі заңы**, онда адам және азаматтың құқық пен бостандықтары жарияланады, тән алынады және кепілдік беріледі, мемлекет басқару қалпы мен аумақтық құрылысы, үкіметтің орталық және жерлердегі жергілікті мекемелерді ұйымдастыру жүйесі және олардың өкілеттері белгіленеді, сондай-ақ, заңдылық, орындалу мекемелері мен сот әкімшілігі мекемелерін құру тәртіпке салып тұрылады, сайлау жүйесі, мемлекет рәміздері және Конституцияға өзгертулер енгізу тәртібі белгіленеді.



Конституция мен конституциялық құқық арасындағы айырмашылық сонда, Конституция конституциялық құқық саласы, оқу пәні ретінде Конституцияны меңгеру предметінің басты негізі болып есептеледі, яғни конституциялық құқық – құқық саласы, ал Конституция – сол сала қоры.



1-тапсырма

Төмендегі жағдайды ойла. Мемлекетте құқық-ережелер, заңдар мен құқық нормалары жоққа шығарылған. Адамдар заңға бойсұнбай қойған, басқа азаматтар құқықтарын құрметтемей қойды, қылмысқа жаза тағайындау және жазадан азат ету құқықын өз ықтиярларына алған.

Не деп ойлайсың, Мұндай жағдайда мемлекетте қандай оқиғалар болады? Заңдардың болмағанынан кім көп жәбір көреді?

2-тапсырма

Мемлекеттегі құқық тәртібі қандай жағдайларға байланысты деп ойласың?

2. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ – ҚҰҚЫҚТЫҢ ЖЕТЕКШІ САЛАСЫ

Құқық өзінде жалпымәжбүри нормалар жүйесін жұмылдырады. Бұл нормалар мемлекетте кісілер арасындағы әртүрлі қатынастарды ретке келтіріп тұрады. Оның ішінде, кейбір нормалар отбасылық тұрмыс саласында пайда болатын қатынастарды, кейбіреулері еңбек немесе мүліктік қатынастарды ретке келтіреді.

Есте сақта!

Құқық – мемлекет заңдарда және басқа нормативтік-құқықтық құжаттарда белгілеген және мемлекеттің мәжбүрлеу күшімен қорғалатын мемлекет барлық халқы үшін мәжбүри болған мінез-құлық ережелерінің жүйесі.

Құқықтық насихаттау – қоғамдағы қатынастардың белгілі бір жағдайы болып, оған мемлекеттің Негізгі заңы – Конституция және басқа құқықтық нормативтерін мәжбүри түрде барлығы сақтауы, жеке тұлға құқық пен еркіндіктерін қамтамасыз ету нәтижесінде қол жеткізіледі.

Конституциялық құқық ұлттық құқық жүйесінде құқықтың жетекші саласы, өйткені ең жоғары заңдық күшке ие болған Конституция және оның негізгі дереккөзі болып қызмет етеді.



Есте сақта!

Конституция бүкіл құқықтық жүйенің негізі болып қызмет етеді, өйткені құқықтың дамуы Конституциядан басталады, оның өзі басқа барлық заңдар мен нормативті-құқықтық құжаттарды іске асырады. Конституцияның жоғары заңдық күші де осы жерде айқын көрінеді. Қалған барлық құқықтық құжаттар Негізгі Заң – Конституциядан келіп шығады және сәйкес келуі керек.

Құқық жүйесін пирамида көрінісінде елестетіп көр. Конституция сол пирамида шоққысында тұрады десек, оның шоққысынан ең төменгі бөлігіне дейінгі болған бүйір қабырғаларында басқа барлық нормативтік құжаттар – заңдар, кодекстер, қаулылар, жарлықтар, тармаққа байланысты нормативтер және басқалар орын алғандығын анық көресің.

Конституциялық құқық нормалары қалған барлық заңдық нормалар, құқықтың әрбір саласы, әрқайсы заң және заңасты құжатының іргетасы боп саналады. Сондықтан да конституциялық құқық мемлекеттік ұлттық құқық жүйесінде жетекші беделге ие.

Өзбекстан Республикасы Конституциясы
Өзбекстан Республикасы Заңдары
Өзбекстан Республикасы Олий Мажлиси

Палаталардың Қаулылары
Өзбекстан Республикасы Президентінің
Жарлықтары, Қаулылары
Өзбекстан Республикасы Министрлер
Кабинетінің Қаулылары
Министрліктер мен Мемлекеттік
комитеттер Қаулылары
Жер-жердегі жергілікті мемлекеттік басқару
мекемелері қаулылары

Конституциялық құқықтың негізгі қоры – Конституция. Бірақ конституциялық құқық тек Конституциядан құралған болмайды. Басқа заңдылық және нормативті-құқықтық құжаттар да құқықтың сол саласының қорлары болып есептеледі.

3. КОНСТИТУЦИЯҒА ӨЗГЕРТУ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

Өзбекстан Республикасы Конституциясында оның тұрақтылығын қамтамасыз ету, тез-тез өзгерістер енгізілуіне бөгет жасау бойынша қорғау шаралары назарда тұтылған. Олар Негізгі заңның VI бөлімінде баяндалған болып, онда өзгерістер енгізу тәртібі мен шарттары келтірілген.

Өзбекстан Республикасы Конституциясына өзгерістер, егер тек тиісті Олий Мажлистің Заңдылық палатасы депутаттары мен Сенаты мүшелері жалпы санының кемінде үштен екі бөлімінен құралған көпшілігі жағынан дауыс берілсе немесе Өзбекстан Республикасы референдумы үдерісінде енгізілуіне жол беріледі. Заңдылық мекемесі тиісті ұсыныс енгізген соң алты ай барысында Конституцияға өзгерістер енгізу және түзетулер енгізу туралы кең және жан-жақты ескерген жағдайда заң қабылдауы мүмкін.

Егер Олий Мажлис Конституцияға өзгерістер енгізу жөніндегі ұсынысты қабылдаса, ұсыныс бір жыл өткен соң ғана қайта енгізілуі мүмкін.

Кейбір мемлекет мекемелері өз активтерінің Өзбекстан Респуб-

ликасының Конституциясына үйлесімділігі үшін жауапты. Олар Конституцияға сәйкес жұмыс жүргізуі шарт.

3-тапсырма

Ойлан және жауап бер:

1. Жергілікті әкімшілік мекемелерінің бұйрық пен қаулыларында мемлекет Конституциясына сәйкес болмаған ережелер болмауы мүмкін бе?
2. Конституция құқықтық қатынастарды анық тәртіпке салып тұруы үшін қайсы құқық тармақтарына бағытталуын айтып бер.
3. Қалай ойлайсың, «адамның құқыққа деген қатынасы» дегенде не ойда тұтылады?



4-тапсырма

Төмендегі жағдайлармен таныс. Оларда заңдылық негіздері немесе құлықтылық нормалары бұзылғандығын анықта.

1-жағдай

Питонмен (ірі жылан) байланысты жұмыс

Циркте жануарларды үйретуші ерлі-зайыпты М. зейнетке шыққан соң, өз жеке үйлерін 9 қабаттағы үйдегі пәтерге айырбастады. Олардың пәтері бірінші қабатта орналасқандықтан биік тормен қоршалған аулада жануарсүйгіштердің клубын ұйымдастырды. Ол жерде балалар жануарларды күтім жасау және үйренумен тегін шұғылданатын. Ерлі-зайыпты М. цирктен тамаша көрсете алмайтын питон, маймыл және бірнеше күшікті әкелген еді.

Көп өтпей бұл көпқабатты үй тұрғындарынан сотқа шағым хат түсті. Тұрғындардың шағым арызында ерлі-зайыпты М. шұғылданып жатқан жануарлар аулада жиналған балаларды қорқытып жатқандығы, қоршаған ортаны ластап жатқандығы, хайуандарды үйрету кезінде шуылдап, оларға кедергі жасап жатқандығы жөнінде мәлімдеген еді.

2-жағдай

Жол әрекеті оқиғасы

Жеңіл автомобиль жүргізушісі И. науқас әйелін жедел ауруханаға алып бару қажеттілігінен жылдамдықты асырды. Жаяужолда тормозды басуға үлгермей көшені кесіп өтіп бара жатқан У. және С.ті түртіп жіберді. Бұл жолаушылар жарақат алмады. Бірақ С. қорқып есінен танығаны үшін «Жедел көмек» шақыруға тура келді. Бұдан тыс, жәбірленушілер жиналғанда киімдері лас болған еді. Жүргізуші И. жәбірленуші С. біраздан соң өзіне келгенін және ешкім жарақаттанбағандығын көріп, машинасында жөнөп кетті.

Қорытынды шығарамыз

КОНСТИТУЦИАЛЫҚ
ҚҰҚЫҚ

- Конституция – мемлекеттің Негізгі заңы;
- құқық – мемлекеттегі жалпымәжбүри нормалар жүйесі;
- конституциялық құқық – құқықтың жоғары тармағы;
- конституциялық құқықтың негізгі қоры – Конституция;
- конституциялық құқық нормалары қоғам мен мемлекет құрылымы негіздерін нығайтады.

Өзіңді тексер!

1. Адамға Конституция не үшін керек? Неліктен оны Негізгі заң деп атайды?
2. Конституциялық құқық дегені не? Конституциялық құқықтың Конституциядан айырмашылығы неде?
3. Құқықтың басқа салаларымен конституциялық құқықтың өзара байланыстылығы нелерде білінеді?
4. Құқық жүйесінде Конституциялық құқық қандай орын алады?
5. Конституциялық құқық неліктен құқықтың жетекші тармағы боп есептеледі?
6. Конституциялық құқық нормаларын қайсы қорлардан табуға болады?

2-§. ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚ

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯСЫ МАЗМУНЫ МЕН СИПАТТАМАСЫ

Тақырып бойынша жұмыс істеу нәтижесінде:

- Өзбекстан Республикасы Конституциясы жобасы қалай кешкені және оның қабылдануын;
 - Өзбекстан Республикасы Конституциясының өзгешеліктері неден құралғандығын біліп аласың.
1. Өзбекстан Республикасы Конституциясының қабылдануы.
 2. Кіріспе: мақсат пен міндеттері.
 3. Конституцияда жарияланған жалпыадамилық құндылықтар.
 4. Өзбекстан Республикасы Конституциясының жоғарылығы.
 5. Өзбекстан Республикасы Конституциясының құрылысы.

1. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ ҚАБЫЛДАНУЫ

Өзбекстан Республикасы Конституциясының жобасы **1990 жылы 20 маусымнан** бастап ғалым, ұжым қайраткерлері және мемлекеттік басқару мекемелерінің мамандары мұқият дайындап шықты. Конституция жобасының жалпыхалықтық талқылауы үш айға созылды. Жалпыхалықтық талқылау үдерісінде келіп түскен 6 000 ұсыныс негізінде жобаға 80-нен астам түзетулер енгізілді.

Кең жалпыхалықтық талқылауы барысында білдірілген көп ұсыныстар ескерілген жағдайда комиссия дайындаған Конституция жобасы Жоғары Кеңес талқылауына қойылды. **1992 жылы 8 желтоқсанда** Жоғары Кеңестің **XI сессиясында** бұл жоба мақұлданды және Өзбекстан Республикасының қазіргі қолданыстағы Конституциясы қабылданды.

Тәуелсіз Өзбекстанның алғашқы Конституциясы осылайша іске асырылды – **8 желтоқсан – Өзбекстан Республикасының Конституциясы қабылданған күн**, жалпыхалықтық мереке деп жарияланды.

2. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ МАЗМҰНЫ

Конституция – мемлекеттің Негізгі заңы болып, Конституциялық құрылым, мемлекет және қоғам құрылымы негіздерін белгілеп береді; заң шығарушы, атқарушы және сот әкімшілігі мекемелерінің ұйымдастырылуын тәртіпке салып тұрады; сайлау жүйесін белгілейді; азаматтардың құқық және еркіндігін, мемлекет рәміздерін нығайтып қояды; Конституцияға өзгертулер енгізу тәртібін белгілейді.

Конституция жеке меншік және нарықтық экономикаға негізделген жаңа әлеуметтік-саяси жүйенің іргетасын құрып берді. Жеке меншік мүлікшіліктің басқа формалары қатарында мемлекет қорғауында болды.

Конституцияда идеологиялық әр түрлілік, көппартиялылық, яғни бір маңызды ділгірлікті шешу бойынша пікірлер саналуандылығы ескерілген **саяси плюрализм** нығайтылып қойылған.

Конституция мемлекетті емес, сондай-ақ адамды бірінші орынға қойды. Адам, оның өмірі, бостандығы, намысы, қадір-құрметі және басқа дербес құқықтары жоғары құндылықтар деп жарияланды.

Конституция, сондай-ақ, азамат пен мемлекетті өзара құқықтар және міндеттерімен байланыстырушы принципті де нығайтты.

3. КІРІСПЕ: МАҚСАТ ПЕН МІНДЕТТЕРІ

Конституцияның кіріспе бөлімі **Кіріспе** (преамбула; алғысөз) болып табылады. Мұнда Өзбекстан өркендеу жолының мақсаттары, міндеттері мен принциптері қысқаша түрде атап өтіледі.

Кіріспенің маңыздылығы Конституция мәтінінде баяндалған барлық ережелер онда жарияланған төмендегі негіздер мен принциптерге сай келуі керектігінде, оның ішінде:

- адам құқықтарының сақталуы;
- мемлекетшілік негізі – егемендік;
- мемлекетті ұлттық мемлекетшілік тарихи тәжірибелеріне сүйеніп дамыту;
- демократия және әлеуметтік әділеттілік идеалдарын тән алу;
- халықаралық құқықтың жалпы тән алынған нормаларды тән алу;
- адамсүйгіштік демократиялық құқықты мемлекет құру;
- азаматтар тыныштығы мен ұлттық татулығын қамтамасыз ету.



Есте сақта!

Конституцияның кіріспесі – Негізгі заң қабылдануына себеп болған принциптер жөнінде халықтың салтанатты баяндамасы. Кіріспеде Конституция мемлекет халқы атынан жариялануы және оның арман-тілектері, ниеттері мен міндетіне алатын міндеттемелері көрсетіледі.

4. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ ЖОҒАРЫЛЫҒЫ



Өзбекстан Республикасы Конституциясының 15-бабына сәйкес біздің мемлекетімізде Өзбекстан Республикасының Конституциясы және заңдарының жоғарылығы сөзсіз тән алынады. Мемлекет және оның мекемелері, мансапты тұлғалар, қоғамдық бірлестіктер, азаматтар Конституция мен заңдарға сәйкес жұмыс жүргізеді.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы жоғары заңдық күшке ие және ол Өзбекстан Республикасының бүкіл аумағында қолданылады. Өзбекстан Республикасының заңдары мен басқа нормативті-құқықты актілері Өзбекстан Республикасының Конституциясы негізінде қабылданады. Олар Конституцияның нормалары мен принциптеріне қайшы болуы мүмкін емес. Бұл мемлекеттің барлық нормативті құжаттары Конституция нормаларына сәйкестіндірілген жағдайда қабылдануы шарт екендігін білдіреді.



Негізгі заң белгілейді

Бұл Конституцияның кез келген бір ережесі Өзбекстан Республикасы құқық және мүдделеріне зиян келтіретін түрде талдануы мүмкін емес. Ешқандай заң немесе басқа нормативті-құқықты құжат Конституция нормалары мен ережелеріне қайшы келуі мүмкін емес.

Өзбекстан Республикасы Конституциясы, 16-бап.

Конституцияның маңызды және мән беретін ерекшелігі өзбек халқының көне мәдениеті мен ұлттық құндылықтарына негізделгендігінде болып табылады.

5. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

КІРІСПЕ

I бөлім. Негізгі принциптер.

1-тарау. Мемлекет егеменділігі (1–6-баптар);

2-тарау. Халық әкімшілігі (7–14-баптар);

3-тарау. Конституция және Заңның жоғарылығы (15–16-баптар);

4-тарау. Сыртқы саясат (17-бап);

II бөлім. Адам және азаматтардың негізгі құқықтары, еркіндіктері мен борыштары

5-тарау. Жалпы ережелер (18–20-баптар);

6-тарау. Азаматтық (21–23-баптар);

7-тарау. Жеке құқық пен еркіндіктер (24–31-баптар);

8-тарау. Саяси құқықтар (32–35-баптар);

9-тарау. Экономикалық және әлеуметтік құқықтар (36–42-баптар);

10-тарау. Адам құқықтары мен еркіндіктерінің кепілдіктері (43–46-баптар);

11-тарау. Азаматтардың борыштары (47–52-баптар);

III бөлім. Қоғам және жеке тұлға

12-тарау. Қоғамның экономикалық негіздері (53–55-баптар);

13-тарау. Ұжым бірлестіктері (56–62-баптар);

14-тарау. Жанұя (63–66-баптар);

15-тарау. Бұқаралық ақпарат құралдары (69-бап).

IV бөлім. Әкім-шілік-аумақтық және мемлекет құрылысы

16-тарау. Өзбекстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы (68–69-баптар);

17-тарау. Қарақалпақстан Республикасы (70–75-баптар).

V бөлім. Мемлекет әкімшілігінің құрылуы

18-тарау. Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі(76–88-баптар);

19-тарау. Өзбекстан Республикасының Президенті (89–97-баптар);

20-тарау. Министрлер Кабинеті (98-бап);

21-тарау. Жергілікті мемлекет әкімшілігі негіздері (99–105-баптар);

22-тарау. Өзбекстан Республикасының сот әкімшілігі (106–116-баптар);

23-тарау. Сайлау жүйесі (117-бап);

24-тарау. Прокуратура (118–121-баптар);

25-тарау. Қаржы және несие (122–124-баптар);

26-тарау. Қорғаныс және қауіпсіздік (125–126-баптар).

VI бөлім. Конституцияға өзгертулер енгізу тәртібі

Конституцияны өзгерту тәртібі (127–128-баптар).



Қорытындыларды шығарамыз

Конституцияның мазмұны:

→ 1992 жылы 8 желтоқсан – Өзбекстан Республикасы Конституциясының қабылдануы;

→ Конституцияда адам, оның өмірі және еркіндіктері жоғары құндылық деп жарияланғаны;

→ мемлекет мекемелері мен мансапты тұлғалардың қоғам және тұлға алдындағы жауапкершілігі назарда тұтылған;

→ саяси плюрализм;

→ адам мүдделері мемлекет мүдделеріне қарағанда жоғары;

→ Конституция – мемлекет және мемлекет халқы арасындағы келісім-шарт;

→ Конституция – мемлекеттің Негізгі заңы;

→ Кіріспе, 6 бөлім, 26 тарау, 128 баптан құралған.



Өзіңді тексер!

1. Өзбекстан Республикасының Конституциясында қандай жалпыадамилық құндылықтар нығайтылған?
2. Саяси плюрализм дегені не?
3. Өзбекстан Республикасының Конституциясына сәйкес мемлекетте бір мемлекет идеологиясының енгізілуі неліктен бекітілген?

3-§. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ

Тақырып бойынша жұмыс істеу нәтижесінде:

– мемлекет егеменділігі не екендігін;
– мемлекет егеменділігі тән алынғандығы қаншалық маңызды екендігін;

– демократия мәнін;

– демократиялық принциптер маңызын біліп аласың.

1. Мемлекет егеменділігі.

2. Өзбекстан Республикасы – Тәуелсіз егемен мемлекет.

3. Демократия – халық әкімшілігі.

4. Конституциялық құрылым принциптері.

1. МЕМЛЕКЕТ ЕГЕМЕНДІГІ

Егемендік (французша «*souverainete*») – мемлекеттің өз ішкі жұмыстарында және сыртқы қатынастарында басқа мемлекеттерден тәуелсіздігі.



Тапсырма

Сенің ойыңша, қазіргі заманда дүниедегі басқа мемлекеттерден бұтіндей тәуелсіз мемлекет болуы мүмкін бе? Басқаша айтқанда, бір мемлекет толық тәуелсіз мемлекетке ие болуы мүмкін бе?



Негізгі заң белгілейді

Өзбекстан – егеменді демократиялық республика. Мемлекеттің «Өзбекстан Республикасы» және «Өзбекстан» деген аттары бір мағынаны білдіреді.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 1-бап.

Мемлекет егемендігі билікті жүзеге асыруда, бұл жөнінде болатын дiргiрлiктердi шешуде тек қана мемлекет ішінде ғана емес, сондай-ақ сыртында да басқа мемлекеттерден толық тәуелсіздікті білдіреді.



Есте сақта!

Егемендік – мемлекет ішінде әкімшіліктің толық жоғарылығы және сыртқы саясатта тәуелсіздігі, оның аумағында мемлекет заң шығарушы, атқарушы және сот әкімшілігінің толымдылығы.

2. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ – ТӘУЕЛСІЗ ЕГЕМЕНДІ МЕМЛЕКЕТ

Мемлекетті белгілейтін жақтарының бірі оның мемлекеттік егемендігі боп саналады. Мемлекет егемендігінің төмендегі негізгі принциптері бар:


- мемлекет аумағы және шекараларының дербестігі мен бөлінбеуі;
- тәуелсіз ішкі және сыртқы саясат;
- халықаралық құқықтың негізгі принциптерін тән алу және құрметтеу;
- мемлекеттік тіл өзбек тілі екендігі;
- өз өркендеу жолын, мемлекеттік рәміздерін таңдаудағы тәуелсіздік және тағы басқалар.

1991 жылы 31 тамызда Өзбекстан КСР Жоғары Кеңесінің кезектен тыс VII сессиясында Республикамыз тәуелсіз мемлекет деп жарияланды. Осы сессияда **«Өзбекстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі негіздері туралы»** Заң қабылданды. Ол Өзбекстан Республикасының Конституциясы қабылданған 1992 жылы 8 желтоқсанға дейін негізгі заң рөлін атқарып келді.



1991 жылы 29 желтоқсанда алғаш рет балама негізінде Өзбекстан Республикасы Президенті сайлауы болып өтті.

1991 жылы 18 қарашада «Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік туы туралы» Заң, 1992 жылы 2 шілдеде – «Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы туралы» Заң, 1992 жылы 10 желтоқсанда – «Өзбекстан Республикасының Мемлекет әнұраны туралы» Заң қабылданды.



Негізгі заң белгілейді

Өзбекстан Республикасы өзінің ұлттық-мемлекет және әкімшілік-аумақтық құрылысын, мемлекет әкімшілігі және басқару мекемелерінің жүйесін белгілейді, ішкі және сыртқы жүйесін іске асырады.

Өзбекстанның шекарасы мен аумағы дербес және бөлінбейтін.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 3-бап.

Мемлекет тәуелсіздігіне қол жеткізуі Өзбекстанға тәуелсіз өркендеу жолына адым басуына, дүниежүзілік қауымдастыққа халықаралық қатынастардың толық құқықты субъекті ретінде кіруіне мүмкіндік берді.

3. ДЕМОКРАТИЯ – ХАЛЫҚ ӘКІМШІЛІГІ

Халық әкімшілігі принципі мемлекетіміздің Негізгі заңында сипатталып, онда халық мемлекет әкімшілігінің жалғыз бір қоры екендігі атап өтілген.



Негізгі заң белгілейді

Халық мемлекеті әкімшілігінің бірегей қоры.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 7-бабынан.

«Халық әкімшілігі» атауы грек тіліндегі «демократия» (*demos* – халық, *kratos* – әкімшілік) сөзінің тікелей аудармасы. Бұл ұғым алғаш Ежелгі Грецияда пайда болып, бүтін әлемге кең таралды.

Демократия – бұл:

- сайлап қойылатын әкімшілік мекемелерінде қатысу;
- азаматтардың мемлекетті басқаруда қатысуы;
- баршаның және әркімнің заң алдында теңдігі ;
- қоғам мен адам қауіпсіздігі;
- азаматтардың құқық пен еркіндіктерінің толымдылығы;
- адамның тыныш өмірі мен мүдделері жөнінде мемлекеттің қамқорлығы;
- адамның құқық пен еркіндіктерінің қорғалуының кепілдік берілген механизмінің бар екендігі.

Өз тарихы барысында адамзат демократияның екі формасын жасаған:

- **тікелей, төте демократия.** Мұнда халық мемлекет жұмыстарын өкілдерсіз өзі шешеді (сайлау, референдум, азаматтардың жүгінуі, заң жобаларын талқылауы және басқалар арқылы);
- **жанана, яғни өкілдік демократия.** Мұнда халық егемен құқықтарынан пайдаланып өзі сайлап қойған өкілдері (депутаттар мен сенаторлар) арқылы мемлекет істерін жүзеге асырады.



ХАЛЫҚ ӘКІМШІЛІГІ

Тікелей демократия

Жанама демократия

Мемлекет көлеміндегі ділгірліктерді шешуде халықтың тікелей қатысуы **референдумда**, яғни мемлекет саяси өмірінің ең маңызды мәселелері бойынша өткізілетін жалпыхалықтық талқылауында және тікелей дауыс беруде қатысуы арқылы көрінеді.

Халықтың атынан тек олар сайлаған Президент, Олий Мажлис депутаттары мен сенаторлар жұмыс жүргізуіне болады.



Негізгі заң белгілейді

Қоғам және мемлекет өмірінің ең маңызды мәселелері халық талқылауына ұсынылады, жалпы дауысқа (референдумға) қойылады. Референдум өткізу тәртібі заңмен белгіленеді.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 9-бап.

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ХАЛЫҚ ӘКІМШІЛІГІ ФОРМАЛАРЫ

Референдум

Сайлау

Заң жобаларының талқылауы

Мемлекет мекемелеріне шағым және өтініштермен жеке тәртіпте және ұжым болып жүгіну

Азаматтардың мемлекет және қоғам өмірінде қатысуы

Мемлекет қаулы қабылдауы үшін қоғам пікірін білуі қажет болғанда Конституция, заңдардың жобалары жалпыхалықтық талқылауына қойылуы, яғни референдум өткізуіне болады. Жалпыхалықтық референдумы бүкіл мемлекет көлемінде немесе жергілікті аумақта өткізілуіне болады. Мысалы, 2002 жылы 27 қаңтарда Өзбекстан Республикасында референдум өткізіліп, онда кезектегі шақыруда Өзбекстан Республикасының екі палаталы

парламентін сайлау туралы мәселе шешілді. Референдумда қатысқан азаматтардың көпшілігі бұл мәселеге оңтайлы жауап берді. Осылайша Өзбекстан Республикасында екі палаталы парламент түзілген.

4. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМ ПРИНЦИПТЕРІ

Демократиялық мемлекеттің ең маңызды конституциялық принциптерінің бірі **әкімшіліктің бөліну принципі** (Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 11-бап).

Осы принципке сәйкес мемлекет әкімшілігі заңдылық, атқарушы және сот әкімшілігі мекемелеріне бөлінеді.

Мұнда әрбір әкімшілік тармағы әкімшілік өкілдіктері шеңберінен шетке шығуы және пайдалануы мүмкіндігіне жол бермеген күйде басқасын тиып тұруы үшін қажет. Әкімшіліктің ешқайсысы басқасының қызметіне араласпауы керек. Бұл принциптің іс жүзіндегі көрінісі бір топ немесе жеке тұлға арқылы әкімшілік иелеп алуына жол бермеуіне бағытталған. Тек заңға мойынсұнуы шарт болған сот мекемелері қызметіне араласу жеке қауіп-қатер туғызады.



Негізгі заң белгілейді

Өзбекстан Республикасы мемлекет әкімшілігінің жүйесі – әкімшіліктің заң шығарушы, атқарушы және сот әкімшілігіне бөлінуі принципіне негізделеді.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 11-бап.





Қорытынды шығарамыз

Өзбекстан Республикасы Конституциясының негізгі принциптері:

- егемендік – мемлекеттің ішкі және сыртқы жұмыстарында тәуелсіздігі;
- халық әкімшілігі: референдум, сайлау, жиналыс және басқалар;
- демократия: тікелей (тура), жанама (өкілдік);
- әкімшіліктің бөлінуі: заң шығарушы, атқарушы және сот;
- мемлекет рәміздері: туы – 1991 жылы 18 қараша, елтаңбасы – 1992 жылы 2 шілде, әнұраны – 1992 жылы 10 қараша.
- **1991 жылы 29 желтоқсанда** Өзбекстан Президенті сайлауы баламалық негізінде болып өтті;
- Өзбекстан Республикасының Конституциясы **1992 жылы 8 желтоқсанда** қабылданған.



Өзіңді тексер!

1. Мемлекет егемендігі деген не?
2. Мемлекет егемендігі оның әкімшілігі шектелмегендігін білдіреді ме?
3. Мемлекет егемендігі адам құқықтарымен қалай үйлестіріледі ?
4. Демократияның мәні неде, ол қайсы формаларда іске асырылады?
5. Өзбекстан халқының атынан кім іс жүргізуі мүмкін?
6. Конституциялық принциптер дегенде нені түсіну керек?

4-§. ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚ

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ

Тақырып бойынша жұмыс істеу нәтижесінде:

- мемлекет сыртқы саясаты қызметі не екендігін;
- Өзбекстан мемлекеті тәуелсіздігіне қол жеткізуі сыртқы саяси байланыстарға қандай әсер еткендігін біліп аласың.

1. Мемлекеттің сыртқы саяси қызметі.

2. Өзбекстан Республикасы сыртқы саясатының негізгі принциптері.

1. МЕМЛЕКЕТТІҢ СЫРТҚЫ САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

Бүгін құқыққа байланысты аса маңызды тақырыптардың бірі, мемлекетіміздің сыртқы саясаты жөнінде әңгімелесеміз.



1-тапсырма

Оқулық параграфы материалдарынан пайдаланған күйде төмендегі тапсырмаларды орында:

1. Мемлекеттің сыртқы саясатына байланысты мысал келтір.

2. Өзбекстан Республикасы халықаралық қатынастарында толық құқықты субъект екендігін мысалдарда дәлелдеп бер.

Халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықта мемлекетіміз негізгі мақсаттары мен міндеттерін анық мысалдармен көрсет.



2-тапсырма

Өзбекстан Республикасының Президенті Ш.Мирзиёевтің оқулықта келтірген сөздерінен бірін тандап, мемлекетіміздің сыртқы саясатына көзқарасыңды білдір.

Төмендегі қатарларды жалғастырып, өз пікіріңді білдір:

Менің ойымша, ...

Мұны осылайша дәлелдей аламын, яғни ...

Бұдан осылай қорытынды шығардым, яғни...



1. «Мемлекетіміздің тиянақты позициясы алдыңғыдай өзгермейді, кез келген әскери-саяси блоктарға қосылмау, Өзбекстан аумағында басқа мемлекеттер әскери базалары мен объектілерін орналастыруға, сондай-ақ, мемлекетімізден тыста әскери қызметкерлеріміз болып тұруына жол бермеу болып жатыр».

2. «Жақын көршілеріміз болған Түрікменстан, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстанмен қарым-қатынастарда жариялылық, тілектестік және прагматикалық саясат жүргізуге адал болып қаламыз».

3. «ТМД мемлекеттерімен қатынастарды дамытуға, стратегиялық ынтымақтастық туралы келісім-шарт, одақтастық келісім-шарты және басқа маңызды бітімдер негізінде Ресей Федерациясымен достық байланыстарды жан-жақты нығайтуға ерекше орын бөлінеді. Бұл құжаттаре әр екі мемлекет мүдделеріне жауап береді және аймақта тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтуға қызмет етеді».

4. «Жағдайды ізден шығаруды қалайтын, алауыздық, дұшпандық, апат ұрығын шашатын, тіпті қан төгуді қалайтын күштер бар екендігі сыр емес. Тынышсыз дәуірде және тынышсыз аумақта өмір сүріп келе жатқанымызды тікелей және ашық тән алуымыз керек».

5. «Отанымыз сенімді қорғалуын, оның қорғаныс беделін нығайтуды, мемлекет шекаралары дербестігін қамтамасыз етуіне кепілдік беруші шаралар кешенін іске асыруды жалғастыру қажет. Ішкі және сыртқы күштердің мемлекетіміз егемендігі және тәуелсіздігіне кез келген жауыздық қатаңдықпен жойылады».

Сыртқы саясат – өз шекараларынан сыртта халықаралық өмірде қатысқан күйде мемлекеттің басқа мемлекеттер, халықаралық ұйымдармен қатынастарын, мемлекеттің халықаралық қатынастардағы жалпы саясатын жүзеге асырудан құралған қызметі.



Есте сақта!

Халықаралық құқық – халықаралық қатынасу барысында мемлекетаралық және халықаралық ұйымдармен қатынастарын ретке келтіріп тұратын заң ережелері кешені.

Басқа мемлекеттермен өзара қарым-қатынастардағы өз құқық және борыштарын сырттан ешқандай қысымсыз жүзеге асыруға күші жеткен тәуелсіз мемлекет қана халықаралық қатынастар субъектіне айналуы мүмкін. Халықаралық құқық субъекті бір мемлекеттің басқа бір мемлекетке билігін тән алмайды. Мұндай мемлекет өзінің ішкі және сыртқы саясатын жүзеге асыру бойынша тәуелсіз болады.



Негізгі заң белгілейді

Өзбекстан Республикасы халықаралық қатынастарының толық құқықты субъекті.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 17-баптан.

Бүкіл адамзат тарихында ғаламшарымызда 15 мыңнан астам соғыстар болып өткен. Оларда 3,5 млрд. шамасында адам қаза тапқан. Сондықтан да адамдар әрқашан да пайда болған ділгірліктерді бейбіт жолмен шешу жөнінде ойлаған. Екінші дүниежүзілік соғысы (1939–1945 жылдар) аяқталған соң бейбітшілікті және қауіпсіздікті қолдап-қуаттау және сақтау мақсатында 1945 жылы 24 қазанда Сан-Франциско (АҚШ) қаласында 51 мемлекет өкілдері Бейбітшілік Конституциясы деп есептеуге құқықты Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) Жарғысына қол қойған еді.

Бүгінгі таңда 193 мемлекет, оның ішінде, Өзбекстан БҰҰ мүшесі. Өзбекстан 1992 жылы 2 наурызда БҰҰ-ның толық құқықты мүшесі болған.

Барлық мемлекеттер – БҰҰ қатысушылары өз қызметтерінде төмендегі принциптерді сақтау міндетін алады:

- халықаралық нормалар мен келісім-шарттарды сақтау;
- келіспеушіліктерді бейбіт жолмен ретке салу;
- күшпен қауіп төндіру немесе оны қолданудан өзін тыю;
- ішкі істерге және ынтымақтастық жұмыстарына араласпау.

Тәуелсіздік жарияланған бастапқы күндерден-ақ Өзбекстан Республикасы дүние қоғамдастығына кіру жолын таңдады:

Оның ішінде, 1993 жылы 26 ақпанда мемлекетіміз ЕҚЫҰ (Еуропа қауіпсіздік және ынтымақтастық бойынша халықаралық ұйымға);

– 1993 жылы 29 қазанда – Біріккен Ұлттар ұйымының Білім беру, ғылым және мәдениетке маманданған мекемесі – ЮНЕСКО-ға;

– 1995 жылы 22 желтоқсанда БҰҰ-ның ЮНИСЕФ Халықаралық Төтенше балалар қорына;

– 2001 жылы 15 маусымда ШЫҰ (Шанхай ынтымақтастық ұйымына) және басқа ұйымдарға қабылданды.

Өзбекстан ТМД мемлекеттері, Еуропа Одағы, Халықаралық валюта қоры, Дүниежүзілік банкі, Азия Өркендеу банкі (АӨБ) және Ислам



ынтымақтастық Ұйымы (ИЫҰ) және басқа халықаралық ұйымдармен белсенді ынтымақтастық жүргізді.

Қазіргі күнде дүниенің 146-дан астам мемлекеті Өзбекстанды Тәуелсіз мемлекет ретінде тән алған. Сөйтіп, мемлекет әлем қауымдастығында халықаралық құқық субъекті ретінде өзінің лайықты орнын иеледі.

2. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ

Мемлекеттің негізгі заңында нығайтылған сыртқы саясат принциптері (17-бап) қатарына төмендегілер кіреді:

- мемлекеттердің егемен теңдігі принципі, яғни басқа мемлекеттер егемендігін құрметтеу міндеті;
 - күш қауіп төндірмеу принципі;
 - шекаралардың дербестігі принципі;
 - басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау принципі;
 - қарама-қайшылықтарды бейбіт жолмен шешу принципі,
- сондай-ақ, мемлекеттің, халықтың жоғары мүдделері, тыныштығы және қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында одақтар түзу, достастықтарға және басқа мемлекеттераралық құрылымдарға кіру және олардан бөлініп шығу принципі.





Негізгі заң белгілейді

Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштері Өзбекстан Республикасының мемлекет егемендігін және аумақтық бүтіндігін, халықтың бейбіт өмірі мен қауіпсіздігін қорғау үшін түзіледі.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 125-бабы.



Қорытындыларды шығарамыз

Өзбекстан Республикасының
сыртқы саясаты:

- халықаралық қатынастардың тең құқықты мүшесі;
- халықаралық нормативтер жоғарылығының тән алынуы;
- **сыртқы саясат принциптері:**
 - егемен теңдік;
 - мемлекеттің ішкі жұмыстарына араласпау;
 - күш жұмсамау немесе күшпен қауіп төндірмеу;
 - қарама-қайшылықтарды бейбіт жолмен шешу;
 - шекаралардың дербестігі;
 - одақтар түзу және олардан бөлініп шығу;
- 1991 жыл – ТМД; 1992 жыл – БҰҰ; 1993 жыл – ЮНЕСКО; 1995 жылы – ЮНИСЕФ; 2001 жылы – ШХҰ.
- Өзбекстан Республикасының мемлекет тәуелсіздігін 146 мемлекет тән алды.



Өзіңді тексер!

1. Мемлекеттің сыртқы саяси қызметі қоғам өмірінің қайсы саласында және қандай мақсаттарда жүзеге асырылады?
2. Қандай мемлекет халықаралық қатынастарының толық құқықты субъекті боп саналады?
3. Өзбекстан Республикасы қайсы халықаралық ұйымдар жұмысында қатысып жатыр?

АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ ҮШІН СҰРАҚТАР

Қиналғанда жақша ішінде көрсетілген оқулық беттеріне жүгінуге болады.

1. Латыншадан аударғанда «конституция» төмендегі мағынаны білдіреді? (5-б.)
2. Конституция нені белгілеп береді? (5-б.)
3. Өзбекстан Республикасы Конституциясы негізгі мазмұнын атап өт (6-б.)
4. Конституция конституциялық құқықтан несімен өзгешеленеді? б
5. Құқық дегені не? (7-б.)
6. Мемлекетте құқық-насихаттау қалай қамтамасыз етіледі? (7-б.)
7. Құқықты қарым-қатынастарды жетік тәртіпке салып тұру үшін Конституция қайсы тармақтарға бағытталады? (8-б.)
8. Конституциялық құқық неге құқықтың жетекші тармағы болып саналады? (8-б.)
9. Қайсы құқықтық нормалар конституциялық құқықтың қорлары қатарына кіреді? (9-б.)
10. Өзбекстан Республикасы Конституциясының негізгі принциптерін атап өт. (10-б.)
11. Өзбекстан Республикасының ісжүзіндегі Конституциясы қашан қабылданған? (12-б.)
12. Өзбекстан Республикасы Конституциясы Кіріспе сөзінің негізгі мақсатын айт. (13–14-б.)
13. Мемлекеттің ішкі және сыртқы қатынастарында басқа мемлекеттердің тәуелсіздігі қалай аталады? (18-б.)
14. Мемлекет егемендігі белгілерін атап өт . (18-б.)
15. «Өзбекстан Республикасы Мемлекет туы туралы» Заң қашан қабылданған? (20-б.)
16. «Өзбекстан Республикасы Мемлекет елтаңбасы туралы» Заң қашан қабылданған? (20-б.)
17. «Өзбекстан Республикасы Мемлекет әнұраны туралы» Заң қашан қабылданған? (20-б.)
18. Референдум деген не? (22-б.)
19. Өзбекстан Республикасы аса маңызды конституциялық принциптерді атап өт. (23-б.)
20. Өзбекстан Республикасының Мемлекет әкімшілігі жүйесі қайсы принциптерге негізделген? (23-б.)
21. Өзбекстан халық атынан кім іс жүргізуіне болады? (24-б.)
22. Халықаралық құқық субъекті болуы нені білдіреді? (27-б.)
23. Біріккен Ұлттар ұйымына мүше мемлекеттер өз әрекеттерінде сақтау міндетін алған принциптерді атап өт. (28-б.)
24. Өзбекстан Республикасы сыртқы саясаты негізгі принциптерін атап өт. (29-б.)
25. Өзбекстан Республикасында Қарулы күштер қандай мақсаттарда түзілген және нығайтылуда? (30-б.)
26. Өзбекстан Республикасы қайсы халықаралық ұйымдар ішінде қатысып жатыр? (28-б.)
27. Өзбекстан тәуелсіздігін қазіргі күнде қанша мемлекет тән алған? (29-б.)

II бөлім

АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰҚЫҚТАРЫ, ЕРКІНДІКТЕРІ МЕН БОРЫШТАРЫ

Өзбекстан Республикасында барша азаматтар бірдей құқық пен еркіндіктерге ие болып, жынысы, тегі, ұлты, тілі, діні, әлеуметтік келіп шығуы, сенімі, тұлғасы және әлеуметтік беделіне тәуелсіз, заң алдында тең.

**Өзбекстан Республикасының Конституциясы,
18-баптан.**

5-§. АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЕРКІНДІКТЕРІ

Тақырып бойынша жұмыс істеу нәтижесінде:

– адам және азаматтар қандай құқық және еркіндіктерге ие екендігін;
– Өзбекстан Республикасында мемлекет пен азаматтар арасындағы өзара байланыстар жөнінде біліп аласың.

1. Адам және мемлекет: олар өзара қалай байланысқан?
2. Әкімшілік деген не?
3. Адам және азаматтардың негізгі құқықтары мен еркіндіктері.

1. АДАМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ: ОЛАР ӨЗАРА ҚАЛАЙ БАЙЛАНЫСҚАН?

Тарихта адам өз құқықтары үшін күреспеген дәуір болмаған. Адамдардың өз құқықтары үшін күресі үдерісінде оның лайықты өмір сүруіне құқықы жақталған көптеген идеялар, теориялар мен білімдер қалыптасты және дамыды.

Ояну дәуірінің ойшылдары Шығыстың атышулы құқықтанушыларының бірі Имам Бурханиддин ал-Марғинонидің әрбір адамның табиғи құқықтарға, ол сол мемлекеттің азаматы екендігі немесе азаматы еместігіне қарамай, сақталуын заңдастыру және қамтамасыз

ету қажеттігі жөнінде идеяны жақтады. Тап сол кезден бастап мемлекетке мүлдем басқаша – тұлға құқықтарын бұзушы институт (ұйым) ретінде емес, сондай-ақ оның адам және қоғам мүдделеріне қызмет етуі көзқарасында қарастырылып жатыр.



Негізгі заң белгілейді

Өзбекстан Республикасында демократия жалпыадамилық принциптеріне негізделеді, олар бойынша адам, оның өмірі, еркіндігі, намысы, қадірі мен құны және басқа дербес құқықтары жоғары құндылық боп саналады.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 13-баптан.

Адам құқықтарына Өзбекстан Республикасы Конституциясының II бөлімі арналып, бұл бөлім «Адам және азаматтардың негізгі құқықтары, еркіндіктері мен борыштары» деп аталады (18–52-баптар).


Сөйтіп, Конституциямызда адамның құқық пен еркіндіктерін тән алу, оларды сақтау және қорғау – мемлекеттің міндеті, деген ереже нығайтылып қойылған.

2. ӘКІМШІЛІК ДЕГЕНІ НЕ?

Әкімшілік – бұл адамдар, материалдық объектілер, құқықтарды басқару, бұйрық беру мүмкіндігі. Ол бедел, сөз, іс-әрекет, сондай -ақ, мәжбүрлеу арқылы жүзеге асырылады.

Өзбекстан Республикасы Конституциясының 7-бабында халық мемлекет әкімшілігінің жалғыз қоры екендігі жөнінде ереже нығайтылып қойылған. Өзбекстанда мемлекет әкімшілігі халық мүдделері негізінде және тек Өзбекстан Республикасы Конституциясымен өкіл етілген мекемелер және Конституция негізінде қабылданған заңдылықпен жүзеге асырылады.

Конституцияда көрсетілмеген тәртіпте әкімшілік мекемелері қызметін тоқтату немесе жоққа шығару, мемлекет әкімшілігі өкілдігін беру, жаңа және әкімшіліктің параллель құрылымын түзу Конституцияға қайшы есептелінеді және заң бойынша жауапкершілікке тартылады.



3. АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰҚЫҚТАРЫ, ЕРКІНДІКТЕРІ МЕН БОРЫШТАРЫ

Конституцияның II бөлімі толық адам және азаматтардың негізгі құқықтары, еркіндіктері мен борыштарына арналған. Өз мазмұны бойынша әрбір адам және азамат құқықтары бір-біріне сай келеді, бірақ азаматтыққа ие болған тұлғалардың құқықтары мен азаматтыққа ие болмаған тұлғалар құқықтары бір-бірінен көлемі жағынан өзгешеленеді. Азаматтыққа ие болған тұлғалардың құқықтарының көлемі мемлекет мекемелеріне сайлау және сайлану, мемлекет кеңселерінде жауапты лауазымдарда жұмыс істеу құқығына, осы мемлекет армиясында қызмет ету борышына ие болмаған тұлғаларға қарағанда үлкен.

Мемлекет азаматтардың Негізгі заңда көрсетілген құқық және еркіндіктеріне кепілдік беру жөнінде ереже Конституцияда нығайтып қойылған.

АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЕРКІНДІКТЕРІ

Жеке

Саяси

Экономикалық және әлеуметтік

Жеке құқық пен еркіндіктер
(Өзбекстан Республикасы
Конституциясының 24–31-баптары):

өмір сүру;

еркіндік, сотта қорғау және жеке дербестік;

намысы мен абыройына тию, жеке өміріне араласуынан қорғалу және тұрар жер дербестігі құқықы;

бір жерден екінші жерге көшу және тұратын жерін таңдап алу еркіндігі;

пікірлеу, сөз және дін еркіндігі;

азаматтың құқық және мүдделеріне тиісті болған құжаттар, қаулылар және басқа материалдармен танысу;

ождан және діни сенім еркіндігі.

Саяси құқықтар

(Өзбекстан Республикасы
Конституциясының 32–35-баптары):

ұжым және мемлекет істерін басқаруда қатысу құқықы;

Өзбекстан Республикасының заңдылығына сәйкес, митингілер, тыныш жиындар және ереуілдер қалпында өз белсенділігін көрсету құқықы;

мемлекет әкімшілігінің өкілдік мекемелеріне сайлау және сайлану құқықы;

кәсіби одақтар, саяси партиялар және басқа қоғамдық бірлестіктерге бірігу, бұқаралық қозғалыстарда қатысу құқықы;

мемлекет мекемелері, мекемелері және халық өкілдігіне шағымдар, өтініштер және шағымдармен жүгіну құқықы.

Экономикалық және әлеуметтік құқықтар (Өзбекстан Республикасы Конституциясының 36–42-баптары):

жеке мүлік иесі болу құқықы;

еңбек ету жағдайына ие болу және жұмыссыздықтан қорғалу құқықы, қызмет және мамандық таңдау еркіндігі;

жасына қарай (зейнетақы), еңбекке жарамдылығын жоғалтқанда, сондай-ақ, бағушысынан мақрұм болғанда әлеуметтік қамтамасыз ету құқықы;

заңмен тыйым салынбаған экономикалық қызмет құқықы;

төленетін демалу құқықы;

білімді медициналық көмектен пайдалану құқықы.

Мәдени құқықтар (Өзбекстан Республикасы Конституциясының 41–42-баптары):

білім алу құқықы, тегін жалпы білім алуға кепілдік берілген;

ғылыми және техникалық шығармашылық еркіндігі құқықы;

мәдениет жетістіктерінен пайдалану құқықы.



Азаматтардың барлық құқық пен еркіндіктері **Өзбекстан Республикасы Конституциясының 18–46-баптарында нығайтып қойылған және олар жеке, саяси, экономикалық және әлеуметтік мәдени құқықтарға бөлінеді.**



1-тапсырма

Сенің ойыңша, өзімізді еркін және тәуелсіз адам деп сезінуіміз үшін біз қандай құқық пен еркіндіктерге ие болуымыз керек?

Кез келген мемлекет халқы тек қана сол мемлекет азаматтарынан, сонымен қатар түрлі себептер бойынша мұнда уақытынша жасап тұрған немесе тұрақты жасап жатқан кісілер болып табылады. Шетелдік азаматтар немесе өзінің шет мемлекеттен екендігін дәлелдей алмаған азаматтығы болмаған тұлғалар (**апатридтер**) осылар қатарына кіргізіледі. Бұл тұлғалар азаматтыққа ие болмаса да, олар да халықаралық және ұлттық құжаттарда нығайтып қойылған барлық құқықтардан пайдаланады.

Өзбекстанның негізгі заңы барлық азаматтардың бір түрдегі құқықтары мен еркіндіктерін, заң алдында олардың теңдігін нығайтып қойған. Бұл құқықтар Конституцияда дербес, яғни ешкім мақрұм етуге құқықты болмаған құқықтар ретінде сипатталған.



2-тапсырма

Бір кісінің құқықтары басқа бір кісінің құқықтары басталатын нүктеде шектеледі, деген пікірге қосыласың ба? Өз пікіріңді негіздеу бойынша дәлелдік мысалдар келтір.



3-тапсырма

Пантомима (сөзсіз іс-әрекет) арқылы адам құқықтарының бұзылуын көрсетіп бер және мұнда тап қандай құқықтар бұзылғандығын сыныптағылар айтып беруін сұра.



Есте сақта!

Еркіндік (құқықта) – мемлекет тән алған, Конституция немесе басқа заңдылық құжаттарында нығайтып қойылған тұлғаның кез келген әлеуметтік құқықы, адамның белгілі мінез-құлқындағы мүмкіндіктері (мысалы, сөз еркіндігі, еркіндік пен жеке дербестік, пікір, сөз және нанымдық еркіндігі, ождан еркіндігі және басқалар).

Гендер тендігі – өркендеген мемлекеттердің адам – ер немесе әйел бір түрдегі әлеуметтік құқықтар мен мүмкіндіктерге ие екендігін тән алушы конвенция.



Негізгі заң белгілейді

Өзбекстан Республикасы азаматы мен мемлекет бір-біріне деген құқықтары және борыштарымен өзара байланысты. Азаматтардың Конституция мен заңдарда нығайтып қойылған құқық пен еркіндіктерінің дербестігі, олардан сот қаулысынсыз мақрұм етуге немесе оларды шектеп қоюға ешкім құқықты емес.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 19-бап.



Қорытындыларды шығарамыз

Адам және азаматтың негізгі құқықтары мен еркіндіктері:

- мемлекеттің міндеті – әрбір адамның құқық және еркіндіктерін қамтамасыз ету;
- адам құқықтары туралы халықаралық құжаттар;
- гендер тендігі;
- негізгі құқықтар: жеке, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени.



Өзіңді тексер!

1. Неліктен барлық замандарда адам көңілдегідей құқық пен еркіндіктерін қол жеткізуге ұмтылып келген?
2. Адам құқықтарына байланысты барлық маңызды халықаралық және ұлттық құжаттарында адам не үшін ең жоғары құндылық деп тән алынады?
3. Адам қоғамда өмір сүріп, еш шектелмеген еркіндіктен пайдалана алады ма?
4. Өзбекстан Республикасы азаматтары негізгі құқықтары, еркіндіктері мен борыштарын атап өт.

6–7-§§. ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚ АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЕРКІНДІКТЕРІ

Тақырып бойынша жұмыс істеу нәтижесінде:

– Өзбекстан Республикасының Конституциясына негізінен адам мен азаматтар қандай жеке құқық пен еркіндіктерге ие екендігін біліп аласың.

1. Жасау құқықы.
2. Сотта қорғалу және жеке дербестік құқықы.
3. Намысы, абыройы және жеке өміріне қастандық жасаудан қорғалу құқықы.
4. Тұрар жер дербестігі құқықы.
5. Бір жерден екінші жерге көшу және жасау орнын еркін таңдау құқықы.
6. Пікір, сөз және сенім еркіндігі.
7. Ождан және діни наным еркіндігі құқықы.

Адам құқықтары – мемлекет заңдарында нығайтып қойылған құқықтар болып, мемлекетте әрбір азамат құқық пен еркіндіктерін қамтамасыз етеді.

Сол үшін заңмен белгіленген жағдайда құқықтар деп, басқа жағдайда еркіндіктер деп жүргізіледі. Мұнда іс-әрекеттерді таңдауда кең еркіндікті ұсыну арқылы құқық олардан пайдаланудың анық шекарасын да белгілеп беретіндігін есте сақтау керек.



1-тапсырма

Өзінді мемлекеттің негізгі заңы Конституцияны дайындау бойынша жұмыс тобы құрамына енгізілген деп көз алдыға елестет.

Қайсы жеке құқық пен еркіндіктерді осы жобаға кіргізген болар едің?

Тізім жаса және олардың ең маңыздыларын белгіле.

Есіңде болсын, сенің мемлекетің демократиялық мемлекет болуы үшін ұмтылуың керек.

1. ЖАСАУ ҚҰҚЫҚЫ

Мемлекетте демократияның бар екендігін анықтайтын адамның ең маңызды жеке құқықы – бұл жасау құқықы.



Негізгі заң белгілейді

Жасау құқықы әрбір адамның байланыстырушы құқықы. Адам өміріне қастандық жасау ең ауыр қылмыс.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 24-бап.



Мемлекет және қоғамның негізгі борышы – осы құқықтың қол астындағы барлық құралдармен кепілдік жасау. Бұл құқықты іске асыру мемлекет пен қоғам демократиялық дамуының маңызды шарты – салауатты өмір сүру құқықы, қалыпты өмір сүру жағдайы және басқалармен тығыз байланысты. Мемлекет оны төмендегі міндеттерді орындауда кепілдік береді:

Мемлекеттің жасау құқықын қамтамасыз ету кепілдіктері:

халықаралық трагедияларды шешу құралы ретінде соғыстан және онда қатысудан бас тарту;

қоршаған ортаны қорғау;

құрал-жараққа ие болу және оны қолданудың жеке тәртібін белгілеу;

ашық және кәсіпқой медициналық көмек алу мүмкіндігін алу.



Нормативтік құжат!

Өзбекстан Республикасы Президентінің «Өзбекстан Республикасында өлім жазасын жоққа шығару туралы» 2005 жылғы 1 тамыздағы Жарлығына сәйкес адамның дүниежүзілік қауымдастық тән алған жасау құқықы принциптері, нормалары және Өзбекстан Республикасының Конституциясы ережелерінен келіп шыққан күйде, сондай-ақ, жауапты қылмыскерлікті либералдастыру бойынша анық шараларды іске асыру мақсатында: «2008 жылы 1 қаңтардан Өзбекстан Республикасында қылмыстық жаза ретінде өлім жазасы жоққа шығарылсын және оның орнына өмірбақи түрмеде немесе ұзақ мерзімде бостандықтан мақрұм ету жазасы енгізілсін», – деп белгілеп қойылған.

2. СОТТА ҚОРҒАЛУ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ДЕРБЕСТІК ҚҰҚЫҚЫ

Бұл адамның әрбір жағдайда өз қалауы бойынша жұмыс жүргізу құқықы. Мұнда мемлекет мекемелері мен жеке тұлғалар жағынан оның құқықтарын заңға қайшы түрде шектеуге жол қойылмайды.

Мысалы, тек судьяның санкциясы (рұқсатнамасы) тұтқынға алу және онда сақтау үшін негіз болуы мүмкін.



Негізгі заң белгілейді

Қылмыс жасалғанында айыпталып жатқан әрбір тұлғаның ісі сотта заңды тәртіпте, жариялы түрде көріліп шығып, оның айыбы анықталғанша ол айыпты есептелмейді. Сотта айыпталып жатқан тұлғаға өзін қорғау үшін барлық жағдайлар қамтамасыз етіп беріледі.

Өзбекстан Республикасы Конституциясы, 26-баптан.

3. НАМЫСЫ, АБЫРОЙЫНА ОЗБЫРЛЫҚ ЖАСАУ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ӨМІРІНЕ АРАЛАСУЫНАН ҚОРҒАЛУ ҚҰҚЫҚЫ

«Жеке өмір» дейілгенде ерекшелік ретінде сол кісіге тиісті заңға қайшы түрде жарияланған жағдайда адамға рухани зиян жеткізілуі мүмкін болған жазбалар, телефон арқылы тілдесулер, телеграф

арқылы және басқа түрлі хабарламалар, дәрігерлік сипаттамасындағы мәліметтер және басқа мәліметтер түсініледі.

Тұлғаның қадір-құндылығы құқықы мемлекет адам үшін оның қадір-құндылығы мен ар-намысын кемсітпейтін жағдайлар жасап беруін қажет етеді. Ешкім қиналуы, зорлыққа, аяусыз немесе қадір-құндылығын қорлауына душар етпеуі керек.

4. ТҰРАР ЖЕР ДЕРБЕСТІГІ ҚҰҚЫҚЫ

Өзбекстан Республикасының Конституциясында (27-бап) көзде тұтылғанындай, мемлекет мекемелері бұл құқықтарға араласуы мүмкін емес. Бірақ, мемлекет, қоғам қауіпсіздігі, қоғам тәртібі, халық денсаулығын сақтау немесе басқа тұлғалардың құқықтары және еркіндіктері көзқарасында заңда белгіленген жағдайлар бұған жатпайды.

Азамат заңды негізде тұрақты және уақытшалық жасау жері ретінде иелеп тұрған кез келген ғимарат тұратын орынға жатады.



Негізгі заң белгілейді

Ешкім заң назарда тұтқан жағдайлардан және тәртіптен тыс біреудің тұрғын жеріне кіруі, тінту өткізуі немесе оны тексеруі, жазбалар мен телефонда тілдесулер сырын жариялауы мүмкін емес.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 27-баптан.



2-тапсырма

Азамат М.-ның пәтеріне жоғары қабаттағы көршісі су тасытып жібергендігі себепті су ағып түсті. Көп су тасымағандығы үшін ол дәл тұрғын жер дербестігі негізінде жөндеуші ұстаны пәтеріне кіргізбеді.

Бұл жағдайда кім дұрыс істеді?



3-тапсырма

Суреттерге қарап, мұндай жағдайда адамның қандай құқықтары бұзылғандығын анықта. Әрбір суреттің астына нелер жазу керек екендігіне ұсыныс жаса.



5. БИР ЖЕРДЕН ЕКІНШІ ЖЕРГЕ КӨШУ ЖӘНЕ ТҰРАР ЖЕРІН ЕРКІН ТАҢДАУ ҚҰҚЫҚЫ

Бір жерден екінші жерге көшу және тұрар жерін еркін таңдау құқықы Өзбекстан аумағында заңды түрде болып тұрған әрбір адамға тиісті.



Негізгі заң белгілейді

Өзбекстан Республикасы азаматы республика аумағында бір жерден екінші жерге көшу, Өзбекстан Республикасына келу және одан шығып кету құқықына ие. Заңда белгіленген шектеулер оған кірмейді.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 28-бап.

6. ШКІРЛЕУ, СӨЗ ЖӘНЕ СЕНІМ ЕРКІНДІГІ ҚҰҚЫҚЫ

Адам пікірі мен сенімі оның іс-әрекеттері негізі болып табылады. Конституция пікір жүргізу және сөз еркіндігін қамтамасыз етуге кепілдік берумен бірге, қазіргі конституциялық жүйеге қарсы бағытталған кез келген ақпарат немесе мемлекет сыры болған мәліметтерді таратуға тыйым салады.



Есте сақта!

Сөз еркіндігі – өз идеялары мен пікірлерін тек ауызша ғана емес, сондай-ақ баспада, бейнелеу өнері шығармаларында, көркем әдебиетте және басқаларда да баян ету мүмкіндігі.



Негізгі заң белгілейді

Әркім пікірлеу, сөз және сенім еркіндігі құқығына ие. Әркім өзі қалаған ақпаратты іздеу, алу және оны тарату құқығына ие, іс жүзіндегі конституциялық құрылымға қарсы бағытталған ақпарат және заңмен белгіленген басқа шектеулер бұған кірмейді.

Пікірлеу және оны білдіру еркіндігі тек мемлекет құпиясы және басқа сырларға тиісті болған жағдайда ғана заңмен шектелуі мүмкін.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 29-бап.



7. ОЖДАН ЖӘНЕ ДІНИ НАНЫМ ЕРКІНДІГІ ҚҰҚЫҚЫ

Өзбекстанда өз дәлелін тапқан ождан еркіндігін құрметтеу халқымыздың терең рухани дәстүрлеріне жауап береді. Діннің мемлекеттендірілуі әркімнің дінге сенуі жеке ісі екендігіне мемлекеттің араласуын білдірген болар еді. Мемлекет және діни ұйым арасындағы қатынастар Өзбекстан Республикасының «Ождан еркіндігі мен діни ұйымдар туралы» Заңы негізінде басқарылады. Конституция діндарларға да, дүниелік тұрмыс салтын кешіретін кісілерге де мемлекет білім беру жүйесінің дүниежүзілік сипатта болуына кепілдік береді.



Негізгі заң белгілейді

Барша үшін ождан еркіндігіне кепілдік беріледі. Әрбір адам қалаған дініне сену немесе ешқандай дінге сенбеу құқықына ие. Діни көзқарастарды мәжбүри орнатуға жол қойылмайды.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 31-бап.



Есте сақта!

Дүниежүзілік мемлекет – ресми мемлекет діні болмаған және ешқандай дін ілімі мәжбүри саналмайтын мемлекет.

АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚ ПЕН ЕРКІНДІКТЕРІ

Жасау құқықы

Сотта қорғалу және жеке дербестік құқықы

Намысы, абыройы және жеке өміріне қастандық жасаудан қорғалу құқықы

Тұрар жер дербестігі құқықы

Бір жерден екінші жерге көшу және жасау орнын еркін таңдау құқықы

Пікір, сөз және сену еркіндігі

Ождан және діни наным еркіндігі құқықы



4-тапсырма

Сенің ойыңша, қайсы жағдайларда адамның жеке құқықтары бұзылған? Жүзеге келген ділгірлік шешімін ұсын.

1-жағдай.

Жасөспірімдер тобы ұрлық жасады. Бұл оқиға сотқа дейін мектеп Педагогикалық кеңесі мәжілісінде талқыланып, онда сол жасөспірімдер қылмыскерлер деп аталды. Сонымен бірге, мәжіліс қатысушылары оларды сот қатал жазалайды деп үміт білдірді.

Мұнда осы екі жақта қандай заң бұзушылық болған?

2-жағдай.

Жасөспірімдер тобы дәрігерлік институтының тәжірибе бөлмесінен күшік ұрлады. Оқиғаны тексеру барысында, тәжірибе өткізілген соң күшіктер бағылмауы және күтім жасалмағандығынан зарланып үруіне балалар оны аяп кеткендігі анықталды.

Құлық және заң көзқарасында жасөспірімдердің іс-әрекетін қалай бағалайсың?

3-жағдай.

Кәмелетке жетпегендердің ісі бойынша Комиссия жиынында ұрлық мәселесі бойынша талқылау жасалды. Сол кез инспектордың кабинетіне жәбірленуші баса көктеп кіріп келді де, ұрлық жасаған жасөспірімге көзі түскен соң, оған қарата тіл тигізіп қорлай бастады. Бірақ инспектор оны тоқтатты және тіл тигізіп қорлағандығы үшін жауапкерлікке тартылу мүмкіндігі жөнінде ескертті.

Сенің ойыңша, инспектор, жасөспірімнің айыбы анық болса да, неге оның намысына жаман сөздер айтылуын тоқтатты?

4-жағдай.

Өткен сабақта тоғызыншы сынып оқушылары спорт залында дене шынықтыру сабағында болғанында, жетінші сынып оқушылары олардың бөлмесінде өткізілген сабақта отырған еді. Сол сабақ кезінде өз ақшалары жоғалғанын сылтауратып, тоғызыншы сынып оқушылары жетінші сынып оқушыларын тінтіп шықты.

Тоғызыншы сынып оқушыларының іс-әрекеттері заңды ма? Осы іс-әрекеттерге баға бер.



5-тапсырма

Төмендегі жағдайлармен таныс. Төмендегі жағдайларда адамның қайсы жеке құқықтарына зиян жеткізілген?

- Сен конвертi ашып к рiлген хат алдың;
- мекемеден шығып кетiп жатқанда милиция қызметкерi сенен с мке iшiндегiлердi к рсетудi талап еттi;
- вакцинация (емдеу) кезiнде балаға гепатит вирусын жұқтырды;
- оқушы қыздың ақша тұрған қалтасы жоғалды және ол қасындағы парталасына: «Сен ұрлағансың, сен ұрысын», – деп айтты;
- кондуктор билет алудан бас тартқаны үшiн жолаушының намысына тиетiн с здердi айтты.



Қорытындыларды шығарамыз

Жеке құқық пен еркіндіктер:

- ▶ заң – тұлғаны қорғау үшiн;
- ▶ жасау құқықы;
- ▶ еркіндік және жеке дербестік;
- ▶ жеке және жанұялық өмірге араласпаушылық;
- ▶ тұрар жер дербестігі;
- ▶ қадір-құны мен абыройын қорғау;
- ▶ ождан және діни наным еркіндігі;
- ▶ зайырлы мемлекет.



Өзіңді тексер!

1. Өзбекстан Республикасының Конституциясында адам және азаматтардың қандай құқық пен еркіндіктері белгіленген?
2. Жасау құқықын іске асыру мемлекет үшiн нені білдіреді?
3. Адамның тұрар жер дербестігі құқықы нені білдіреді?
4. Жеке өмір дегені не, ол қалай қорғалуы керек?
5. Ождан және діни наным еркіндігі деген не?

8-§. ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚ

АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰҚЫҚТАРЫ

Тақырып бойынша жұмыс істеу нәтижесінде:

- адам өмірінде экономикалық және әлеуметтік құқықтардың маңызы, оларды қамтамасыз етуде мемлекеттің рөлі жөнінде;
- қоғамды өркендетуде еңбек және білімнің маңыздылығы жөнінде біліп аласың.

1. Адам құқықтарынан қайсы бірі ең маңыздысы?
2. Мүлік иесі болу құқығы, еңбек еркіндігі және қызмет түрін еркін таңдау құқығы, жұмыссыздықтан қорғалу құқығы.
3. Әлеуметтік қамтамасыз етілу құқығы.
4. Білімді медициналық қызметтен пайдалану құқығы.
5. Білім алу құқығы.
6. Техникалық шығармашылық құқығы, мәдениет жетістіктерінен пайдалану құқығы.

Адам және азаматтың негізгі құқық пен еркіндіктерінің жеке тобын экономикалық және әлеуметтік құқықтар құрайды. Олар төмендегілер:



1. АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНАН ЕҢ МАҢЫЗДЫСЫ ҚАЙСЫ БІРІ БОЛЫП САНАЛАДЫ?

Көз алдыңа елестет, Сен – Конституцияға енгізілуі қажет болған адам құқықтары жөніндегі пікірталастың қатысушысысың. Осы пікірталас қатысушыларының пікірлерін бағала және қорытынды шығар: қайсы құқықтар ең маңыздылары?



1-тапсырма

Бірінші (қатысушы): Мен Конституцияға тек жеке және саяси құқықтар енгізілуі қажет деп есептеймін. Бұлар – жасау құқықы, сөз, пікірлеу, ақпарат еркіндігі, ождан, бір жерден екінші жерге көшу еркіндігі. Біз қазірге дейін еңбек ету, білім алу құқықы, барша үшін тұрар жер секілді әлеуметтік-экономикалық құқықтарды қамтамасыз етуге күшіміз жетпейді. Егер біз бұл құқықтарды заңмен нығайтып қоюға әрекет етсек, онда үкімет азаматтық және саяси құқықтарға қажетті дәрежеде назар аудармайды..

Екінші: Мен бұл атап өтілген пікірді мақұлдамаймын. Ең алдымен, экономикалық құқықтар қамтамасыз етілуі қажет деп есептеймін. Адамдардың, жейтін ештеңесі болмаса, олардың жұмысы мен тұрар жері болмаса, қандай саяси еркіндіктер жөнінде сөйлеуге болады?

Үшінші: Бұлардың бәрі дұрыс, бірақ сен мемлекет баршаны жұмыспен қамтамасыз ете алады, деп есептейсің бе? Менімше, мұның мүмкіндігі жоқ.

Төртінші: Пікірімше, экономикалық құқықтарға кепілдік беру қиын. Бірақ үкімет кем қамтамасыз етілгендерге (зейнеткерлер, еңбекке жарамдылығын жоғалтқандар және басқаларға) жеңілдіктер беруге мәжбүр.

Бесінші: мен әрбір адам өзі және өз жақындары өмір сүруі үшін қажеттіліктерді мемлекеттің көмегінсіз істеп табуы керек деп есептеймін. Ал мемлекет бар күш-қайратын қоршаған ортаны қорғауға қаратуы керек.

Бес топқа бөлін. Осы талқылауда қаншалықты көп әртүрлі көзқарастар және пікірталастар баяндалады? Қайсы пікірлер, аргументтер Саған біршама сенімді түйілді? Неге? Бұл ділгірлікті шешу жолы жөнінде өз пікіріңді білдір.

Пікірталас жүргізу барлық құқықтар адам үшін қаншалықты маңызды екендігін, олар бір-бірімен тығыз байланыстылығын, бірі басқасын қалайша толықтыруын көрсетеді.

Шындығында да, саяси құқықтарды әлеуметтік және экономикалық құқықтардан қандай айыруға болады? Сондай-ақ, әлеуметтік және экономикалық құқықтар жақсы ортада жасау құқықынсыз ешқандай мағынаға ие емес. Бұл нәрсе бүкілдей түсінікті, өйткені әлеуметтік қорғалмаған адам өзінің саяси, экономикалық және басқа құқықтарын іске асыруы мүмкін емес.

Сөйтіп, экономикалық және әлеуметтік құқықтардың байланыстылығы әлеуметтік әл-ауқаттылық құқықы материалдық жағына (жәрдемақы, зейнетақы) ие, ал адамның экономикалық құқықы тікелей немесе жанама, сол кезде немесе уақыты келгенде, әрине, қоғам өмірінің әлеуметтік жағына әсер (оңтайлы және кері) етуінен құралады.



2-тапсырма

Топтарда қалып, Өзбекстан Республикасы Конституциясында нығайтып қойылған азаматтардың құқықтарын атап өт. Адам өмірі және оның құқықтарының қорғалуын жеткілікті дәрежеде қамтамасыз ету үшін олардың қажеттігін нақты мысалдарда негіздеп бер.

2. Мүлік иесі болу, еңбек ету, еңбек қызметін еркін таңдау және жұмыссыздықтан қорғалу құқықтары

Өзбекстан Республикасы Конституциясының 36-бабында әрбір адам мүлік иесі болу құқығына ие екендігі жөнінде айтылады. Бұл нәрсе, егер, адам мал-мүлікке иелік етсе, одан ешкім бұл мал-мүлікті тартып алуы мүмкін еместігін білдіреді және бұл адамға өзіне сенім мен тәуелсіздік сезімін оятады. Мүлік иесінде өз мүлкін бір іске жұмсап көбейту, яғни өзін тану қызметі саласында белсенділік таныту мүмкіндігі болады.

Конституцияда кепілдік берілген еңбек ету құқығы, еркін мамандық таңдау, әділетті еңбек жағдайларында жұмыс істеу және жұмыссыздықтан қорғалу құқығы мемлекетіміздің міндетіне жұмыссыздық дәрежесі мүмкіндігінше төмен болуы, жұмыссыз қалған адам жәрдемақы алуы және сол кезде өзіне жұмыс іздеп табуы үшін барлық құралдарды іске қосу міндеттерін жүктейді. Конституцияда мәжбүри еңбек, яғни қызмет борышы шеңберіне кірмейтін жұмыстарды орындауға мәжбүр етуге тыйым салынуы ерекше атап өтілген.



Негизгі заң белгілейді

Әрбір тұлға еңбек ету, мамандықты еркін таңдау, әділетті еңбек жағдайларында жұмыс істеу және заңда көрсетілген тәртіпте жұмыссыздықтан қорғалу құқығына ие.

Сот үкімімен тағайындалған жазаны өтеу тәртібінен немесе заңда көрсетілген басқа жағдайлардан тыс мәжбүри еңбекке тыйым салынады.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 37-бап.



Нормативтік құжат!

Саған белгілі болса, яғни...

Жұмысқа кіріп жатқан адамнан, ең алдымен, жасы туралы сұрайды, өйткені Өзбекстан Республикасының Еңбек Кодексіне сәйкес кәсіпорын әкімшілігі кәмелетке жетпегендерді 16 жастан бастап жұмысқа қабылдауға құқықты. Еңбекке дайындау мақсатында (Өзбекстан Республикасының Еңбек Кодексі, 77-бап) оқушылар 15 жастан бастап оқудан бос уақытта жұмысқа қабылдануы мүмкін.

Кәмелетке жетпегендер тек ата-аналарының жазба разылығымен жұмысқа орналастырылуы мүмкін, өйткені ата-аналар еңбек жағдайын білуі және бұл жөнінде келісуі шарт. Сондай-ақ, жасөспірімнің денсаулығы туралы дәрігерлік анықтамасы болуы да мәжбүри.

Кәмелетке жетпегендер үшін тыйым салынған мамандықтар да бар, олар денсаулық үшін зиян болған еңбек жағдайына ие. Мысалы, газбен дәнекерлеуші, шахтер, темірші секілді мамандықтар.

Оқушылар денсаулығына зиян келтірмейтін, білім алу үдерісін бұзбайтын жеңіл істерге қатыстырылуы мүмкін. Сондай-ақ, кәмелетке жетпегендердің түнгі, қосымша жұмыстарға және демалыс күндеріндегі жұмыстарға қатыстыруға да тыйым салынады.

3. Әлеуметтік қамтамасыз етілу құқығы

Өзбекстанда лайықты тұрмыс дәрежесін сақтап тұру үшін көп балалы және кем қамтамасыз етілген жанұяларға, жалғыз аналарға және басқа жалғыз кісілерге, атап айтқанда, мүмкіндігі шектелген балаларға әртүрлі көріністегі әлеуметтік көмек көрсетіліп жатыр,



жәрдемақылар мен қариялық зейнетақыларының мөлшері үнемі асырылып жатыр.



Негізгі заң белгілейді

Өркім қартайғанда, еңбек жарамдылығын жоғалтқанда, сондай-ақ, бағушысынан айырылғанда және заңда назарда тұтылған басқа жағдайларда әлеуметтік қамтамасыз етілуі құқықына ие.

Зейнетақылар, жәрдемақылар, әлеуметтік көмек көрсету және басқа түрлерінің мөлшері ресми түрде белгілеп қойылған тіршілік үшін қажет ең кем мөлшерден кем болуы мүмкін емес.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 39-бап.

4. Білікті дәрігерлік қызметтен пайдалану құқықы

Білікті дәрігерлік қызметтен пайдалану құқықы әрбір адамға ұсынылған. Мемлекетте көптеген халық тегін емделетін мемлекеттік дәрігерлік мекемелері бар. Соңғы уақыттарда біршама шаруашылық есебіндегі, сондай-ақ,

акшалы емханалар мен ауруханалар пайда болды, қайда емделуін таңдау мүмкіндігі де жасалды. Салауатты ұрпақ – ұлт денсаулығы кепілі. Соңғы уақыттарда мемлекетте «Салауатты ұрпақ үшін» сияқты әртүрлі



мемлекеттік бағдарламалары мен қызметі жас ұрпақ денсаулығын нығайтуға бағытталған қоғам бірлестіктері ұйымдастырылды.



Негізгі заң белгілейді

Әрбір адам білікті медициналық қызметтен пайдалану құқықна ие.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 40-бап.

5. Білім алу құқықы

Өзбекстан Республикасында әрбір адам білім алу құқықына ие. Жанұяның табысына тәуелсіз әрбір балада тегін білім алу мүмкіндігі бар. Бұл мемлекеттің негізгі заңымен кепілдік беріледі.



Негізгі заң белгілейді

Әрбір адам білім алу құқықына ие. Тегін жалпы білім алуға мемлекет кепілдік береді. Мемлекет істері мемлекет бақылауында болады.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 41-бап.



Өзбекстан Республикасы Президентінің 25.01.2018 жылғы Жарлығымен төмендегілер белгілеп қойылған: 2018/2019 оқу жылынан бастап мәжбүри орта және орта арнаулы білім беру жалпыбілім беретін мектептерде, атап айтқанда, мамандандырылған мектептерде, мамандандырылған өнер және мәдениет мектеп-интернаттарында, мамандандырылған олимпия ресурстары мектеп-интернаттарында және академиялық лицейлерде үздіксіз және 11 жылдық мерзімде жүзеге асырылады. 2018/2019 оқу жылынан бастап кәсіптік-мамандық колледждеріне оқуға қабылдау жалпыбілім беретін мектептердің 11-сынып бітірушілері есебінен, өз қалаулары бойынша, тиісті мамандыққа (мамандыққа) ие болу үшін 6 айдан 2 жылға дейінгі болған оқыту мерзімдерінде жүзеге асырылады.



3-тапсырма

1-жағдай.

Көпшілік әрбір адам үшін мәжбүри болған орта арнаулы немесе кәсіптік білім шарт емес, жалпы орта білім де жетеді, деп есептейді. Тіпті ешқандай мәліметсіз де жұмыс істеп ақша табу мүмкін еместей. Сіз оған қалай қарайсыз?

2-жағдай.

Кімде білім көп болса, меңгерген білімін өмірде қолдай алса, оған талапкер көбірек болады және табысқа жетудің мүмкіндіктері көбірек болады деген пікірді қолдайсыз ба?

3-жағдай.

Не деп ойлайсың, мектепті бітірген соң, қайсы ғылымдар көбірек қажет болады?

6. Ғылыми және техникалық шығармашылық еркіндігі мен мәдениет жетістіктерінен пайдалану құқықы

Конституцияның 42-бабында төмендегідей жазылған: әр кімге ғылыми және техникалық шығармашылық еркіндігі, мәдениет жетістіктерінен пайдалану құқықына кепілдік беріледі. Мемлекет қоғамының мәдени, ғылыми және техникалық дамуына қамқорлық жасайды. Бұл құқықтар өз мән-мазмұнына қарай білім алу құқықына өте жақын, өйткені білім алу, мәдениет, ғылыми-техникалық өркендеу өзара байланысты ұйымдар. Бұл құқықтар мәдениет пен ғылым байлықтары және құндылықтарының

ашықтығымен қамтамасыз етіледі. Әркім мұражай, театр, мәдени және ғылыми-техникалық орталықтарға баруы, кітапхана, радио және теледидар қызметінен пайдалануына болады.



4-тапсырма

Экономикалық және әлеуметтік құқықтарға зиян келтірілуіне байланысты сахна көріністерін дайында және көрсет. Қандай құқық-бұзушылықтарға жол қойылғандығын анықта. Бұл құқықтарды қорғау үшін не істеу керек?



Қорытындыларды шығарамыз

Әлеуметтік-экономикалық құқықтар:

- мемлекеттің міндеті – халық тұрмысын лайықты дәрежеде қамтамасыз ету;
- мүлік иесі болу құқықы;
- еңбек ету және демалу құқықы;
- жұмысқа қабылдану – 16 жастан, 15 жастан да жол қойылады;
- әлеуметтік қамтамасыз етілу құқықы;
- білікті медициналық қызметтен пайдалану құқықы;
- білім алу құқықы;
- ғылыми, техникалық шығармашылық құқықы;
- мәдениет жетістіктерінен пайдалану құқықы.



Өзіңді тексер!

1. Адамның қайсы құқықтары әлеуметтік-экономикалық құқықтар қатарына кіреді?
2. Мүлік иесі болу адам өмірінде қандай рөл ойнайды және мүлік адамға қандай артықшылықтар береді?
3. Қайсы тәртіп саған әділетті түйіледі: мүлік иесі болу құқықына тек бір топ адамдар ие болғанда ма немесе әрбір адам ие болғанда ма?
4. Лайықты тұрмыс дәрежесін сақтап қалу үшін адамға не қажет деп ойлайсың?
5. Әлеуметтік және экономикалық құқықтар қалай өзара байланыста болады және бір-біріне әсер етеді?

9-§. САЯСИ ҚҰҚЫҚТАР

Тақырып бойынша жұмыс істеу нәтижесінде:


– Өзбекстан Республикасының азаматы қандай саяси құқықтарға ие екендігін;

– қоғам және мемлекет жұмыстарын басқаруда олар қайсы формаларда қатысуы мүмкіндігін біліп аласың.

1. Өз саяси құқықтарын қалай іске асыруға болады?
2. Заң жобаларының жалпыхалықтың талқылауында азаматтардың қатысуы.
3. Жиындар еркіндігі құқықы.

1. ӨЗ САЯСИ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚАЛАЙ ІСКЕ АСЫРУҒА БОЛАДЫ?

Саяси құқықтар азаматтарға не үшін керек? Егер азаматтарда катал құлықтық және саяси көзқарастар болса, олар өз құқықтары мен борыштарын анық түсініп жетеді, мемлекетті әлеуметтік өмірінде белсенді қатысады.



Мемлекетті басқаруда қатысу құқықы тікелей немесе сайланатын өкілдер арқылы жүзеге асырылады. Бұл құқық азаматтар кез келген сайлап қойылатын мекемелерды сайлау және сайлану құқықына ие екендігіне кепілдік беріледі. Азамат осылайша әкімшілікке және қабылданатын қаулыларға әсер етеді.



Негізгі заң белгілейді

Өзбекстан Республикасы азаматтарының қоғам және мемлекет істерін басқаруда тікелей және өз өкілдер арқылы қатысу құқықына ие. Мұндай қатысу өзін өзі басқару, референдумдар өткізу және мемлекет мекемелерін демократиялық түрде ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекет мекемелерінің қызметі үстінен ұжымдық бақылауын дамыту мен жетілдіру жолымен жүзеге асырылады. Мемлекет мекемелерінің қызметі үстінен қоғамдық бақылауды жүзеге асыру тәртібі заңмен белгіленеді.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 32-бап.

Барлық саяси партиялар өз үміткерлерін мемлекет өкілдік мекемелеріне көрсетуі мүмкін. Бұл сайлау жүйесін демократияландыруға көмектеседі, азаматтарға баламалық негізде депутаттарды сайлау мүмкіндігін береді. Мұнда сайлауды өткізуді бір орынға бірнеше үміткерлер қойылып, азаматтар олардан ең лайықтыларын таңдайды.



Азаматтардың қабылдаған қаулыларға әсері мемлекет үкіметі мекемелеріне сайлау құқықымен шектелмейді. Азаматтар жүгіну, ұсыныс, арыз және шағымдар арқылы көптеген ділгірліктерді шешуге көмектеседі, осылайша өз құқықтарының бұзылуына жол берілуін азайтады.



Есте сақта!

Өзбекстан Республикасы «Жеке және заңды тұлғалардың жүгінулері туралы» Заңына сәйкес жүгінулер, ұсыныстар, арыздар, шағымдар көрінісінде ауызша, жазба және электрон түрде жеке тәртіпте немесе ұжымдық түрде болуы мүмкін.

Арыз – бұл азаматтардың өз құқықтар, еркіндіктері мен заңды мүдделерін жүзеге асыру үшін көмек сұрап жүгінуі.

Ұсыныс – азаматтардың мемлекет және қоғамдастық қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстары көрсететін жүгінуі.

Шағым – азаматтардың бұзылған құқықтары, еркіндіктері мен заңды мүдделерін қайта қалпына келтіруді талап ету туралы жүгінуі.

Жүгінуде азаматтардың аты-жөні, фамилиясы көрсетілуі, тұрар жері туралы мәлімет болуы, арыз, ұсыныс немесе шағым мазмұны баяндалғандығы болуы керек. Жазба жүгіну жүгінушінің қолымен расталады. Жүгінуді жеке қолмен растау мүмкіндігі болмағанда, ол басқа тұлғаның қолымен расталуы мүмкін. Мұнда қосымша түрде қол қоюшы тұлғаның фамилиясы, аты мен әкесінің аты көрсетілген болуы керек.



2. ЗАҢ ЖОБАЛАРЫНЫҢ ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ ТАЛҚЫЛАУЫНДА АЗАМАТТАРДЫҢ ҚАТЫСУЫ

Азаматтардың ең маңызды саяси құқықтарының бірі «Заң жобаларының жалпыхалықтық талқылануы туралы» Заңға сәйкес заңдар жобаларының жалпыхалықтық талқылауында қатысу. **Азаматтар мұнда төмендегілерге құқықты:**

- заң жобаларының жалпыхалықтық талқылауында еркін қатысу;
- заң жобаларына түзетулер мен ұсыныстар енгізу бойынша Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің Заңдылық палатасына, Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті, басқа мемлекет мекемелеріне, азаматтың өзін өзі басқару мекемелеріне, кәсіпорындар, мекемелер, кеңселер, ұйымдар, саяси партиялар мен басқа қоғам-

дық бірлестіктеріне, бұқаралық ақпарат құралдарына жүгіну; – депутаттар, мемлекет әкімшілігі мен басқару мекемелері өкілдерімен кездесулерде, заң жобаларының жалпыхалықтық талқылауы үшін ұйымдастырылған басқа шараларында қатысу.

Азаматтардың жынысы, нәсілі, ұлты, тілі, діні, әлеуметтік келіп шығуы, нанымы, жеке және әлеуметтік жағдайына қарай заң жобаларының жалпыхалықтық талқылауында қатысуын шектеуге тыйым салынады.

Заң жобаларының жалпыхалықтық талқылануы бойынша шараларды азаматтардың өзін өзі басқару мекемелері, саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктер, бұқаралық ақпарат құралдары, саяси партиялар фракциялары мен Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің Заңдылық палатасындағы депутаттар тобы, сондай-ақ Олий Мажлистің Заңдылық палатасы депутаттары сайлау учаскелерінде өткізеді. Заң жобасы бойынша белгіленген тәртіпте енгізілген ұсыныстар мен түзетулер әрине тексерілуі қажет.

3. ЖИЫНДАР ЕРКІНДІГІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Жиындар, митингтер мен ереуілдер еркіндігі адамға өз пікірлері мен өз көзқарастарын білдіру мүмкіндігін береді. Бұл құқық мемлекет басшылығына халықтың пікірі жөнінде ақпарат жеткізіп тұру үшін де қажет. Бұл нәрсе аса маңызды және басшыларға азаматтарды алаңдатып жатқан ділгірліктерге терең зерттеу мүмкіндігін береді.

Митинг – бұл белгілі бір тұлғалар мен ұйымдардың іс-әрекеттері, әлеуметтік-саяси оқиғалар бойынша қатынасын жариялы түрде білдіру мақсатындағы азаматтардың бейбіт жиыны.

Ереуіл – бұл белгілі бір саяси талаптарды білдіру мақсатындағы жаппай жүріс.

Жиын – бұл бір қоғамдық мәселесін ұжым болып бірге талқылау үшін азаматтар қатысуы.

Ұжым бірлестіктерін ұйымдастыру құқықы азаматтарға олардың мүдделері мен бейімділігіне сай келетін қызметімен шұғылданду мүмкіндігін береді. Мысалы, ұжым ұйымдарының мүшелері адам құқықы мен еркіндіктері мәселелерімен шұғылданады, қайырымдылық ұйымдары ең мұқтаж кісілерге материалдық көмек ұйымдастырады



Негізгі заң белгілейді

Азаматтар өз әлеуметтік белсенділігін Өзбекстан Республикасы заңдарына сәйкес митингілер, жиындар мен ереуілдер түрінде жүзеге асыру құқығына ие. Әкімшілік мекемелері тек қауіпсіздік жағынан ғана мұндай шаралар өткізілуін тоқтату немесе тыйым салу құқығына ие.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 33-бап.



Тапсырма

Азаматтардың мемлекет әлеуметтік-саяси өмірінде, мемлекетті басқаруда қатысудың өзіңе белгілі жолдарын айт. 9-сынып оқушысы мемлекет басқаруында қалай қатысуы мүмкін?



Қорытындыларды шығарамыз

Саяси
құқықтар:

- мақсат – өз пікірі мен нанымын білдіру;
- мемлекеттік басқаруда қатысу құқығы;
- жиындар, митингілер және ереуілдер еркіндігі;
- саяси партия, кәсіподақ пен басқа қоғамдық ұйымдарға бірігу құқығы;
- мемлекеттік мекемелерге арыздар, ұсыныстар мен шағымдармен жүгіну құқығы



Өзіңді тексер!

1. Саяси құқықтар адамға неге керек?
2. Жеке және саяси құқықтар қалай өзара байланысқан?
3. Мемлекет қоғамдық бірлестіктері қызметіне араласа алады ма?
4. Бейбітшілік ереуілдері, митингтер мен жиналыстарда қатысу адамға не береді ?
5. Төмендегілерден қайсылары жеке немесе саяси құқықтарға тиісті екендігін анықта:
 - көне Спартада нәзік балаларды жардан лақтырып тастайтын;
 - сыныптас қыз парталас құрбысының хатын жасырын түрде оқыды;
 - адамды басқа дінге өтуге зорлықпен мәжбүрледі;
 - жергілікті әкімшілік мекемелерін сынайтын мақалаларды жариялауға тыйым салынған.

Тізімді өз мысалдарыңмен жалғастыр.

10-§. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЗАМАТТЫҒЫ

Тақырып бойынша жұмыс істеу нәтижесінде:

- азаматтық дегені не және ол адам үшін қандай маңызға ие екендігін;
- азаматтыққа қабылдау негіздері мен оны тоқтату шарттарын біліп аласың.

1. Адамға азаматтық не үшін керек?

2. Азамат және мемлекет.

3. Биометриялық төлқұжат. Өзбекстан азаматының құқықты беделі.

1. АДАМҒА АЗАМАТТЫҚ НЕ ҮШІН КЕРЕК?

Азаматтық не екенін білесің бе? Мемлекет азаматы болу адам үшін нені білдіретіндігі жөнінде ойлап көргенсің бе?



1-тапсырма

Өз мемлекетінен шығып кету және шетелде жасау үшін көшіп кетуді армандаған балалар кездеседі.

Топтарға бөлінген жағдайда басқа мемлекетте жасауға «разы» және «қарсы» болған бес негізгі себептерін жаз. Олардың әрбірі өзі дұрыс екендігін түсіндірсін.



Есте сақта!

Азаматтық – бұл адамның анық бір мемлекетпен құқықтық және саяси байланысы. Мемлекет өз заңдарында адамның құқықтық беделін, яғни адамның мемлекетке, оның мекемелеріне және басқа тұлғаларға болған беделін белгілейді.

Азамат болып есептелген тұлға өз мемлекеті аумағында да, сондай-ақ, оның сыртында да мемлекет қорғанысында және қорғауында болады да азаматқа қатысты нығайтып қойылған барлық құқықтардан пайдаланады. Сонымен қатар азаматтар өз мемлекеті заңдарын сақтауы, өз азаматтық борыштары мен міндеттерін орындауы шарт.

Азамат тек сайлап қойылатын мекемелерге өз өкілдерін сайлауы, қала берсе, өзі де осы мекемелерге сайлануы мүмкін. Азаматтығы болмаған тұлға мұндай құқыққа ие болмайды.

Егер армияда қызмет ету азамат үшін азаматтық борыш пен міндет болып саналса, азаматтығы болмаған тұлғаларға мұндай міндет заң бойынша қолданылмайды. Азаматтығы болмаған тұлғалар партиялар мүшесі бола алмайды, мемлекеттік мекемелердың басшылық лауазымдарында жұмыс істей алмайды, сайлауларда қатыса алмайды.



Есте сақта!

Дискриминация – жынысына, қай ұлтқа тиістілігіне, діни және саяси позициясы бойынша, белгілі бір топтағы азаматтар құқықтарын белгісіз түрде шектеу және мақрұм ету.



Назар аудар!

Шетел азаматтары мен азаматтығы болмаған тұлғалар (**апатридтер**) – халықаралық құқықты құжаттар адамға ұсынатын барлық негізгі құқықтардан пайдаланады (сайлауларда қатысу және мемлекеттің қарулы күштерінде қызмет ету құқықы бұған жатпайды). Осы мемлекеттің азаматтары секілді бұл азаматтар да оның заңдарын сақтауы шарт.

«Азаматтық туралы» Заңның 11-бабында Өзбекстан Республикасы аумағында тұратын, бірақ Өзбекстан Республикасы азаматтары болмаған және шетел мемлекеті азаматы екендігін растайтын негізге ие болмаған тұлғалар азаматтығы болмаған тұлғалар болып есептелуі атап өтілген. Екі мемлекет азаматы болуға тыйым салынған.



Негізгі заң белгілейді

Өзбекстан Республикасы аймағындағы шет ел азаматтарының және азаматтығы болмаған тұлғалардың құқық пен еркіндіктері халықаралық құқық нормаларына сәйкес қамтамасыз етіледі. Олар Өзбекстан Республикасының Конституциясы, заңдары мен халықаралық келісім-шарттарымен белгіленген борыштарды орындайды.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 23-бап.

2. АЗАМАТ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ


Өзбекстан Республикасы азаматтығы туралы істермен шұғылданатын мемлекет мекемелеріне төмендегілер кіреді:

- Өзбекстан Республикасы Президенті жанындағы Азаматтық мәселелері бойынша комиссия;
- Өзбекстан Республикасы Ішкі істер министрлігі;
- Өзбекстан Республикасы Сыртқы Істер министрлігі;
- Азаматтыққа қабылдау туралы қаулыны Өзбекстан Республикасы Президенті қабылдайды.

Азаматтықты алу үшін не негіз бола алады?



Есте сақта!



«Өзбекстан Республикасы азаматтығы туралы» Заң, 12-бап.

3. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЗАМАТЫНЫҢ БИОМЕТРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ТӨЛҚҰЖАТЫ

Биометриялық төлқұжат – Өзбекстан Республикасы азаматының азаматтығын және тұлғасын растайтын, паспорт иесінің персонал биографиялық мәліметтері мен биометриялық параметрлеріне ие электрон ақпарат (чип) тасушы құжат.

2019 жылы 1 январьдан бастап, стикерлер, яғни шет елге шығу үшін «шығу визасы» берілуі тоқтатылды да 10 жылға берілетін жаңа биометриялық шетелдік төлқұжаттар алынатын болды. Шет ел төлқұжаттары халықаралық стандарттарға сай келеді. 15-тен 18 жасқа дейінгі азаматтар ата-аналары, қамқорлыққа алушылары (бағушылары) кәмелетке жетпеген өспірімнің өз бетінше шетке шығуына тиісті нотариальды бекітілген разылығы болған жағдайда шет елге үлкендердің қарамағынсыз шығулары мүмкін.

Төлқұжат белгіленген үлгіде беріледі және өзбек әрі ағалшын тілдерінде, Қарақалпақстан Республикасы үшін қарақалпақ, өзбек және ағылшын тілдерінде персоналдастырады, яғни толтырады.



2-тапсырма

1. Егер Саған өз мемлекетің азаматтығына қабылдау туралы мәселені шешуді ықтиярыңа берсе, кімдерге қарсы жауап берген болар едің және не үшін?

Негізгі заң белгілейді

Өзбекстан Республикасының бүкіл аумағында бірегей азаматтық орнатылады.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 21-бап.

Өзбекстан Республикасы азаматтығына қабылдау, азаматтықты қайта қалыптастыру және азаматтықтан шығу Өзбекстан Республикасы Президентінің Жарлығымен ресмилендіріледі.

**Ўзбекистон Республикасы азаматлығынан
мақрұм ету үшін негіздер:**

азаматтың шет мемлекетте әскери қызметке, қауіпсіздік қызметі мекемелеріне, полицияға, заң мекемелеріне немесе мемлекет әкімшілігі мекемелеріне жұмысқа кіруі нәтижесінде;

егер де, шет мемлекетте тұрақты жасап тұрған азамат үш ай барысында кешірімді себептерсіз консулдық есебіне тұрмаған болса;

Өзбекстан Республикасы азаматы біле тұра жалған мәліметтер немесе жасанды құжаттар беру нәтижесінде қолға алынған болса;

егер, азамат шет мемлекет пайдасына қаратылған қызметпен шұғылданған жағдайда немесе тыныштық пен қауіпсіздікке қарсы қылмыстар жасау жолымен қоғам мен мемлекет мүдделеріне зиян келтірген болса;

азамат шет мемлекет азаматлығына өткен жағдайда.



3-тапсырма

Төмендегі жағдайларды қарап шық және қойылған сұрақтарға жауап бер.

1-жағдай.

Астана ауруханаларының бірінен онша ұзақ болмаған жерде гүл бұтасы астына біреу тастап кеткен шақалақ тауып алынды. Баланың кімдігін анықтау үшін бірде-бір жазу да, құжат та оның жанында жоқ еді.

Белгілі, шақалақты азаматтық күйі құжаттарында тіркеу мәселесі пайда болды. Фамилиясы, есімі, әкесінің есімі тіркеуге алған жеке тұлғалар ықтиярына қарай белгіленді.

Баланың азаматтығы мәселесін шешуде ділгірліктер пайда болды, Себебі, мәліметтер жоқтығынан баланың туған жерін анықтау мүмкіндігі болмады.

Сеніңше, бұл баланың азаматтығы туралы мәселені қалай шешу керек?

2-жағдай.

Ерлі-зайыпты У.-лар азаматтық жағдайы кепілдемелерін тіркеу меке-месіне (АХКТМ-не) өз перзентін тіркеуге алу туралы өтінішпен жүгінді.

Өтініш қаралып жатқанда АХКТМ қызметкерлері ерлі-зайыпты У.-лар азаматтығы болмаған адамдар екендігі анықталды және баланы тіркеуге алудан бас тартты. Олар бас тарқан жауабын ата-анасы сияқты бала да азаматтығы болмаған тұлға саналады, Сондықтан Өзбекстан азаматы ретінде тіркеуге алынуы мүмкін емес, деп түсіндірді.

Сеніңше, АХКТМ қызметкерлері әділетті ме? Ерлі-зайыпты У.-дың АХКТМ-ға жүгінісіне қатысты жүзеге келген мәселеге «Өзбекстан Республикасы азаматтығы туралы» Заңның қайсы ережелерінен жауап табу мүмкін?



Нормативтік құжат!

Сен білесің бе, яғни:

- туылғандық туралы куәлік, азаматқа 16 жасқа толғанда берілетін төлқұжат азаматтықты бекітуші құжаттар болып есептеледі;
- ерлі-зайыптылардан бірінің азаматтығын өзгертуі басқа ерлі-зайыптының азаматтығы өзгеруіне себеп болмайды;
- шет елдік еркек немесе әйелмен некеге тұру ерлі-зайыптылардың азаматтығын өзгерту міндеттемесін жүктемейді;
- азаматтығы болмаған тұлғалардың Өзбекстан аумағында туылған баласы Өзбекстан Республикасы азаматы болып есептеледі;
- шет елдік азамат немесе азаматтығы болмаған тұлға болған бала перзенттікке алынған халде, ол Өзбекстан Республикасы азаматына айналады;

– 14 жастан 18 жасқа дейінгі балалардың азаматтығын олардың ата-аналарының азаматтығы өзгерген халдерде, сондай-ақ, перзенттікке алу халдерінде өзгерту тек балалардың разылығымен болуы мүмкін;

– Егер Өзбекстан Республикасының халықаралық шартымен «Өзбекстан Республикасы азаматтығы туралы» Заңнан өзгеше ережелер енгізілетін болса, халықаралық шарт ережелері қолданады.

Қорытындыларды шығарамыз

Өзбекстан Республикасы азаматтығы:

- ▶ адамның мемлекет пен құқықтық байланыстары, адам мен азаматтарды мемлекеттің қорғауға алуы;
- ▶ азаматтардың заңдарды сақтау борышы;
- ▶ азаматтығы болмаған тұлғалар: мемлекет әкімшілігі мекемелеріне сайланбайды, сайлауларда қатынаспайды, әскери қызметке алынбайды, саяси парияларға мүше болмайды;
- ▶ төлқұжат – 16 жастан;
- ▶ азаматтыққа ие болу:
 - туылған сәттен;
 - қабылдау туралы өтініш бойынша;
- ▶ «Өзбекстан Республикасы азаматтығы туралы» Заң.

Өзіңді тексер!

1. Азаматтық деген не? Адамзат тарихында азаматтық институты барлық уақыт бар болған ба?
2. Сеніңше, азаматтар құқықтарын жүзеге шығару үшін қажет жағдайларды кім қамсыздандыру керек?
3. Азамат және мемлекет арасында қандай өзара байланыс жүзеге келеді?
4. Қазіргі демократиялық мемлекет азаматы қандай нормалар қорғауында болады?
5. Өзбекстанда азаматтыққа ие болу үшін қандай заңды негіздер көзделген?
6. Демократиялық қоғамда азамат пен мемлекеттің өзара қатынастары қандай принциптерге негізделеді?
7. Шет елдік азаматтар мен азаматтығы болмаған тұлғалар азаматтығы болған тұлғалармен түрлі құқықтарға ие болады ма?
8. «Адамның құқықтық мәртебесі» ұғымын түсіндір, оның ерекшеліктерін санап бер.

11-§. АДАМ ҚҰҚЫҚЫ ЖӘНЕ ЕРКІНДІКТЕРІНІҢ КЕПІЛДІКТЕРІ

Тақырып бойынша жұмыс істеу нәтижесінде:

– адам құқықы мен еркіндіктерінің конституциялық кепілдіктері туралы;

– адам құқықтарын қорғау механизмі жөнінде;

– өз құқықтарыңды қорғау үшін қайсы мекемелерге жүгіну қажеттігі жөнінде біліп аласың.

1. Өз құқықтарын қорғау үшін қай жерге жүгіну керек?

2. Адам құқықы мен еркіндігінің кепілдіктері.

3. Адам құқықтарының қорғалуы бойынша ұлттық институттар.

1. ӨЗ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ҮШІН ҚАЙДА ЖҮГІНУ КЕРЕК?

Өкінішке орай, адам кейбір жағдайларда кемсіту мен намысқа тиюлерге душар болады. Адам құқықтарына зиян келтіретін барлық жағдайларда өз құқықтарының қорғалуына қажеттілік сезеді.

Қазіргі күнде заңдары, сот және құқық-тәртіпті сақтау мемлекеттері арқылы мемлекет осындай қорғаушы рөлінде шығады.



Негізгі заң белгілейді

Әрбір тұлғаға өз құқық пен еркіндіктерін сот арқылы қорғау, мемлекет мекемелері, мансапты тұлғалар, қоғам бірлестіктерінің заңға қайшы іс-әрекеттері бойынша сотқа шағым жасау құқығына кепілдік беріледі.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 44-бап.

Бұл құқық білікті заңдық көмекке мұқтаж болған әрбір адам адвокатқа жүгініп, осындай көмектен пайдалануы мүмкіндігін назарда тұтады. Бір жағдайда, тіпті егер қылмысты істе айыпталған жағдайда да, адамға көмек беруден бас тартуға ешкімнің құқы жоқ.

Мемлекетімізде кәмелетке толмағандар және жалғыз қариялар арнайы қорғалады.



Негізгі заң белгілейді

Кәмелетке толмағандар, еңбекке жарамсыз және жалғыз қариялардың құқықтары мемлекет қорғауында.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 45-бап.

2. АДАМНЫҢ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЕРКІНДІКТЕРІНІҢ КЕПІЛДІКТЕРІ

Құқықты мемлекетте адам құқықтарының сақталуына кепілдік беруші көптеген әдістер болады. Олардың арасында жеке орын сот қорғауына тиісті. Бұл қорғау формасынан әрбір адам пайдалану мүмкін. Ол үшін сотқа талқылау үшін негіз болып қызмет етуші өтінішпен жүгіну жеткілікті.

Құқықтық мемлекетте сот тәуелсіз әділ соттау мекемесі болғандықтан кез келген даулы істі шешуші судья тек заңға бойсұнады.

Судья жұмыс қызметі барысында бейтарап болуы, яғни жеке сим-патиясы мен антипатиясынан жоғары тұруы, коррупцияға жол бермеуі тиіс. Ешкім, тіпті, әкімшілік пен пен жоғары басқару мекемелері де сот қызметіне араласуға ақысы жоқ.



«Жеке және заңдық тұлғалардың жүгінулері туралы» Заңға сәйкес жеке және заңдық мемлекеттік мекемелері, ұйымдар мен олардың лауазымды тұлғаларға, жеке тәртіпте немесе ұжым болып жүгінуіне кепілдік беріледі.

3. АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ БОЙЫНША ҰЛТТЫҚ ИНСТИТУТТАР

Өзбекстан тәуелсіз даму жылдарында адам құқықтарын қорғау бойынша адам құқықтарының қорғалуы механизмін кеңейтуге бағытталған жаңа ұлттық институттар түзіледі. Олар қатарына төмендегілер кіреді:

- Олий Мажлистің адам құқықтары бойынша Өкілдік институты–**Омбудсман**;
- Өзбекстан Республикасы Адам құқықтары бойынша Ұлттық орталық.

Омбудсман

Адам құқықтары бойынша Өкілдік институты – Омбудсман 1995 жылы заң шығарушы әкімшілік жүйесінде, яғни Олий Мажлис жанында түзіліп, соттаушы саналмайды. Омбудсман мемлекет мекемелері жағынан адам құқықтарының орындалуында парламент бақылауын жүзеге асырады.

Омбудсманның құқықтары:

→ арызды көріп шығу;

→ арыз беруші өз құқықтарын, еркіндіктері мен заңды мүдделерін қорғау үшін пайдалануы мүмкін құралдар мен жолдарды көрсету;

→ шағым арызын маңызы жағынан шешу өкілдігі болған ұйым немесе мансапты тұлғаға беру;

→ арыз берушіні құқық және заңды мүдделеріне тиісті құжаттар, қаулылар мен басқа материалдармен танысу;

→ бас тарту себептерін мәжбүри түрде көрсеткен күйде шағымды қарап шығудан бас тарту;

→ заңға теріс болмаған басқаша шаралар қолдану.



Омбудсман жанында конституциялық құқық пен еркіндіктердің орындалуы бойынша комиссия түзілген. Ол азаматтар мен ұйымдардан өз атына келген жүгінулерді көріп шығады.

Өз заңды құқықтары бұзылғандығы жөнінде арызбен әрбір кісі (республика азаматы, шетелдік азамат немесе азаматтығы болмаған тұлға) Омбудсманға шағымдану бойынша

тексеру нәтижелері негізінде төмендегілерді орындауы қажет:

– Арыз жасаушыға оның жүгінуі көріп шыққаннан соң нәтижелер жөнінде мәлімдеу;

– әрекеттерінде азаматтардың құқықтары, еркіндігі мен заңды мүдделерінің бұзылғаны анықталған қызмет жүргізіп жатқан немесе жүргізбей жатқан ұйым немесе мансапты тұлғаға бұзылған құқықтарды қайта қалпына келтіру бойынша ұсыныстардан құралған өз қорытындысын жіберу. Өкілдің қорытындаларын алған

ўйым немесе тўлға оны көріп шығуы және бір айдан аспаған мерзімде негізделген жауап жіберілуі қажет.

Өкіл қорытындысында төмендегі ұсыныстар болуы мүмкін: ұйым немесе мансапты тұлға жұмыс соңына дейін жеткізілуі шарт, ұйым немесе мансапты тұлға қаулысы өзгертірілуі немесе жоққа шығарылуы керек; ұйым немесе мансапты тұлға қаулысын негіздеу қажет; ұйым немесе мансапты тұлға қосымша қаулы қабылдауы керек.

Адам құқықтары бойынша Өзбекстан Республикасы Ұлттық орталығы

Адам құқықтары бойынша Өзбекстан Республикасы Ұлттық орталығы 1996 жылы 31 қазанда атқару әкімшілігі жүйесі құрамында түзілген. Ол мемлекетте құқықты қорғау қызметін ұйымдастырушы мемлекет ұйымы болып саналады.

Адам құқықтары бойынша Ұлттық орталығының негізгі міндеттері:

– адам құқықтары саласындағы мемлекет саясатын тиімді жүзеге асыруға, бұл салада Өзбекстан Республикасы халықаралық міндеттерін орындау бойынша мемлекет мекемелері қызметіне көмектесу;

– адам құқық пен еркіндіктерінің орындалу жағдайын үйрену, талдау және жалпыландыру, адам құқықтары қорғалуы бойынша халықаралық және аймақтық құрылымдар ұсыныстарының орындалуы мониторингін жүзеге асыру;

– Өзбекстан Республикасында адам құқықтарының орындалуы мен қорғалуы бойынша ұлттық баяндамалар жасау;

– адам құқықтарын қорғауда халықаралық және аймақтық құрылымдар ұсыныстарын жүзеге асыру бойынша ұлттық қозғалыстар бағдарламаларын дайындау;

– адам құқықтары саласындағы нормативті-құқықты құжаттарды жетілдіру, ұлттық заңдылық құжаттарына Өзбекстан Республикасының адам құқықтарына тиісті халықаралық келісімшарттарды қолдауды қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар дайындау;

– адам құқықтарын қорғау және адам құқықтарын іске асыру бойынша мемлекет мекемелеріне, азаматтық қоғамы институттарына және басқа ұйымдарға ісжүзіндік көмек көрсету;

– халық арасында адам құқықтары саласында құқықтық насихаттау жұмыстарын жүргізу;

– адам құқықтарының орындалуы мәселелері бойынша зерттеулер ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ баспа қызметін жүзеге асыру;

– адам құқықтары саласында халықаралық және аймақтық ұйымдармен ынтымақтастық жасау.



1-тапсырма

Көз алдыңа елестет, сен химия комбинаты орналасқан қалада тұрасың. Бұл кәсіпорын бірнеше жылдар барысында жұмыс істеп келе жатыр. Сол дәуір аралығында халық арасында жүрек-тамыр және өкпе аурулары көбейді. Тұрғындар денсаулығын тексеру нәтижесінде көбеюі қоршаған ортаның ластануымен байланысты екендігі анықталды. Кәсіпорын әкімшілігі тазалау құрылымдарын орнату бойынша аудан әкімшілігіне берген уәдесін орындамай жатыр.

Қоғам бұл ділгірлікті қалай шешуі мүмкін? Бұл жағдайда қандай іс-әрекеттер нәтижелі болады?



2-тапсырма

Төмендегі жағдайларда адам құқықтарын қорғаудың қайсы механизмдерінен пайдалануға болады?

1. Сені кудалап жатыр, сені жазалаумен қорқытып жатыр, тынымсыз қоңырау соғып, балағаттап жатыр. Не істеу керек?

2. Сені қылмыс жасағандықта айыптап отыр. Қайсы ұйымның қорғауына сүйенуіңіз мүмкін? Мұндай жағдайда қандай жол тұтылады?

3. Сен әділетсіз жәбір көргеніңе, сені ренжіткеніңе, балағаттағаныңа көзіңіз жетті. Не істеу керек?

4. Кешке досыңмен жаттығудан қайтып жатқаныңда сені милиционер тоқтатты, милиция бөліміне алып кетпекші болып тұр. Мұндай жағдайда өзіңді қалай ұстауың керек?



Қорытындыларды шығарамыз

Құқық және еркіндіктер

кепілдіктері:

- адам құқықтарын қорғау механизмі: соттар, прокуратура, милиция, адвокатура;
- адам құқықтарының қорғалуы мониторингі;
- «Жеке және заңды тұлғалардың жүгінулері туралы» Заң;
- Омбудсман;
- 1996 жыл – Адам құқықтары бойынша Өзбекстан Республикасы Ұлттық орталығы түзілді.



Өзіңді тексер!

1. «Конституциялық кепілдік» деген ұғымның мәнін түсіндіріп бер.
2. Өзбекстанда адам құқықтарының қандай қосымша ұлттық механизмдері жасалған? Олар қайсы міндеттерді атқарады?
3. Неліктен адамға кәсіптік білімдермен бірге құқықты білімдер қажет?



Нормативтік құжат

«ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫҚ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ЖҮГІНУЛЕРІ ТУРАЛЫ» ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

(Көшірме)

6-бап. Жүгінулерге қойылатын талаптар

Жеке тұлғаның жүгінуінде жеке тұлғаның фамилиясы (аты, әкесінің аты), оның тұрар жері туралы мәліметтер көрсетілген болуы керек.

Заңдық тұлғаның жүгінуінде заңдық тұлғаның толық аты, оның жайғасқан жері (пошта мекенжайы) туралы мәліметтер көрсетілген болуы керек.

Жеке және заңдық тұлғаның жүгінуінде мемлекет мекемесінің, ұйымның анық аты, мансабы және мансаптық тұлғаның фамилиясы (аты, әкесінің аты) көрсетілген, сондай-ақ жүгінудің мәні баяндалған болуы керек.

Жүгінулерде жүгінушілердің электрон пошта мекенжайы, байланыс телефондары мен факс нөмерлері көрсетілуі мүмкін.

Жүгінулер мемлекет тілінде және басқа тілдерде берілуі мүмкін.

Жазба жүгіну жүгінуші тұлғаның қолы немесе жүгінуші заңдық тұлға өкілетті тұлғаның қолымен бекітілуі қажет. Жеке тұлғаның жазба жүгінуін жүгінушінің қолы мен бекіту мүмкіндігі болмаған жағдайда, бұл жүгіну оны жазып берген тұлғаның қолымен бекітіліп, оның фамилиясы (аты, әкесінің аты) да қосымша түрде жазып қойылуы керек.

Жүгінушілердің өкілі арқылы берілген жүгінулерге олардың өкілетін бекітуші құжаттар ұсынылады.

12-§. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЗАМАТТАРЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ БОРЫШТАРЫ

Тақырып бойынша жұмыс істеу нәтижесінде:

- азаматтардың конституциялық борыштары неден құралғандығын;
- кәмелеттік жасқа жетпеген азаматтардың Өзбекстан Республикасы заң құжаттарын бұзғандығы үшін жауапкерлігін;
- құқық пен борыштардың бірізділігін біліп аласың.

1. Құқық пен борыштар бірлігі.


2. Заң алдында барша тең.

3. Конституциялық борыштарды сақтамағандық үшін жауапкерлік.

1. ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ БОРЫШТАР БІРЛІГІ

Өзбекстан Республикасының Конституциясында тек Өзбекстан Республикасы азаматтарының негізгі құқықтары ғана емес, сондай-ақ, олардың борыштары да белгілеп берілген.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы (II тарау) азаматтардың төмендегі борыштарын көздейді:



Көпшілікке белгілі бір ақиқат бар:

«Тап бір құқықтарсыз борыштар болмағаны сияқты борыштарсыз құқықтар да болмайды».

Мұны өмірдің өзі бекітеді. Қоғамда жасап, өзіне ұқсағандармен қатынаста болып, адам толық ерікті бола алмайды, айналадағы адамдарды ескермеудің мүмкіндігі де жоқ.

Бұл принцип әрбір азаматқа тиісті және мемлекет Конституциясы мен заңдарында нығайтылып қойылған міндеттемелерден бас тартуға ешкімнің ақысы жоқтығын білдіреді.

Бұл жерде Конституцияда өз құқық пен еркіндіктерін іске асыруда азаматтар басқа адамдардың құқықтары, бостандықтары, намысы мен қадірін құрметтеулері тиістілігі арнайы атап өтіледі (48-бап). Конституциялық борыштар мен заңдарды азаматтар орындамаған жағдайларды, азаматтық немесе қылмыстық жауапкершілік күшке енеді.



Тапсырма

Ойлап көр, Сенің сыныбың – шағын бір қоғам. Сеніңше, егер оның азаматтары барлық құқық пен еркіндіктерге ие болса, бірақ олардың ешбір борышы болмаса, онда не болады?

2. ЗАҢ АЛДЫНДА БАРША ТЕҢ

Заң алдында жалпы теңдік принципі әлеуметтік беделі, ие болған мансабы және сол сияқтыларға қарамай мемлекеттің барлық азаматтарына сіндіріледі. Бірде-бір азамат Конституциямен белгіленген борыштардан бас тартпауы немесе азат етілмеуі керек.

Конституция мен заңдарды сақтау мемлекет азаматтарының ең негізгі борышы болып табылады.



Негізгі заң белгілейді

Барлық азаматтар Конституцияда белгілеп қойылған борыштарын орындайды.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 47-бап.

Тарихи және мәдени мұраны құнтпен сақтау

Өзбекстан халқының тарихи ескерткіштері, мәдени және рухани мұрасы бүкіл халықтың ұлттық байлығы болып табылады. Бұл ұлттық байлық ғасырлар бойы жаратылды және бәріміз ата-бабаларымыздың тарихи және мәдени мұрасын сақтап қалуымыз тиіс.

Қоршаған табиғи ортаға сақтықпен қатынаста болу

Қоршаған табиғи ортаға сақтықпен қатынаста болу қажеттілігі Конституцияда (50-бап) және «Өзбекстан Республикасы табиғатын қорғау туралы» Заңда өз көрінісін тауып, олар азаматтар міндетіне төмендегі борыштарды жүктейді:

- табиғат қорларын тиімді пайдалану;
- табиғат байлықтарын үнемдеп сақтау;
- табиғат объектілерімен байланысты мәдени мұраны сақтау.

Бүгінгі күнде адам өмірі үшін табиғатты жою, ауа, жер және суды ластандырудан басқа үлкен қауіп-қатер жоқ. Табиғатты құтқарғанда біз өзімізді апаттан құтқарамыз.



Негізгі заң белгілейді

Азаматтар Өзбекстан халқының тарихи, рухани және мәдени мұрасын ұқыппен сақтауға мәжбүр болып табылады.

Мәдениет ескерткіштері мемлекет қорғауында болады.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 49-бап.

Отанды қорғау

Өзбекстан Республикасының Конституциясында Отан қорғаушысы болу мемлекеттің әрбір азаматының борышы, деп жарияланған (52-бап). «Жалпы әскери міндет пен әскери қызмет туралы» Заңға сәйкес өз Отанын қорғау борышын азаматтар әскери немесе балама қызметті өтеу жолымен орындайды.

Балама қызмет әдетте халық шаруашылығы кәсіпорындарында тәжірибе талап етпейтін жұмыстарды орындауға жұмылдыруды көздейді. Әйелдер тыныш дәуірде әскери қызметке шақырылмайды.



Өзбекстанда тұрақты немесе уақытша жасап тұрған басқа мемлекеттер азаматтары мен азаматтығы болмаған тұлғалар әскери қызмет атқармайды және мемлекет оқу орындарында әскери дайындықтан өтпейді. Мерзімді әскери қызметке денсаулығына қарай әскери қызметке жарамды, шақыру күнінде 18 жасқа толған еркектер шақырылады. 1993 жылда 14 январь күні біздің мемлекетімізде **Отан қорғаушылар күні** деп жарияланған.



Негізгі заң белгілейді

Өзбекстан Республикасыни қорғау – Өзбекстан Республикасы әрбір азаматының борышы болып табылады. Азаматтар заңда белгіленген тәртіпте әскери немесе балама қызметті өтеуге мәжбүр.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 52-бап.

Білім алу – кәмететке жетпеген азаматтардың негізгі борышы

Мемлекет кәмететке жетпеген азаматтардың негізгі міндеттерінен бірі базалық жалпы білім алу болып табылады. Мектептерде тоғыз жыл оқыған соң білім алушылар оқуды 10–11-сыныптарда немесе лицейлерде, яки 11-сыныпты бітіргеннен кейін коллеждер немесе жоғары оқу мекемелерінде жалғастырады.

Өзбекстан Республикасының Конституциясына сәйкес әркім білім алу құқықына ие және әркімнің тегін жалпы білім алуына кепілдік беріледі (41-бап).

Қазіргі күнде республикамызда жоғары оқу орындары, орта арнаулы, кәсіптік-мамандық білім беру мекемелері, жалпы орта білім беру мектептері қызмет атқарып келеді. Олардың бүкіл күш-қайраты білім алушылар жан-жақты кемелденген, жоғары жалпы мәдениет дәрежесіне ие шығармашы адамдар болуына бағытталған.



3. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ САҚТАМАУҒА ЖАУАПКЕРШІЛІК

Өзбекстан Республикасының Өкімшілік жауапкершілік туралы Кодексіне сәйкес, заңбұзу болған күнге дейін 16 жасқа толған азаматтар әкімшілік жауапкершілікке тартылуы тиіс.

13 жастан өспірімдер айыпты ауырластыратын жағдайларда қастандықпен адам өлтіргендік, ал 14 жастан бастап қастандықпен адам өлтіру, қастандықпен өте ауыр немесе жеңіл тән жарақаты жасағандық, қинау, намысқа тию, адам ұрлау, басқыншылық, таланшылық, ұрлық, көлік құралдарын жүргізіп қашу және басқа ауыр заңбұзушылық үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Кәмелетке толмаған заңбұзушыларға қатысты төмендегі жаза түрлері қолдану мүмкін:

- келтірген зиянды жою міндеттемесін жүктеу;
- айыппұл;
- азаттықтан мақрұм ету.

Кәмелетке толмаған заңбұзушылар жазаны кәмелетке толмағандарға арналған колонияларда немесе жабық түрдегі арнаулы оқу-тәрбие мекемелерінде өтейді.



Қорытындыларды шығарамыз

Азаматтардың борыштары:

- ▶ заң алдында барша тең;
- ▶ құқықтар борыштарсыз болмайды;
- ▶ Конституция мен заңдарды сақтау;
- ▶ басқа адамдардың құқықтары, еркіндіктері, намысы және қадірін құрмет ету;
- ▶ тарихи және мәдениет ескерткіштерін қорғап сақтау;
- ▶ заңмен белгіленген салықтарды төлеу;
- ▶ әскери немесе балама қызметті өтеу;
- ▶ айнала табиғи ортаға сақтықпен қатынас жасау, қорғап сақтау.



Өзіңді тексер!

1. Сеніңше, мемлекет азаматтары құқық және еркіндіктерінің жүзеге асырылуы үшін олардың Конституцияда нығайтылып қойылуының өзі ғана жеткілікті ме?

2. Өзбекстан Республикасының Конституциясында мемлекет азаматтары үшін белгіленген борыштарды айтып бер.
3. Қалай ойлайсың, неліктен құқықтар борыштарсыз болмайды?
4. Мемлекет Конституциясы мен заңдарын сақтамағаны үшін кәмелетке толмағандарға қандай әкімшілік және қылмыстық жауапкерлік белгіленген?



Нормативтік құжат

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР ЖҰМЫСТАРЫ БОЙЫНША МЕКЕМЕЛЕРАРАЛЫҚ КОМИССИЯЛАР ТУРАЛЫ ЖАРҒЫ

(Көшірме)

9-бап. ЫҚПАЛ ШАРАЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ТӘРТІБІ

21. Аудан (қала) комиссиялары бұл Жарғының 20-бөлімінде назарда ұсталған жағдайларда кәмелетке толмағандарға ықпал жасау шарасы ретінде:

– аудан (қала) сотына кәмелетке толмаған жеке тұлғаға жәбірленушіден кешірім сұрау міндеттемесін жүктеу туралы ұсыныснама енгізуі;

– ескерту енгізуі;

– аудан (қала) сотына 15 жасар кәмелетке толмаған жеке тұлғаға, егер зиян мөлшері белгіленген минималдық жұмысақы мөлшерінен көп болмаса, келтірілген материалдық зиянды толтыру немесе жою міндеттемесін жүктеу немесе белгіленген минималдық жұмысақы мөлшерінен көп болмаған материалдық зиянды өз еңбегімен жою міндеттемесін жүктеу туралы ұсыныснама;

– 16 жасқа келген кәмелетке толмаған және өз бетінше ақша істеп табатын жеке тұлғаға Өзбекстан Республикасының Әкімшілік жауапкершілік туралы Кодексында ескерілген жағдайларда және мөлшерде айыпақы салу;

– кәмелетке толмаған жеке тұлғаны ата-анасы немесе олардың орнын басушы жеке тұлғаларға, немесе қоғамдық тәрбиешілері бақылауына, сондай-ақ еңбек ұжымы немесе бейресми бисауда ұйымдар бақылауына олардың разылығымен беруі;

– кәмелетке толмаған жеке тұлғаны заңдылықта қарастырылған жағдайларда және тәртіпте мамандандырылған тәлім-тәрбие мекемесіне орналастыру туралы сотқа сипаттама беруі мүмкін.

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНИҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІ

(Көшірме)

43-бап. Жаза жүйесі.

Қылмыс жасағанда айыпты деп табылған тұлғаларға қатысты төмендегі негізгі жазалар қолданылуы мүмкін: а) айыпақы; ә) тікелей құқықтан мақрұм ету; б) мәжбүри қоғамдық жұмыстары; в) құлқын түзету жұмыстары; г) қызмет бойынша шектеу; д) азаттықты шектеу; е) тәрбиелік бөлімге жөнету; ж) азаттықтан мақрұм ету; з) өмірбақилық азаттықтан мақрұм ету.

Тұтқынға негізгі жазалардан тыс әскери немесе арнаулы атақтан мақрұм ету сияқты қосымша жаза да қолданылуы мүмкін. Қызмет бойынша шектеу немесе тәрбиелік бөлімге жөнету түріндегі жазалар тек әскери қызметкерлерге қатысты қолданылады. Тікелей құқықтан мақрұм ету тек негізгі жаза ретінде ғана емес, сондай-ақ қосымша жаза ретінде де қолданылуы мүмкін.

82-бап. Айыпақы.

Айыпақы ең кем айлық жұмысақының екі еседен жиырма есеге дейінгі мөлшерде тағайындалады. Тұтқын айыпақы төлеуден алты ай мұрсат ішінде бас тартса, сот төленбеген айыпақы мөлшерін құлық түзету жұмыстары жазасымен алмастырады. Мұнда ең кем айлық жұмысақының екі есесі мөлшеріндегі айыпақы құлық түзету жұмыстарының бір айына теңестіріп есептеледі.

83-бап. Құлық түзету жұмыстары.

Құлық түзету жұмыстары тек еңбекке жарамды кәмелетке толмағандарға қатысты өзінің жұмыс орнында өтеу, айыпкер еш жерде істемесе, бұл жазаның атқарылуын бақылаушы мекемелер белгілеп беретін өзі жасайтын аумақтағы басқа орындарда өтеу ретінде бір айдан бір жылға дейінгі мұрсатқа тағайындалады.

85-бап. Азаттықтан мақрұм ету.

Кәмелетке толмағандарға қатысты азаттықтан мақрұм ету жазасы алты айдан он жалға дейінгі мерзімге тағайындалады.

Азаттықтан мақрұм ету қылмыс жасау кезінде он үш жастан он алты жасқа дейінгі тұлғаларға қатысты: б) ауыр қылмыс үшін – алты жылға дейін; в) өте ауыр қылмыс үшін – он жылға дейінгі мерзімге тағайындалады.

АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ ҮШІН СҰРАҚ ТАР

Қиналғанда жақша ішінде көрсетілген оқулық беттеріне жүзін.

1. Әкімшілік деген не? (33-б.)
2. Өзбекстан Республикасында мемлекет әкімшілігінің бірегей қайнаркөзі кім? (33-б.)
3. Белгілі бір мемлекетке тиістілігін дәлелдеп бере алмаған тұлға қалай аталады? (37-б.)
4. Өзбекстан Республикасы Конституциясының Екінші бөлімі қайсы мәселелерге арналған? (34-б.)
5. Өзбекстан Республикасы Конституциясында нығайтылып қойылған жеке тұлғалық құқық пен еркіндіктерін санап бер. (35-б.)
6. Өзбекстан Республикасы Конституциясында нығайтылып қойылған саяси құқықтықтарды санап бер. (35-б.)
7. Өзбекстан Республикасы Конституциясында нығайтылып қойылған экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарды санап бер. (35–36-б.)
8. Жеке тұлғаның конкрет мемлекетпен орнықты байланысы қалай аталады? (36-б.)
9. Азаматтығы болмаған жеке тұлға қандай құқықтардан мақрұм болады? (62-б.)
10. Дискриминация деген не? (62-б.)
11. Өзбекстан Республикасында азаматтыққа жататын жұмыстармен қайсы мемлекет ұйымдары шұғылданады? (63-б.)
12. Өзбекстан азаматтығын қандай тәрізде алу мүмкін? (63-б.)
13. Өзбекстан Республикасы азаматтығын тоқтатып қою үшін қайсы себептер негіз болуы мүмкін? (65-б.)
14. Белгілі бір мемлекет азаматтығын қайсы құжат бекітеді? (63, 66-б.)
15. Биометриялық төлқұжат ерекшеліктерін атап бер. (63-б.)
16. «Өзбекстан Республикасында өлім жазасын жоққа шығару туралы» Заң қашан қабылданған? (41-б.)
17. Мемлекет әкімшілігі мекемелеріне азаматтардың жүгіну түрлерін атап бер. (58-б.)
18. Өзбекстан Республикасы азаматы экономикалық және әлеуметтік құқықтарын санап бер. (58-б.)
19. Кәсіпорын әкімшілігі қай жастан бастап жұмысқа қабылдауға құқылы? (48-б.)
20. Кәмелетке толмаған жеке тұлға қандай шарттарға қарай жұмысқа қабылдануы мүмкін? (51-б.)
21. Адам құқықтары бойынша өкіл – Омбудсман құқықтарын атап бер. (70-б.)
22. Адам құқықтары бойынша Өзбекстан Республикасы Ұлттық орталығының міндеттерін атап бер. (71-б.)
23. Өзбекстан Республикасы Конституциясымен мемлекет азаматтары үшін белгіленген борыштар және міндеттемелерді санап бер (74-б.)

III бөлім

ҚОҒАМ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒА



Азаматтар өзінің құқық және еркіндіктерін іске асыруда басқа жеке тұлғалардың, мемлекет пен қоғамның заңдық мүдделері, құқықтары және еркіндіктеріне зиян келтірмеулері шарт.

**Өзбекстан Республикасының
Конституциясы, 20-бап.**

13-§. ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕР ЖӘНЕ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Тақырып бойынша жұмыс істеу нәтижесінде:

- демократиялық мемлекеттегі идеологиялық және саяси көзқарастардың сантүрлілігі;
- демократияның құрамдық бөлігі ретінде қоғамдық бірлестіктердің қызметін;
- бұқаралық ақпарат құралдарының қызмет принциптерін біліп аласың.

1. Қоғамдық бірлестіктер не үшін керек?
2. Қоғамдық бірлестіктерін құру және қызметін жүргізу принциптері.
3. Бұқаралық ақпарат құралдары.

1. ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРІ НЕ ҮШІН КЕРЕК?

Қоғамдық бірлестіктері – бұл, өзінің мүдделері мен тілектері, қабілеттері мен таланттарын көрсету мүмкіндігінен туындаған күйде түрлі топтарға бірігу жолымен қоғам өмірінде қатысу үшін мемлекет тұрғындары бірлестіктерінің іс жүзінде пайда болуы.

Сеніңше, қоғамдық бірлестіктер мен бұқаралық ақпарат құралдары мемлекетке не үшін керек? Адамдардың әр түрлі топтары, партиялар мен бұқаралық әрекеттердің қоғам өміріндегі қатысы қаншалықты маңызды?



1-тапсырма

Өзбекстан Республикасындағы қайсы қоғамдық бірлестіктердің қызметі туралы есіткеніңді, газеттерде оқығаныңда еске түсір?

Қоғамдық бірлестіктер жалпы мүдде негізінде азаматтардың ерікті белгілеулері нәтижесінде жүзеге келген құрылым болып табылады.

Қоғамдық бірлестіктер төмендегі формаларда болады: қоғамдық ұйымдар, бұқаралық қозғалыстар, қоғамдық қорлар және басқа биресми үкімет мекемелер.

Өзбекстан Республикасында сондай қоғамдық ұйымдар бар, атап айтқанда, Өзбекстан әйел-қыздар комитеті, «Салауатты ұрпақ үшін» халықаралық қоры, «Жастар одағы», «Сен жалғыз емессің» Республика қоғамдық балалар қоры, «Нурони» қариялар Кеңесі, «Махалла» қоры және басқалар.



2-тапсырма

Кестені толтыр.

Қоғамдық бірлестіктер	Аты
Кәсіподақтар	
Саяси партиялар	
Мүгедектер ұйымы	
Шығармашылық одақтар	
Қоғамдық қайырымдылық қорлары	
Әйел-қыздар, балалар ұйымдары	



Негізгі заң белгілейді

Өзбекстан Республикасы азаматтарының кәсіподақтарына, саяси парияларға және басқа қоғамдық бірлестіктерге ұйымдасу, бұқаралық қозғалыстарда қатысу құқықына ие болып табылады.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 34-бап.



Негізгі заң белгілейді

Өзбекстан Республикасында заңда белгіленген тәртіпте тіркеуден өткізілген кәсіптік одақтар, саяси партиялар, ғалымдардың қоғамдары, әйел-қыздар, қариялар және жастар ұйымдары, шығармашылық одақтар, бұқаралық қозғалыстар мен азаматтардың басқа одақтары қоғамдық бірлестіктер ретінде тән алынады.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 56-бап.

2. ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕР ҚҰРУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІН ЖҮРГІЗУ ПРИНЦИПТЕРІ

Мемлекет ұйымдарымен бір қатарда мемлекеттің еңбек ететін халқының құқықтарын қорғаушы кәсіптік одақтар еліміздегі ең бұқаралық қоғамдық бірлестіктер болып есептеледі. Бүгінгі күнде кәсіптік одақтары ұйымдары мемлекет басқару мекемелерінен тәуелсіз болып, тек қызметкерлер мен қоғамдық мүдделер үшін қызмет етеді.



Негізгі заң белгілейді

Кәсіптік одақтар қызметкерлердің әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін сипаттайды және қорғайды. Кәсіп-тік ұйымдарына мүше болу ерікті болып табылады.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 59-бап.

Барлық қоғамдық бірлестіктер өз жарғылары негізінде және Өзбекстан Республикасының іс жүзіндегі заң құжаттары шеңберінде жұмыс жүргізеді.



Негізгі заң белгілейді

Конституциялық құрылымды күшпен өзгертуді мақсат етіп қоюшы, республиканың суверенитеті, тұтастығы және қауіпсіздігіне, азаматтардың конституциялық құқық пен еркіндіктеріне қарсы шығушы, соғысты, әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік және діни қайшылықты насихаттаушы, халықтың салауаттығы мен руханилығына қауіп төндіруші, сондай-ақ, әскерилендірілген бірлестіктердің, ұлттық және діни рухтағы саяси партиялардың және қоғамдық бірлестіктердің құрылысы мен қызметіне салынады.

Құпия қоғамдар мен бірлестіктер құруға тыйым салынады.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 57-бап.

Қоғамдық бірлестіктерді тарату, олардың қызметіне тыйым салу немесе шектеп қою тек сот қаулысы негізінде ғана іске асырылады.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 62-бап.

3. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ

Өзбекстан Республикасының Конституциясына (67-бап) және Өзбекстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңына сәйкес әрбір азаматқа сөз еркіндігі: радио арқылы, баспада, теледидарда және басқа бұқаралық ақпарат құралдарында шығу, өз пікірі мен нанымын жариялау құқығы беріледі.



Негізгі заң белгілейді

Бұқаралық ақпарат құралдары ерікті және заңға сәйкес жұмыс жүргізеді. Олар ақпараттың дұрыстығы үшін белгілі тәртіпте жауапты болып табылады. Цензураға жол берілмейді.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 67-бап.



Есте сақта!

Цензура – идеологиялық тұрғыдан зиянды болып есептелген мақалаларға тыйым салу мақсатында газеттер, журналдар және басқа баспалардың басу алдынан тексерілуі.

Әркім туралы оның разылығынсыз ақпарат жинау, сақтау және пайдалануға тыйым салынған. Тек заңда белгіленген жайлар бұған жатпайды.

Егер бұқаралық ақпарат құралдарында дұрыс болмаған, сондай-ақ, адам қадірі-құны мен абыройына тіл тигізуші мәліметтер жарияланған болса, сол мәліметтерді басқан баспада мұндай мәліметтер үшін жалған екенін білдіру беруге құқықты болып табылады.



3-тапсырма

Сеніңше, адамдар өздері қалаған барлық нәрселерді жариялау мүмкіндікіне ие болуы керек пе? Бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс және жарияланбауы шарт болған нәрселер тізімін жаса.

Өз қызметінде адамдарды оның іс-әрекеттеріне қарсы бағыттаған кейбір газеттерді үкімет белгілі уақытқа жауып қояды.

Сеніңше, бұл адам құқықтарының бұзылуы ма? Келешекте мемлекет бастығы орнында болып қалсаң, қандай жұмыс жүргізген болар едің?

Қоғам мен әрбір адамның ақпарат алуы – экономикалық және рухани көтерілу кепілі. Бірақ жалғандастырылған, жұртшылық пікірі қалыптаспауы үшін ақпарат тарату мемлекет немесе бір топ жеке тұлғалардың монополиясы болып қалмауы тиіс.

Демократиялық құқықтық мемлекет орнатудың негізгі шарттарынан бірі – баспа және ақпарат еркіндігі. Бірақ сөз бен баспа және баспасөз еркіндігі дербес бола алмайды. Өйткені теледидар экранында берілген, газетте жарияланған ақпаратты миллиондап адамдар есітеді, оқиды. Егер белгілі бір жеке тұлға, кәсіпорын, өндіріс саласы туралы жаңылыс мәліметтер айтылса, мұнымен олардың беделіне зиян келеді, құқықтары бұзылады. Жалған мәліметтер, зорлықшыл іс-әрекеттеріне үндеу және басқа іс-әрекеттер үшін оларды жариялаған бұқаралық ақпарат құралдары іс жүзіндегі заңға сәйкес сот алдында жауапкерлікке тартылады.

4-тапсырма

Сеніңше, тәуелсіз баспасөз болады ма?

Газеттерден қайсыларын үзбей оқып тұрасың?

Назар аударуың және оны үнемі оқып тұруың үшін Сеніңше, газет қандай болуы тиіс?

Заңға сәйкес төмендегі жағдайларда бұқаралық ақпарат құралдарынан пайдалануға жол берілмейді:

қазіргі құрылымды, Өзбекстан Республикасының аумақтық тұтастығын зорлықпен өзгертуге үндеу мақсатында болса;

соғыс пен зорлықшылдықты, ұлттық, нәсілдік және діни көреалмаушылықты насихаттау мақсатында болса;

мемлекет сыры немесе заңмен қорғалатын басқа сырларды құрайтын мәліметтерді жариялау;

ұлттық, нәсілдік, этникалық немесе діни көре алмаушылық қоздырғыш ақпараттар тарату;

бұқаралық ақпарат құралдары арқылы азаматтар намысы, қадір-беделіне немесе жұмыс қызметіндегі абыройына дақ түсіруші ақпараттар тарату, олардың жеке тұлғалық өміріне араласуға тыйым салынады.

Сондай-ақ, тергеу және прокуратура мекемелерінің рұқсатынсыз бастапқы тергеу материалдарын жариялауға да тыйым салынады.



Қорытындыларды шығарамыз

Қоғамдық бірлестіктер,
бұқаралық ақпарат құралдары:

- мақсат– әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-саяси ділгірліктерді шешу;
- қоғамдық бірлестіктер, саяси партиялар;
- қайырымдылық қорлары;
- кәсіподақтар;
- тіркеуден өту мәжбүрі;
- еріктілік;
- саяси плюрализм;
- ОАВ-да – цензураға жол берілмейді;
- жала үшін – сот жауапкерлігі;
- ақпарат алу – жоғарылау кепілі;
- «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заң.



Өзіңді тексер!

1. Қоғамдық бірлестіктердің мемлекет мекемелерінен негізгі айырмашылықтарын айтып бер.
2. Өзбекстан Республикасында бар қоғамдық бірлестіктердің түрлерін санап бер.
3. Қоғамдық бірлестіктер қайсы принциптер негізінде құрылады және қызмет етеді?
4. Мемлекет және қоғамдық бірлестіктердің өзара байланыстары қандай түрде іске асырылады?
5. Өзбекстан Республикасында қандай партиялар және қоғамдық бірлестіктерді ұйымдастыруға тыйым салынған?
6. Сөз және баспа еріктілігі қай түрде қоғамға кері әсер етуі мүмкін?
7. Қандай ақпарат құралдарын тәуелсіз деп есептеу мүмкін?
8. Сөйлемді жалғастыр: «Мен газет оқымаймын, Өйткені ...».

14-§. САЯСИ ПАРТИЯЛАР ҚЫЗМЕТІ

Тақырып бойынша жұмыс істеу нәтижесінде:

– демократиялық құқықтық мемлекетте партиялар қызметінің маңызы туралы;

– Өзбекстан Республикасында саяси партиялар қызметі және олардың бағдарламалары туралы біліп аласың.

1. Азаматтардың мемлекетті басқаруға қатысуы.

2. Өзбекстан Республикасында көппартиялылық жүйесінің қалыптасуы.

1. АЗАМАТТАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІ БАСҚАРУҒА ҚАТЫСУЫ

Адамдар өмірінде түрлі ділгірліктер бар. Сол ділгірліктерден кейбіреулерін адамның өзі, ал басқаларын тек өзгелермен бірге шешу мүмкін. Мысалы, іскерлікті дамытумен байланысты болған ділгірліктер – іскерлер мүдделерін қорғау, несие алу, салыққа тарту, сыртқы базарға шығу ділгірліктерін шешу үшін іскерлер бірлестігі құрылады. Сондай-ақ, басқа топтар: зейнеткерлер, мүмкіндігі шектелгендер, жастар, мұғалімдер, дәрігерлер және басқалар да өз ділгірліктерін шешу мақсатында бірлеседі.



1-тапсырма

Төрт топқа бөлін.

Сенің тобың ең ұйымдасқан және біріккен екендігін, сондықтан да оның өкілдері заң шығарушы мекеме депутаттары арасында көпшілікке ие болуы керектігін дәлелдеуге әрекет етіп көр.

Міне, демократиялық қоғамда мемлекет әкімшілігі мекемелерінде сол топтардан тек біреуінің өкілдері болуының мүмкіндігі жоқтығына өзің де сенімді боласың.

Сол топтардан әрқайсысының мүдделері көрінуі және қорғануға қалай қол жеткізу мүмкін?



2-тапсырма

Алты топқа бөлін: екі топ саяси партияларды, ал қалғандары зейнеткерлер, жастар, фермерлер және әйелдер бірлестіктері өкілдерін сипаттасын.

Саяси партиялардың өкілдері бағдарламалар жасап, оларда жоғарыда атап өтілген топтардың мүдделерін ескерген күйде өз мақсат және міндеттерін белгілейді және қолдап-қуаттауға қол жеткізу үшін олардың арасында насихат жұмыстарын жүргізеді.

Зейнеткерлер, жастар жасап, фермерлер және әйелдер топтары өздеріне тән болған ділгірліктерді анықтайды.

Насихат жұмыстары барысында сол партиялардан қайсысын артық көрулері анықталуы тиіс.

2. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КӨППАРТИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Саяси партиялар құру және олардың ішінде қатысу азаматтардың маңызды саяси құқықтарынан бірі болып саналады. Ендеше, саяси партияның өзі не?



Есте сақта!

Саяси партия – Өзбекстан Республикасы азаматтарының көзқарастары, мүдделері және мақсаттары ортақтық негізінде түзілген, мемлекеттік әкімшілік мекемелерін қалыптастыруда қоғам-ның белгілі бөлігінің саяси мақсатын жүзеге шығарушы және өз өкілдері арқылы мемлекет пен қоғам жұмыстарын басқаруда қатысушы ерікті бірлестігі.

Өзбекстан Республикасының «Саяси партиялар туралы» Заңы, 1-бап.

Тарихи үдеріс бірпартиялық жүйесі мемлекетте диктатура орнатылуына алып келетінін дәлелдеді. Ал көппартиялық жүйесі азаматтарға әр түрлі партиялардан үміткерлерді таңдап алуға және қоғамды дамыту тұрғысында кез келген бағдарламаға беруге мүмкіндік жаратады.



Негізгі заң белгілейді

Саяси партиялар түрлі тап пен топтардың саяси еріктігін сипаттайды және өздерінің демократиялық жолмен сайлап қойылған өкілдері арқылы мемлекет әкімшілігін түзуде қатысады.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 60-бап.

Әрбір азаматта өзінің пікірінше оның мүдделерін сипаттайтын, мемлекет дамуына мүмкіндік жасап беретін партиядан үміткерді таңдап алуы үшін демократиялық құқықтық мемлекетте кемінде екі партия болуы керек.

Қазіргі кезде Олий Мажлис Заңдылық палатасында бес саяси партия өкілдері қатысып отыр. Олар заңдылықты қалыптастыру және экономика, мәдениет және әлеуметтік салаларда мемлекет саясатын жүргізуде үлкен ықпалын тигізіп жатыр.



Партияның аты	Тіркеуден өткен датасы	Мақсат
Өзбекстан Халық демократиялық партиясы (ХДП)	1991 ж.	Әлеуметтік әділет, мемлекет өркендеуі мен рухани жаңалануын камсыздандыру.
«Адолат» социал-демократиялық партиясы	1995 ж.	Құқықтық демократиялық мемлекет орнату, әлеуметтік әділет орнату.
Өзбекстан «Ұлттық қалыптасу» демократиялық партиясы	1995 ж.	Мемлекеттің жалпы адамилық құндылықтар негізінде ұлттық қалыптасуы.
Кәсіпкерлер мен іскерлер әрекеті – Өзбекстан либерал-демократиялық (УзЛидеП) партиясы	2003 ж.	Орта сынып кіші бизнес саудагерлері, іскер адамдар, өндіріс пен басқару жоғары тәжірибелі мамандардың мүдделерін қорғау.
Өзбекстан экологиялық партиясы	2019 ж.	Айнала ортаны қорғауда жұртшылық белсенділігін жан-жақты арттыру.

Қорытындыларды шығарамыз

Саяси партиялардың қызметі:

- мақсат– әлеуметтік-саяси ділгірліктерді шешу;
- пікірлердің саяси және идеологиялық саналуандығы;
- көппартиялылық – пікірлер саналуандығы;
- партия – мемлекет әкімшілігін қалыптастырады, өз өкілдері арқылы мемлекетті басқарады;
- «Саяси партиялар туралы» Заң;
- «Мемлекет басқаруын жаңарту мен демократияландыру және мемлекетті модернизациялауда саяси партиялардың рөлін күшейту туралы» Конституциялық Заң.



Өзіңді тексер!

1. Адамдар не мақсатпен саяси партияларға және қозғалыстарға бірлеседі?
2. Көппартиялылықтың болғаны мемлекетте демократияның дамуына қай түрде ұнамды ықпал жасайды?
3. Мемлекет Конституциясы мен заңдарына сәйкес Өзбекстан Республикасында қандай партиялар түзілуіне тыйым салынған?
4. Бүгінгі күнде Өзбекстан Республикасында қызмет атқарып жатқан саяси партияларды атап бер.

САЯСИ ПАРТИЯЛАР ТУРАЛЫ ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЗАҢЫ

(Көшірме)

2-бап. Саяси партиялар қызметінің құқықтық негіздері

Саяси партиялар өз қызметін Өзбекстан Республикасы Конституциясы, осы заң, басқа заң құжаттары, сондай-ақ өз Жарғылары негізінде іске асырады.

3-бап. Саяси партиялар түзу және қызмет принциптері

Саяси партиялар тілек-еркін ерікті сипаттау, ерікті мүше болу және партиядан шығу, өз мүшелері тең құқықтығы. Өзін-өзі басқару, заңдылық және жариялылық негізінде азаматтар құқық пен еріктіліктерді жүзеге шығару мақбасқышнда түзіледі.

Саяси партиялар түзу және қызмет жүргізу төмендегі жағдайларда:
Конституциялық құрылымды күшпен өзгертуді көздеуші;

Өзбекстан Республикасының суверентитеті, тұтастығы және қауіпсіздігіне, азаматтардың Конституциялық құқық пен еріктіліктеріне қарсы шығушы;

соғысты, әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік және діни көре алмаушылықты насихаттаушы;

халықтың салауаттығы мен руханилығына қауіп төндіруші;

ұлттық және діни рухтағы саяси партиялардың түзілуі мен қызметіне тыйым салынады.

4-бап. Саяси партияларда мүшелік

Саяси партияларда мүше бола алмайлы:

судьялар;

прокурорлар және прокуратура тергеушілері;

ішкі істер, мемлекеттік қауіпсіздік қызметі мекеме қызметкері;

әскери қызметшілер;

шет мемлекеттер азаматтары және азаматтығы болмаған жеке тұлғалар.

15-§. ЖАНҰЯ ҚОҒАМНЫҢ БУЫНЫ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕГІНІҢ НЕГІЗІ

Тақырып бойынша жұмыс істеу нәтижесінде:

- Жанұя қоғам мен қоғамның жанұяға қатысты негізгі құқықтары және міндеттемелері туралы;
- некеден өту шарттары туралы;
- ерлі-зайыптылардың құқық пен міндеттемелері туралы;
- перзенттердің құқықтары туралы біліп аласың.

1. Жанұя мен қоғам.
2. Жанұя мемлекет қорғауында.
3. Некеден өту шарттары.
4. Балалардың құқықтары.

1. ЖАНҰЯ МЕН ҚОҒАМ

Қоғамда жанұяның орны өте маңызды, ол әділетті түрде кез келген қоғамның негізі ретінде қарастырылады. Өйткені жанұя әлеуметтік өмірдің жеке саласын өзінде жинақтаған болып, онда келешекте қоғамда жасауы және мемлекеттің азаматына айналуы керек болған жеке тұлғаның дүниеге келуі, аяққа тұруы және жетілу үдерістері өтеді.

Қоғамның жағдайы да, сондай-ақ, адам жанұяда қандай тәрбие алғанына, бұл ұядан қандай рухани нанымдықты жанына сіңдіре білгеніне, жеке тұлға жанұяда кемелденуі үшін қажетті жағдайлар қаншалықты жөн екендігіне байланысты болады. Сондықтан жанұяны қорғауға әрбір қоғамда, кез келген мемлекетте арнайы назар аударылады.



Негізгі заң белгілейді

Жанұя қоғамның негізгі буыны және қоғам мен мемлекет қорғауында болу құқығына ие.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 63-бап.

Елімізде жанұя, аналық және балалықтың Конституциялық қорғанысы адам құқықтары бойынша халықаралық құжаттарға сай келеді.

Заңдармен ана мен бала мүдделерінің қорғанысы қамтамасыз етіледі.

**Жанұялық қатынастар
саласындағы Конституциялық
принциптер:**

→ әйелдер мен еркектер құқықтарының теңдігі;

→ неке еріктілігі, тұрмыс жолдасын таңдау еріктілігі;

→ некеленген жеке тұлғалардың тең құқықтылығы;

→ ата-аналарының келіп шығуы және азаматтық беделіне қарамай заң алдында перзенттер құқықтарының теңдігі;

→ жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынан мақрұм болған балалар күтімі, тәрбиеленуі және білім алуының кепілденгендігі;

→ аналық және балалық қорғанысы;

**Мемлекет төмендегі
міндеттемелерді өз
жауапкерлігіне алады:**

→ жанұяны қорғау;

→ жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынан мақрұм болған балалар күтімі, тәрбиеленуі және білім алуын қамтамасыз ету;

→ жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынан мақрұм болған балаларға қатысты қайырымдылық қызметін ынталандыру.



Негізгі заң белгілейді

Ата-аналар өз перзенттерін кәмелетке толғанға дейін бағу және тәрбиелеуге мәжбүр болып табылады.

Мемлекет пен қоғам жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығынан мақрұм болған балаларды бағу, тәрбиелеу және оқытуды қамтамасыз етеді, балаларға арналған қайырымды қызметтерді ынталандырады.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 64-бап.

2. ЖАНҰЯ МЕМЛЕКЕТ ҚОРҒАУЫНДА

Жанұя қорғанысы мемлекетте түрлі заңдарды қабылдау, сондай-ақ, қоғам қорлары мен ұйымдардың рухани және материалдық көмек жолымен іске асырылады. Сондықтан, тәуелсіздік жылдарында республикада «Балалар қоры», «Махалла», «Экосан», ұлттық «Қызыл Жарты ай қоғамы» сияқты көп балалы және кем қамсыздандырылған жанұяларға, балаларға, жалғыз қарияларға және басқаларға мүмкіндігінше жәрдем беріп жатқан қоғам қорлары ұйымдастырылды.

Өзбекстан Республикасы Президентінің Жарлығы бойынша 1993 жылы 7 мамырда мемлекетте бірінші орден – «Салауатты ұрпақ үшін» шықты.

Аналық және балалықты қорғауда, салауатты ұрпақ жетілуі үшін материалдық жағдайлар мен рухани ортаны қамтамасыз етуде ерекше қызмет көрсеткен жеке тұлғалар «Салауатты ұрпақ үшін» орденімен марапатталады.



3. НЕКЕ ҚҰРУ ШАРТТАРЫ

Неке құру үшін күйеу мен келіннің ерікті разылығы қажет, сондай-ақ, олар белгілі жасқа толуы шарт (қыздар мен жігіттер – 18 жастан).

Ерікті разылық неке құру мәселесі шешілгенде үшінші жеке тұлғалардың қысымы болмауы керектігін білдіреді. Үшінші жеке тұлғалар, солардың қатарында, ата-аналар некеленуге кедергілік қылмыстық жазаланатын әрекетке айналуы мүмкін. Туыс-жақындар кеңестер беруі, неке тойына даярлауға көмектесулері, материалдық және рухани жағынан қолдаулары мүмкін.

Сениңше, неге елімізде мәжбүри некеге тыйым салынған және жыныстық жауапкерлікке тартылатын қылмыс саналады? Жауабыңды негізде.

Төмендегі жағдайларда неке құру тыйым салынады:

– екі жақтың бірі тіркеуге алынған басқа некеде болса: психикалық ауруы немесе ақыл-есі кемістігінен соттың қатынас жасауға жарамсыз деп шешкен жеке тұлғалар арасында: нәсіл-тек шежіресі бойынша тікелей ұштасқан туысқандар арасындағы некеге жол берілмейді.

Ерлі-зайыптылар, сондай-ақ, өздерінің кәмелетке толмаған балалар тәрбиесі үшін, олардың қылықтары мен қылмыстары үшін жауапты болады. Сонымен қатар перзенттер де өз әке-шешесі жайында қамқорлық жасаулары, оларға көмек берулері, қолдап-қуаттаулары тиіс. Кәмелетке толғанға дейін бұл міндеттеме рухани сипатта болып, ал олар 18 жасқа толған соң заңдықүшке енеді.

4. БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Балалардың құқықтары «Бала құқықтары туралы Конвенция» (1989 ж.) секілді беделді халықаралық құжатта және Өзбекстан Республикасының «Бала құқықтары кепілдіктері туралы» Заңында (2008 ж.) нығайтылып қойылған. Оған емес, бұл заңдарға сәйкес адам туылғаннан 18 жасқа дейін бала болып сесептеледі және төмендегілерге құқыды.



жасауға, ақыл-есі және денесі дамуға;

есімі мен азаматтығы болуына;

жанұяда тәрбиеленуге;

пікір, ұждан және діни нанымдық еріктілігіне;

білім алуға;

күштеусіз өмірге, жеке тұлғалық қадір-құны құрмет етілуіне және басқаларға.

Ой жүгірту үшін сұрақтар

1. Қалай есептейсің, ертедегі грек ғалымы Аристотель: «Платон маған дос, бірақ ақиқат қымбат», деген сөзді айтқанда нені көздеген?

Бұл сөзді құқықтық қатынасқа қандай жағдайда қолдану мүмкін?

2. Ақын әрі мемлекет қайраткері Әлішер Науаи былай деген: «Егер сен адам болсаң, халықтың мұқтаждығы туралы қайғырмайтынды адам деп атама».

Бұл айтылғанға қосыласың ба? Жауабыңды негізде.

3. Көне Рим философы Сенека былай деген екен: «Барлық жеңістер өзінді жеңуден басталады. Бұл ең жоғары билік. Өзіңнің сезімдеріңнің құлына айналу – ең үрейлі құлдық». Бұл сөздерді еңбекке, білім алуға немесе басқа іске қатысты түсінік беруге әрекет етіп көр.

Сен осы пікірлерге қосыласың ба? Егер дәлелдесең, не үшін?

4. Өзбек мақалында айтылады: «Еңбек – жеңіс, абырой-даңқ және байлық кілті». Сен бұл сөзге қосыласың ба?

Сен атақты және дәулетті болудың басқа заңды жолын ұсына аласың ба?

5. Әмір Темір өзінің «Темур тузуклари» шығармасында былай дейді: «Егер мемлекет заңдарға сүйенбесе, ол өзінің абырой-даңқы және ұлылығын ұзақ уақыт сақтай алмайды».

Сен осы осы пікірге не дейсің? Егер қосылсаң, онда не үшін?

6. Ұлы энциклопедист ғалым Әбу Әли ибн Сина жазған: «Бекершілік пен сауық-сайраншылық тек әдепсіздікті ғана тудырмайды, олар сонымен қатар ауруға да себеп болады».

Бұлай айтудың мағынасын түсіндіріп бер.

2-тапсырма

1. *Сеніңше, мемлекет жанұялық қатынастарды тәртіпке салып тұруыкерек пе? Бәлкім, бұл нәрсе әркімнің жеке тұлғалық ісі шығар?*

2. *Ата-аналар ажырасқанда, сеніңше, кәмелетке толмаған перзент кіммен: анасы немесе әкесімен қалуы керек?*

3. *Жанұяда ата-аналар және перзенттер арасындағы өзара қатынастарда қандай типтік ділгірліктер жүзеге келеді? Неге бұл жүзеге келеді?*

Қорытындыларды шығарамыз

Жанұя – қоғам негізі:

- ▶ жеке тұлға жетілуі – жанұяда;
- ▶ әйелдер мен еркектер құқықтарының теңдігі;
- ▶ жанұяның мемлекет тарапынан қорғалуы;
- ▶ «Салауатты ұрпақ үшін» ордені;
- ▶ неке: қыздар-жігіттер 18 жастан;
- ▶ неке еріктілігі;
- ▶ перзенттер тәрбиесі тұрғысында ерлі-зайыптылардың теңдей жауапкерлігі;
- ▶ Бала құқықтары туралы Конвенция (1989 ж.).
- ▶ «Бала құқықтары кепілдіктері туралы» Заң (2008 ж.).

Өзіңді тексер!

1. Не үшін Конституциялық құқық нормаларымен жанұя қоғамның негізі деп тән алынады?
2. Жанұя-неке қатынастарының құқықтық негіздерін атап бер.
3. Ата-аналар мен балалардың құқық және міндеттемелерін айтып бер.
4. Қандай жағдайларда неке тіркелмеуі мүмкін?

16-§. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК-АУМАҚТЫҚ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРЫЛЫСЫ

Тақырып бойынша жұмыс істеу нәтижесінде:

- бар болған мемлекет құрылысының формалары, олардың артықшылықтары мен кемшіліктері туралы;
- Өзбекстан Республикасы мен Қарақалпақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы біліп аласың.

1. Мемлекет құрылысының формалары.

2. Өзбекстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы.

3. Қарақалпақстан Республикасының мемлекет құрылысы.

1. МЕМЛЕКЕТ ҚҰРЫЛЫСЫ ФОРМАЛАРЫ

Кез келген мемлекеттің негізгі белгісі, оның халқы жасап тұрған аумақтың бар екендігінде болып табылады. Айта кеткен жөн, мемлекеттің заңдары әрбір адамға жеткізіледі және әрбір адам өмірінің көптеген жақтарын тәртіпке салып тұрады. Бірақ мемлекет аумағының кез келген бөлігінде – ауылда, қалада, ауданда және басқаларда орталық әкімшілік мекемелері шешуі қиын болған күнделік ділгірліктер жүзеге келеді. Сондықтан да мемлекет әкімшілігі өкілеттіктерінің белгілі бөлігін орталық әкімшілік мекемелерінен жергілікті әкімшілік мекемелеріне берілетін бірдей бөлуге қажеттілік туылады.

Мемлекет құрылысының формасы – бұл жерлердегі әкімшілік мекемелерінің орталық әкімшілік мекемелерімен өзара қатынастарын белгілеп беретін саяси және аумақтық жағынан құралатыны болады.

Мемлекет құрылысының формасы төмендегілерді көрсетеді:

- мемлекет аумағы неше бөлікке және қай түрде бөлінгендігін;
- жергілікті және орталық әкімшілік мекемелері арасындағы қатынастар қай түрде іске асырылуын;
- сол мемлекет аумағында жасап тұрған әрбір ұлттың мүдделері қалай қорғалалатынын.

Дүниедегі көпшілік мемлекеттер мемлекет құрылысының **унитар**

формасына ие. Бұл халде мемлекет аумғы әкімшілік аумақтарға (облыстар, аудандар және басқаларға), яғни мемлекетшілікке ие болмаған, сондай-ақ басқару қолайлы болу үшін сондағы бар бөлімдерге бөлінеді.

Ұлы Британия, Франция, Италия, Норвегия, Швеция, Испания, Португалия, Греция, жапония, Финляндия, Өзбекстан, тағы басқалар унитар мемлекеттер қатарына кіреді.



Есте сақта!

Унитар мемлекет – бірегей мемлекет болып, оның жеке әкімшілік-аумақтық бірліктер бір түрлі құқықтарға ие болады, Бүкіл мемлекет аумағында бірегей Конституция, бірегей үкімет және бірегей заң құжаттары қолданылады.

Мемлекет құрылысының басқа бір формасы **федерация** болып табылады. Федерация субъектері өз Конституциясына, өз жоғары заң шығарушы, атқарушы және сот мекемелеріне ие болады. Бүкіл федерация үшін бірегей әкімшілік және басқару жоғары мекемелері ұйымдастырылады. Сондықтан, АҚШ, Канада, Бразилия, Мексика, Австрия, Бельгия, Швейцария, Пакистан, Аргентина, Ресей және басқалар федеративтік мемлекет болып табылады.



Есте сақта!

Федерация – бірнеше субъектер республикалар, қала және с.с. бірлестігін өзінде көрсететін одақтас ел. Федеративтік елді құраушы мемлекет бірлестіктері (штаттар, жерлер, провинциялар, елдер) федерация субъектері болып саналады да өзінің әкімшілік-аумақтық құрылысына ие болады.

Мемлекет құрылысының тағы бір формасы **конфедерация** болып табылады. Бұл бірлестікте әрбір мемлекет өз суверенитетін, тәуелсіздігін сақтап қалады. Конфедерацияда бірегей аумақ, бірегей азаматтық болмайды, әрбір мемлекет халықаралық байланыстарды тәуелсіз орнатады. Қазіргі күнде Еуропа Одағы елдердің конфедеративтік бірлестігіне мысал бола алады, заңдылық жолымен нығайтылмаған.



Есте сақта!

Конфедерация – белгілі мақсаттарға жету (мемлекеттердің бірге қорғанысы, кеденхана жұмыстарын, сыртқы сауда байланыстарын ұйымдастыру және басқа) үшін біріккен суверент елдер уақытша одағы. Қазіргі кезде әрбір мемлекет өз суверенитетін сақтап қалады.



1-тапсырма

Үш топқа бөлініп, мемлекет құрылысы әр түрлі формаларының артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтауға әрекет етіп көр.

2. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК-АУМАҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫ

Конституцияға сәйкес (68-бап) Өзбекстан Республикасы Қарақалпақстан Республикасы, облыстар, аудандар, қалалар, қалашықтар, қыстақтар мен ауылдардан құралған. Өзбекстан Республикасы әкімшілік-аумақтық құрылысының өзіне тәндігі оның құрамында аудандар, қалалар, қалашықтар мен ауылдардан құралған суверен Қарақалпақстан Республикасының бар екендігі болып табылады.

Еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылысы мемлекетті жақсырақ басқаруға, жүзеге келетін экономикалық және әлеуметтік ділгірліктерді тиімді шешуге мүмкіндік береді.



2-тапсырма

Өзбекстан Республикасы Конституциясының 1–6-баптарымен танысып шығып, Өзбекстан Республикасы мемлекет суверенитетіне білдіруші белгілердің бар екендігін анықта.

3. ҚАРАҚАЛПАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРЫЛЫСЫ

Қарақалпақстан Республикасы өз елдігінің қалыптасу мен даму және тарихына ие.

1993 жылы 9 сәуірде Өзбекстан Республикасының Конституциясы жоғарылығын тән алған Қарақалпақстан Республикасының Конституциясы қабылданды. Көп өтпей мемлекет рәміздері – елтаңбасы, жалауы, әнұраны қабылданды.

Қарақалпақстан азаматтары қазіргі кезде Өзбекстан Республикасы азаматы болып есептеледі және оның қорғауында болып табылады. Қарақалпақстан Республикасы өзінің әкімшілік-аумақтық құрылысы мәселелерін тәуелсіз шешеді.

Қарақалпақстан Республикасы өзінің Өзбекстан Республикасының Негізгі заңына қайшы болмаған Конституциясына ие. Өзбекстан заңдары Қарақалпақстан аумағында да қолданылуы мәжбүри болып табылады.



Негізгі заң белгілейді

Өзбекстан Республикасы мен Қарақалпақстан Республикасының өзара қатынастары Өзбекстан Республикасы мен Қарақалпақстан Республикасы арасында Өзбекстан Республикасы Конституциясы шеңберінде түзілген шарттар және бітімдермен тәртіпке келтіріледі.

Өзбекстан Республикасы мен Қарақалпақстан Республикасы арасындағы келіспеушіліктер ымыраға келтіруші құралдар көмегімен шешіледі.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 75-бап.

Өзбекстан Республикасына унитар мемлекет құрылысы белгілерімен бірге **федеративтік құрылыстың кейбір элементтері** де тән:

– Өзбекстан Республикасы құрамында суверент Қарақалпақстан Республикасының бар екендігі;

- екі – Өзбекстан Республикасы мен Қарақалпақстан Республикасы Конституцияларының болуы;
- Қарақалпақстан Республикасында өзінің мемлекет мекемелері: парламент (Жоғары Кенгес) те, сот мекемелері мен атқарушы әкімшілік мекемелері мен басқаларының болуы;
- Қарақалпақстан Республикасында мемлекеттік рәміздері: елтаңба, туы, елұранының болуы;
- Қарақалпақстан Республикасының өз аумақтық-әкімшілік түзілуі мәселелерін тәуелсіз шешу құқына иелігі;
- Қарақалпақстан Республикасының Өзбекстан Республикасы құрамынан бөлініп шығу құқықына иелігі.

3-тапсырма

Саған жақсы аян, әрбір мемлекеттің аумағы өз шекараларына және әрбір мемлекет алып келіп жатқан, алып кетіліп жатқан тауарлар, валюта мен басқаларды бақылауды іске асырушы өз кеденхана пункттеріне ие болып табылады.

Сол кеденхана пункттеріне қатысты өз қатынасыңды анықта («мақұлдаймын» немесе «қарсымын»).

Қорытындыларды шығарамыз

Мемлекет
басқару
формалары:

- унитарлық
- федерациялық;
- конфедерациялық.

Өзіңді тексер!

1. Суверент мемлекет қайсы белгілерге ие? Суверент мемлекет белгілерінен қайсысын ең маңызды ретінде сипаттау мүмкін?
2. Мемлекет құрылысының кез келген формасы неге байланысты болады?
3. Мемлекет құрылысы унитарлық формасының федеративтік формасынан айырмашылығы неде?
4. Қарақалпақстан Республикасы суверенитеті белгілерін айтып бер.

IV бөлім

МЕМЛЕКЕТ БАСҚАРУ МЕКЕМЕЛЕРІ

17-§. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МЕМЛЕКЕТ ӘКІМШІЛІГІНІҢ ТҮЗІЛУІ

Тақырып бойынша жұмыс істеу нәтижесінде:

- Өзбекстан Республикасындағы мемлекет әкімшілігі құрылымы жөнінде;
- заң шығарушы, атқарушы және сот әкімшілігінің бөліну принциптері жөнінде біліп аласың.


1. Әкімшіліксіз қоғам болуы мүмкін бе?
2. Өзбекстан Республикасында мемлекет әкімшілігінің құрылысы.
3. Әкімшіліктердің бөліну принциптері.

1. ӘКІМШІЛІКСІЗ ҚОҒАМ БОЛУЫ МҮМКІН БЕ?

Әрине әкімшілік болмаған қоғамды көз алдына елестету қиын. Қоғам өркендеуі тарихынан алынған мысалдарда (Ежелгі Рим, Ұлы Карл империясы және тағы басқалар) әкімшілік болмағанда қоғам ішкі қарама-қайшылықтар мен әкімшілік үшін күрес жүгі астында құрбан болып кетуін көруімізге болады.

Көп ғасырлар барысында адамзат идеал мемлекет құру үшін «бақыт формуласын» босқа іздеді.

Шығыс орта ғасырлар ойшылдарынан бірі Әбу Насыр әл-Фараби мемлекет, мемлекетті басқару пішіндері мемлекеттің міндеттері және басқа сол сияқты ұғымдарға сипаттама берген.



Әбу Әли ибн Сино әлеуметтік әділеттілік және тәртіпті қамтамасыз еткен әділ билеуші билік еткен мемлекетті жетік мемлекет деп есеп-

теген. Сол сияқты, ол мемлекеттің әрбір азаматы пайдалы еңбекпен шұғылдануы керек, деп атап өтті.

Тәуелсіздік жариялануымен Өзбекстанда өз жаңару және қоғам өркендеуі жолын тандап алу мүмкіндігі пайда болды. Жалпы келісімге келмегенге дейін кісілер мен қоғам қатынастарын ретке келтіретін күш керек болады. Бүгінгі күнде осындай күш халқы әртүрлі топтарының бір-біріне сәйкес келе алмайтын мүдделерін келістіруге үндейтін заңды(легитим) билік деп есептеледі



1-тапсырма

1. «Әкімшілік» сөзін естігенде Сенде қандай көрініс пайда болады: әкімшілік өкілдерінің қысым жасау іс-әрекеттері ме немесе азаматтар мүдделерін қорғауға бағытталған іс-әрекеттер ме?

2. Әкімшілік ұғымын білдіруші белгілерді атап өтуге әрекет ет. Мына қатарды жалғастыр: үкімет бұл...

3. **Қатарды жалғастыр:** егер, мен шектелмеген билікке ие болғанымда....

4. Үкіметтің кез келген қаулысын орындау бойынша ата-анаң немесе жақың тумысыңның қызметін есіңе ал.

5. Осы қаулылар отбасың және жеке өзіңнің кейінгі тағдырыңа қандай әсер етті?

2. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТ ҮКІМЕТІ ҚҰРЫЛЫМЫ

Демократиялық қоғамда заң негізінде жұмыс істейтін әкімшіліктің беделі биік болады және кісілер мұндай әкімшілікке жазалаудан қорқып емес, бәлкім оның іс-әрекеттерін мақұлдағандығы үшін мойынсұнады.

Әкімшілік – адамдардың құлық-мінезіне, олардың іс-әрекеттеріне және әдеттеріне ықпал ету мүмкіндігі. Әкімшілік конструктив (жасампаз) табиғатқа ие болуы, сол сияқты апатқа алып келуші салдарға ие болуы да, мемлекет халқы көпшілігінің мүдделері жолында да, тап осы сияқты, орындалмайтын уәделерді сылтауратқан күйде олардың мүдделеріне жүзеге асырылуы да мүмкін.



3-тапсырма

Мемлекеттер тарихынан билеушілер оңтайлы және кері әсерлерге алып келгендігіне байланысты мысалдар келтір..

3. ӘКІМШІЛІКТЕРДІҢ БӨЛІНУ ПРИНЦИПІ

Конституцияға сәйкес Өзбекстан Республикасында Олий Мажлис, Президент, Уәзірлер Мекемесі, сот әкімшілігі мекемелері мемлекет әкімшілігін іске асырады.

Мемлекет әкімшілігі мекемелері өзара ынтымақтастық жасай отырып бір-біріне әсер өткізеді, қоғамда тәртіпті қамтамасыз етеді және адамдарды біріктіретін идеяларды іске асырады.

Әрбір әкімшілік мекемесінің өкілдіктері әкімшілік өкілдіктері шеңберінен шетке шығу, оны қолдану және мемлекет әкімшілігінің басқа мекемелерінің қызмет саласына араласудың алдын алу мақсатында өте анық белгілеп беріледі.

Әкімшіліктің мемлекет мекемелері қызметінде ең маңыздысы – бұл, Өзбекстан Республикасы Конституциясының 11-бабында нығайтып қойылғанындай, **әкімшіліктердің бөліну принциптерін** іс жүзінде іске асыру мүмкіндігі. Бұл заңдылық, атқару және сот әкімшілігі өз қызметін тәуелсіз, бір-біріне бөгет жасамай жүзеге асыратындығын білдіреді.



3-тапсырма

Азаматтардың мемлекет мекемелеріне қатынасы мәселесі жөнінде өз көзқарасын анықта.

Халықтың мінез-құлқы төмендегілерге негізделеді:

- әкімшіліктің әділетті және заңды іс-әрекеттеріне сенуіне;
- әкімшілік мекемелеріне мойынсұну әдетіне;
- әкімшіліктен қорқуына.



Қорытындыларды шығарамыз

**Мемлекет
әкімшілігі меке-
мелері жүйесі:**

- Мемлекет әкімшілігі – адамдар мен қоғам арасындағы қатынастарды ретке келтіріп тұратын күш;
- әкімшілік – жасампаз немесе бұзушы әрекеттер;
- Олий Мажлис – Заңдылық палатасы мен Сенат;
- әкімшіліктің заң шығарушы, атқарушы және сот әкімшіліктеріне бөлінуі.



Өзіңді тексер!

1. Демократиялық-құқықтық мемлекет құру барысында неліктен әкімшіліктер бөлінуі принципінен пайдалану керек?
2. Өзбекстан Республикасында әкімшіліктер бөлінуі принципі қалай жүзеге асырылады?
3. Бір топ адамдарда жаңа заң дайындау немесе бар заңға өзгерту енгізу белсенді идеялар болса, қалай іс жүргізуі керек?



**Заң шығару
әкімшілігі**



**Атқарушы
әкімшілік**



Сот әкімшілігі

МЕМЛЕКЕТ ӘКІМШІЛІГІ

ЗАҢ ШЫҒАРУ

ЗАҢДАР

ЗАҢДАР

ЗАҢДАР

ЗАҢДАР

ЗАҢДАР

ЗАҢДАР

ЗАҢДАР

КОНСТИТУЦИЯ

18-§. ОЛИЙ МАЖЛИС ПЕН ОНЫҢ ӨКІЛДІКТЕРІ

Тақырып бойынша жұмыс істеу барысында төмендегілерді:

- Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі өкілдігі;
- Олий Мажлис заңдылық палатасы мен Сенатының ерекше өкілеттіліктері жөнінде біліп аласың;

1. Олий Мажлис және оның құрамын жетілдіру тәртібі.
2. Олий Мажлис Заңдылық палатасының ерекше өкілеттіліктері.
3. Олий Мажлис сенатының ерекше өкілеттіліктері.

1. ОЛИЙ МАЖЛИС ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰРАМЫН ЖЕТІЛДІРУ ТӘРТІБІ

Олий Мажлис бүгінгі таңда әкімшіліктің заң шығарушы және өкілетті мекемесі боп саналады, яғни депутаттар мен сенаторлар оларды сайлаған халық мүдделерін білдіреді.



Негізгі заң белгілейді

Өзбекстан Республикасының Олий Мажлисі жоғары мемлекет өкілет мекемесі болып, заң шығарушы әкімшілікті жүзеге асырады.

Өзбекстан Республикасының Олий Мажлисі екі палатадан – Заңдылық палатасы (төменгі палата) және Сенаттан (жоғары палата) құралған.

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің Заңдылық палатасы мен Сенаты өкілдігі мерзімі – бес жыл.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 76-бап.

Олий Мажлисінің Заңдылық палатасы(төменгі палата) аумақтық сайлау округтары бойынша көппартиялылық негізінде бес жылға сайланатын 150 депутаттан құралған. Заңдылық палатасының жұмысы оның барлық депутаттары тұрақты кәсіптік қызмет жүргізуіне негізделген.

Олий Мажлистің Сенаты (жоғары палата) аумақтық өкілдік палатасы болып, 100 сенатордан құралған. Сенаторлар Қарақалпақстан Республикасы, облыстар және Ташкент қаласынан тең мөлшерде –



алты кісіден сайланады. Олий Мажлисiнiң он алты мүшесi ғылым, өнер, әдебиет, өнеркәсiп саласында, сондай-ақ мемлекет және қоғам қызметiнiң басқа салаларында үлкен iс жүзiндiк тәжiрибеге ие болған және айырықша қызмет көрсеткен ең абыройлы азаматтардың iшiнен Өзбекстан Республикасының Президентi тағайындайды.

Сайлау күнi жиырма бес жасқа толған және кемiнде бес жыл Өзбекстан Республикасы аумағында тұрақты өмiр сүрген Өзбекстан Республикасының азаматы Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисiнiң Заңдылық палатасының депутаты, сондай-ақ, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисiнiң Сенаты мүшесi болуы мүмкiн. Бұл тұлға бiр уақытта Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисiнiң Заңдылық палатасы депутаты мен Сенаты депутаты болуы мүмкiн емес.

**ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ОЛИЙ МАЖЛИСИ**

Олий Мажлисi Сенаты

Кеңес

**Төрағасы және оның
орынбасарлары**

Комитеттер

100 сенатор

**Олий Мажлис Жоғары
палатасы**

**Олий Мажлисiнiң
Заңдылық Палатасы**

Кеңесi

**Спикерi және оның
орынбасарлары**

**Комитеттер,
комиссиялар**

150 депутат

**Олий Мажлис қуий
палатасы**




Өзбекстан Республикасы Конституциясының 78-бабына сәйкес
Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің Заң шығару палатасы мен
Сенатының бірге өкілеттіліктері төменгілерден құралады:

Заңдылық:

- Өзбекстан Республикасы Конституциясын қабылдау, оған өзгерту мен қосымшалар енгізу;
- Конституциялық заңдар, Өзбекстан Республикасы Заңдарын қабылдау, оларға өзгерту мен қосымшалар енгізу;
- Өзбекстан Республикасының референдумын өткізу және санасын тағайындау жөнінде қаулы қабылдау;
- Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің адам құқықтары бойынша өкілі және оның орынбасарын сайлау;
- кеден, валюта және несие жұмыстарын заң жолымен тәртіпке салу;
- Өзбекстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясын түзу.

Ішкі саясат:

- Өзбекстан Республикасы ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын белгілеу және мемлекет стратегиялық бағдарламаларын қабылдау;
- Өзбекстан Республикасы заң шығарушы, атқарушы және сот әкімшілігі мекемелерінің жүйесін және өкілеттіліктерін белгілеу;
- Өзбекстан Республикасы Уәзірлер Мекемесі ұсынысы бойынша Өзбекстан Республикасы Мемлекет бюджетін қабылдау және оның орындалуын бақылау;
- салықтар және басқа мәжбүри төлемдерді енгізу;
- Өзбекстан Республикасы Есептеу палатасының есеп-қысаптарын көріп шығу.



Сыйлықтау

Мемлекеттік сыйлықтар мен атақтарын түзу

2. ОЛИЙ МАЖЛИСИ ЗАҢ ШЫҒАРУ ПАЛАТАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕ ӨКІЛЕТТІЛІКТЕРІ

Өзбекстан Республикасы Конституциясының 79-бабына сәйкес Өзбекстан Республикасының Заң шығару палатасы ерекше өкілеттіліктер:

1) Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасы Спикері және оның орынбасарларын, комитеттердің төрағалары және олардың орынбасарларын сайлау;

2) Өзбекстан Республикасы Бас прокурорының ұсынымы бойынша Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі заң шығару палатасы депутатын дербестік құқықынан мақрұм ету жөніндегі мәселелерді шешу;

3) өз қызметін ұйымдастыру және палатаның ішкі тәртіп ережелеріне байланысты мәселелер бойынша қаулылар қабылдау;

4) саяси, әлеуметтік-экономикалық өмір саласындағы кез келген мәселелер бойынша, сондай-ақ мемлекет ішкі және сыртқы саясаты мәселелері бойынша қаулылар қабылдау кіреді.



3. ОЛИЙ МАЖЛИС СЕНАТЫНЫҢ ЕРЕКШЕ ӨКІЛЕТТІЛІКТЕРІ

Өзбекстан Республикасы Конституциясының 80-бабына сәйкес Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің Сенаты ерекше өкілеттіліктеріне:

1) Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің Сенаты Төрағасы және оның орынбасарларын, комитеттердің төрағалары мен олардың орынбасарларын сайлау;

2) Өзбекстан Республикасы Президентінің ұсынымы бойынша Өзбекстан Республикасы Конституциялық сотын сайлау;

3) Өзбекстан Республикасы Президентінің ұсынымы бойынша Өзбекстан Республикасы Жоғары сотын сайлау;

4) Өзбекстан Республикасы Президентінің ұсынымы бойынша Өзбекстан Республикасы Судьялар Жоғары Кеңесінің төрағасын сайлау;

5) Өзбекстан Республикасы Бас уәзірінің ұсынымы бойынша Өзбекстан

Республикасы Табиғатты қорғау мемлекеттік комитетінің төрағасын тағайындау және оны лауазымынан босату;

6) Өзбекстан Республикасы Президентінің Өзбекстан Республикасы Бас прокуроры мен Есеп палатасын тағайындау және оларды лауазымынан босату туралы жарлықтарды бекіту;

7) Өзбекстан Республикасы Президентінің Өзбекстан Республикасы Мемлекеттік қауіпсіздік қызмет төрағасын тағайындау және оны лауазымынан босату туралы жарлықтарды бекіту;

8) Өзбекстан Республикасы Президентінің ұсынымы бойынша Өзбекстан Республикасының шет мемлекеттердегі дипломатиялық және басқа өкілдерін тағайындау және оларды лауазымынан босату;

9) Өзбекстан Республикасы Президентінің ұсынымы бойынша Өзбекстан Республикасы Орталық банк басқармасының төрағасын тағайындау және оны лауазымынан босату;

10) Өзбекстан Республикасы Президентінің ұсынымы бойынша амнистия туралы құжаттарды қабылдау;

11) Өзбекстан Республикасы Бас прокурорының ұсынымы бойынша Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің сенаты мүшесін дербестік құқықын азат ету туралы мәселелерді шешу;

12) Өзбекстан Республикасы Бас прокурорының, Өзбекстан Республикасы Орталық банк басқармасының төрағасының есеп берулерін тыңдау;

13) өз қызметін ұйымдастыру және палатаның ішкі тәртіп-ережелерімен байланысты мәселелер бойынша қаулылар қабылдау;

14) саяси, әлеуметтік-экономикалық салаларда әртүрлі мәселелер бойынша қаулылар қабылдау кіреді.



Қорытындыларды шығарамыз

Өзбекстан
Республикасы
Олий
Мажлисі:

- Олий Мажлис – Заң шығару палатасы мен Сенат;
- Олий Мажлис Заң шығару палатасы өкілеттіліктері;
- Олий Мажлис Сенаты өкілеттіліктері



Өзіңді тексер!

1. Олий Мажлис қалай түзілген? Оның құрамына неше депутат және сенатор кіреді?
2. Олий Мажлис Заң шығару палатасы және Сенатының ерекше өкілеттіліктерін атап өт.

19-§. ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚ ЗАҢ ЖОБАСЫН ҚАБЫЛДАЙМЫЗ

Тақырып бойынша жұмыс істеу нәтижесінде:

- Заңдылық бастамасы дегені не және ол іс жүзінде қалай іске асырылуы жөнінде;
- Заңдылық барысы қандай басқыштардан құралғандығын біліп аласың.

1. Заңдылық белсенділігі құқықы.

2. Заңдылық барысы басқыштары.

Бұл сабақта Олий Мажлистегі Заң жобасы талқылауында «қатысамыз». Талқылауға қатысуға дайындық көру үшін таныстарыңмен сыныптастарыңды қайсы ділгірліктер көбірек алаңдатып жатқандығы жөнінде ойлап көр. Осы ділгірліктерді шешу үшін қандай заңдар қабылдануы қажеттігі жөнінде пікір жүргіз. **Мысал үшін:** осы заң, сондай-ақ, оның негізгі ережелерінен (тарауларынан) бірі қалай аталуын ойлап тап және дәптеріңе жазып қой. Төмендегі сұрақтарға жауап берген жағдайда сол заң қабылдануына байланысты «мақұлдаймын» және «қарсымын» деп дауыс беруге дәлелдер келтір:

1. Бұл заң неліктен қабылдануы керек?
2. Заң қабылдануы қандай оңтайлы және кері салдарға алып келеді?
3. Бұл заң кімге керек?
4. Бұл заңға қайсы халықтың қайсы топтары наразылық білдіруі мүмкін? Неге?
5. Заң істеуі үшін не істеу керек?
6. Заң орындалуы үшін қандай қаражаттар керек? Оларды қайдан алуға болады?

Мұнда бұл заң критерийлері туралы ескертуден пайдалан.

1. Заң құқық және құлық-руханиятқа сай келуі керек.
2. Заң Өзбекстан Республикасы Конституциясы мен заңдарына сай келуі керек.
3. Заң қарапайым және түсінікті тілде жазылған болуы керек.
4. Заң элементтері орындалуы реал болуы шарт.

1. ЗАҢДЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІ ҚҰҚЫҚЫ

Демократиялық құқықты мемлекеттерде адамдардың қоғамдағы аса маңызды қатынастарын заңдылық негізінде басқару қажеттілігі болады. Сондықтан мемлекетіміз заңдылығында әрбір адам заң жобаларын дайындауда және бар заңдарды өзгерту және толықтыруда қатысуға құқықты екендігі заңда нығайтылып қойылған. Депутаттардан айырмашылығы, азаматтар өз ұсыныстармен Олий Мажлисінде емес, сондай-ақ өзі сайлаған Олий Мажлис депутаттарына жүгінеді.



Есте сақта!

Заңдылық белсенділігі – заң Конституциясының заң шығарушы мекемеге белгіленген тәртіпте ресми енгізілуі. Заңдылық белсенділігі – заңдылық процесінің бірінші басқышы.

Өзбекстан Республикасы Конституциясының 83-бабына сәйкес заңдылық белсенділік құқықына:


- Өзбекстан Республикасы Президенті;
- өз мемлекет әкімшілігінің жоғары өкілетті мекемесі арқылы Қарақалпақстан Республикасы;
- Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің Заңдылық палатасы депутаттары;
- Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті;
- Конституциялық сот, Жоғары сот;
- Өзбекстан Республикасы Бас прокуроры ие.

Бұл құқықтың іске асырылуы ұсынылған заң жобаларының Олий Мажлисі Заңдылық палатасы мәжілісінде көріп шығылу мәжбүрлігімен кепілдік беріледі және депутаттар көпшілігі дауыс беруі ретінде мақұлдануы шартымен төмендегілер қабылданады:

- жаңа заң Конституциясын дайындау туралы қаулы;
- ұсынылған заң Конституциясын жетілдіруге жіберу туралы қаулы.

2. ЗАҢДЫЛЫҚ БАРЫСЫ БАСҚЫШТАРЫ

Заңдылық барысы Олий Мажлисі Заңдылық палатасы депутаттары мен сенаторларының мемлекеттік қызметі пішіні. Ол төмендегі басқыштарды өз ішіне қамтиды:



Заңдардың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы оларды қолданудың мәжбүри шарты. Заңдар мен Олий Мажлисі қаулыларына қол қойылған соң бір аптадан кешіктірілмей жариялануы қажет. Егер заңда басқа сана көрсетілмеген болса, жариялануымен нормативті құжат күшіне кіреді.



Тапсырма

Көз алдыңа елестет, Сен Олий Мажлисі Заңдылық палатасы депутатыңа сайландың. Жалпы білім беретін мектептерде білім алу шарттары туралы заң Конституциясын ұсын.

АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ ҮШІН СҰРАҚТАР

Қиналғанда жақша ішінде көрсетілген оқулық беттеріне жүзін.

1. Қоғам бірлестіктері қандай мақсаттарда түзіледі? (82-б.)
2. «Қоғам бірлестігі» ұғымына сипаттама бер. (83-б.)
3. Өзбекстан Республикасында қандай қоғамдық бірлестіктер бар? (83-б.)
4. Мемлекетімізде қоғам бірлестіктері қайсы принциптер негізінде түзіледі? (84-б.)
5. Мемлекетімізде кәсіподақтар қай мақсатта түзіледі? (84-б.)
6. Өзбекстан Республикасында қандай саяси партиялар, қоғамдық бірлестіктерді түзуге тыйым салынады? (85-б.)
7. Цензура деген не? (86-б.)
8. Қандай жағдайларда бұқаралық ақпарат құралдарынан пайдалануға тыйым салынады? (87-б.)
9. Сөз және баспасөз еркіндігі қалай қоғамға кері әсер етуі мүмкін? (87-б.)
10. «Саяси партия» ұғымына сипаттама бер. (90-б.)
11. Қазіргі уақытта Өзбекстан Республикасында жұмыс жүргізіп жатқан саяси партияларды атап көрсет. (92-б.)
12. Өзбекстан Республикасы Конституциясында жанұялық қатынастар саласында нығайтып қойылған принциптерді атап өт. (95-б.)
13. Мемлекетімізде жанұя қорғалуы қалай іске асырылады? (95-б.)
14. Неке түзу үшін қажет болған шарттарды атап өт (96-б.)
15. «Бала құқықтары кепілдіктері туралы» Өзбекстан Республикасына Заңына сәйкес кәмелетке жетпеген азамат қандай құқықтарға ие болады? (98-б.)
16. «Унитар мемлекет» ұғымына сипаттама бер. (97-б.)
17. «Федеративтік мемлекет» ұғымына сипаттама бер. (101-б.)
18. «Конфедерация» ұғымына сипаттама бер. (102-б.)
19. Мемлекет құрылымының унитар пішіні федеративтік пішінінен несімен айырмашылық етеді? (101-б.)
20. Қарақалпақстан Республикасы егеменділігі белгілерін атап өт. (103-б.)
21. Өзбекстан Республикасында әкімшіліктер бөлінуі қалай жүзеге асырылады? (107-б.)
22. Олий Мажлис қалай түзілген? Оның құрамына қанша депутаттар мен сенаторлар кіреді? (109-б.)
23. Олий Мажлис Сенаты ерекше өкілеттіліктерін атап бер. (113-б.)
24. Заңдылық палатасы ерекше өкілеттіліктерін атап бер. (113-б.)
25. Заңға қойылатын талаптарды атап бер. (115-б.)
26. Өзбекстан Республикасы Конституциясына сәйкес заңдылық белсенділігі құқықына қайсы әкімшілік мекемелері ие? (116-б.)
27. Заңдылық барысы басқыштарын атап көрсет. (117-б.)

20-§. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТИ

Тақырып бойынша жұмыс істеу нәтижесінде:

- мемлекет елбасшысы ретінде Президенттің өкілеттіліктері жөнінде;
- Президентті сайлау тәртібі және оның өкілеттілігінің аяқталуы жөнінде біліп аласың.

1. Президент – мемлекет елбасшысы.
2. Өзбекстан Республикасы Президентінің өкілеттіктері.
3. Өзбекстан Республикасы Президентін сайлау тәртібі және оның өкілеттіктерінің аяқталуы.

1. ПРЕЗИДЕНТ – МЕМЛЕКЕТ ЕЛБАСШЫСЫ

Латыншадан аударғанда **президент** сөзі алдында *отырушы*, яғни мемлекет елбасшысы мағынасын білдіреді. Әлемде көпшілік мемлекеттерде президенттік басқаруы бар екендігі де президент лауазымының беделін көрсетіп тұр. Өзбекстанда президент лауазымы **1990 жылы 24 наурызда** енгізілген.



Негізгі заң белгілейді

Өзбекстан Республикасының Президенті мемлекет елбасшысы және мемлекет әкімшілігі мекемелерінің келісілген жағдайда қызмет жүргізуін және ынтымақтастығын қамтамасыз етеді.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 89-бап.



Тапсырма

Өзбекстан Республикасы Президенті өкілеттіктерін үйреніп, мемлекет елбасшысының өкілеттіктерін төмендегі қызмет салаларына бөл:

Президенттің Олий Мажлистің жұмыс қызметімен байланысты өкілеттіктері	Президенттің Министрлер Кабинеті жұмыс қызметімен байланысты өкілеттіктері	Президенттің Қорғаныс және халықаралық қатынастар саласындағы өкілеттіктері	Президенттің сот, прокуратура мекемелері және Мемлекет қауіпсіздік қызметімен үйлестіруге байланысты өкілеттіктері

2. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ

Мемлекет елбасшысының негізгі міндеті – әкімшіліктің барлық салалары қызметін үйлестіру жолымен мемлекеттің қарқынды және тұрақты дамуын қамтамасыз ету. Президенттің Өзбекстан мемлекет әкімшілігі мекемелері жүйесіндегі ерекше орны да сол нәрсемен түсіндіріледі. Өзбекстан Республикасында Президент Мемлекет елбасшысы саналады.

Өзбекстан Республикасы Конституциясының 93-бабына сәйкес Өзбекстан Республикасының Президенті:

1) азаматтардың құқықтары мен еркіндіктеріне, Өзбекстан Республикасының Конституциясы мен заңдарының сақталуына кепіл;

2) Өзбекстан Республикасының егеменділігі, қауіпсіздігі мен аумақтық біртұтастығын қорғау, ұлттық-мемлекет құрылымы мәселелеріне байланысты қаулыларды іске асыру бойынша қажетті шараларды көреді;

3) мемлекет ішінде және халықаралық қатынастарда Өзбекстан Республикасы атынан жұмыс істейді;

4) келіссөздер жүргізеді және Өзбекстан Республикасының келісімшарт және бітімдеріне қол қояды, республика атынан түзілген келісімшарттарға, бітімдерге және оның қабылданған міндеттерінің сақталуын қамтамасыз етеді;

5) өз жанында аккредитациядан өткен дипломатиялық және басқа өкілдердің сенім және шақыру жарлықтарын қабылдайды;

6) Өзбекстан Республикасының шет мемлекеттердегі дипломатиялық басқа өкілдерін тағайындау үшін кандидатураларды Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің Сенатына ұсынады;

7) Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисіне мемлекет ішкі және сыртқы саясатын жүзеге асырудың ең маңызды мәселелері бойынша жүгіну құқығына ие;

8) республика жоғары әкімшілік және басқару мекемелерінің бірге жұмыс істеуін қамтамасыз етеді; уәзірліктер, мемлекеттік комитеттер мен мемлекет басқаруының басқа мекемелерін Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ұсынымы бойынша түзеді және таратады, осы мәселелерге байланысты жарлықтарды кейін Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің палаталары бекітілуіне кіргізеді;



9) Сенат төрағасы лауазымына сайлау үшін кандидатты Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің Сенатына ұсынады;

10) Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің палаталары көріп шығуы және бекітуі үшін Өзбекстан Республикасы Бас уәзірі кандидатурасын ұсынады және ол зейнетке шыққанда, Бас уәзірге білдірілген сенімсіздік вотумын Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі палаталары қабылдағанда немесе заңда назарда тұтылған басқа жағдайдарда лауазымынан босатылады;

11) Өзбекстан Республикасы Бас уәзірінің ұсынымы бойынша Өзбекстан Республикасы Министрлер Мекемесі мүшелерін бекітеді және лауазымдарынан босатады;

12) Өзбекстан Республикасы Бас прокуроры мен Есеп палатасы төрағасын тағайындайды және оларды босатады, кейін бұл мәселелерді Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің Сенаты бекітілуіне кіргізеді;

13) Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің Сенатына Өзбекстан Республикасы Конституциялық соты, Өзбекстан Республикасы Жоғарғы соты құрамына, сондай-ақ, Өзбекстан Республикасы Судьялар Жоғары Кеңесінің төрағасы, Өзбекстан Республикасы Орталық банкі Басқаруының төрағасы лауазымдарына кандидатураларды ұсынады;

14) Өзбекстан Республикасы Судьялар Жоғары Кеңесінің ұсынымы бойынша облыстар мен Ташкент қаласы судьялары төрағалары мен төраға орынбасарларын, Өзбекстан Республикасы Әскери соты төрағасын тағайындайды және лауазымдарынан босатады; Өзбекстан Республикасы Судьялар Жоғары Кеңесінің мүшелерін заңға сәйкес бекітеді;

15) Өзбекстан Республикасы Бас уәзірінің ұсынымы бойынша уәлаяттар әкімдерін және Ташкент қаласы әкімін заңға сәйкес тағайындайды және лауазымынан босатады. Конституцияны, заңдарды бұзған немесе өз намысы мен қадір-құрметіне дақ түсетін іс-әрекет жасаған аудан және қала әкімдерін Президент өз қаулысымен лауазымынан босатуға құқықты;

16) республика мемлекет басқару мекемелерінің және әкімдерінің қабылдаған құжаттарын, олар заң құжаттары нормаларына сәйкес келмеген жағдайларда тоқтатады, жоққа шығарады; Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті мәжілістерінде төрағалық етуге құқықты;

17) Өзбекстан Республикасының заңдарына қол қояды және жариялайды; заңға өз наразылығын қосымша етіп, оны қайта талқылау және дауысқа қою үшін Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисіне қайтаруына құқықты;

18) Өзбекстан Республикасына шабуыл жасалғанда немесе агрессиядан бір-бірін қорғау бойынша түзілген міндеттерін орындау қажеттілігі туылғанда соғыс жағдайын жариялайды және қабылдаған қаулысын үш күн ішінде Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі палатасының бекітілуіне кіргізеді;

19) төтенше жағдайлар (реал сыртқы қауіп, жаппай тәртіпсіздіктер, ірі апат, табиғи апат, эпидемиялар) болған жағдайда азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді көздеп, Өзбекстан Республикасының бүкіл аумағында немесе оның кейбір аумақтарында төтенше жағдай енгізеді және қабылдаған қаулыны үш күн ішінде Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің палаталары бекітілуіне енгізеді. Төтенше жағдай енгізу шарттары мен тәртібі заңмен белгіленеді;

20) Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғары Бас қолбасшысы есептеледі, Қарулы Күштердің жоғары қолбасшыларын тағайындайды және міндетінен босатады, жоғары әскери атақтар береді;

21) Өзбекстан Республикасының ордендері, медалдары мен жарлығымен марапаттайды, Өзбекстан Республикасының біліктілік және мақтау атақтарын береді;

22) Өзбекстан Республикасының азаматтығына және саяси баспана беруге байланысты мәселелерді шешеді;

23) амнистия туралы құжаттарды қабылдау жөнінде Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің Сенатына ұсыным кіргізеді және Өзбекстан Республикасының соттары үкім етілген тұлғаларды кешірім етеді;

24) Мемлекет қауіпсіздік қызметі төрағасын тағайындайды және лауазымынан босатады, кейін осы мәселелерге жарлықтарды Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенатына бекітілуге кіргізеді.

25) бұл Конституция және Өзбекстан Республикасының заңдарында назарда тұтылған басқа өкілеттіктерде жүзеге асырады.

Президент өз өкілеттіктерін орындауды мемлекет мекемелеріне немесе мансапты тұлғаларға тапсыруға құқықты емес.

3. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІН САЙЛАУ ТӘРТІБІ МЕН ӨКІЛЕТТІКТЕРІНІҢ АЯҚТАЛУЫ

Мемлекет елбасшысы парламент депутаттары сайлайтын парламент республикасынан ерекше түрде президенттік басқаруы түрінде халық немесе сайлаушылар өкілдері атынан сайланады және депутаттардың шағын топтарынан емес, сондай-ақ халықтың кең топтарынан өкілеттіктер алады.

Президент сайлауы Конституция және «Өзбекстан Республикасы Президенті сайлауы туралы» Заң негізінде жалпы, тең және тікелей сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жолымен жүзеге асырылады. Қазіргі күнде президенттікке талапкерге ерекше талаптар қойылады.




Негізгі заң белгілейді

Өзбекстан Республикасы Президенті лауазымына отыз бес жастан кіші болмаған, мемлекет тілін жақсы білетін, тікелей сайлауға дейін кемінде 10 жыл Өзбекстан аумағында тұрақты өмір сүріп жатқан Өзбекстан Республикасы азаматы сайлануы мүмкін. Бұл тұлға қатарынан екі мерзімнен артық Өзбекстан Республикасының Президенті болуы мүмкін емес.

Өзбекстан Республикасының Президенті Өзбекстан Республикасының азаматтары жағынан жалпы, тең және тікелей сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жолымен бес жыл мерзімге сайланады. Президентті сайлау тәртібі Өзбекстан Республикасының заңымен белгіленеді.

Өзбекстан Республикасы Конституциясының 90-бабынан.





Негізгі заң белгілейді

Өкілеттігі аяқталғандығына байланысты зейнетке шыққан Президент өмірбақи Сенат мүшесі лауазымын иелейді.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 97-бап.



Қорытындыларды шығарамыз

Өзбекстан Республикасы

Президенті:

- мемлекет елбасшысы;
Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі жиңалысында ант
- қабылдаған сәттен бастап өз лауазымына кіріскен боп саналады;
- азаматтардың құқық, еркіндіктері, Конституция мен заңдар кепілі;
- мемлекет әкімшілігі мекемелерінің келісілген күйде қызмет жүргізуін және ынтымақтастығын қамтамасыз етеді;
- мемлекет ішінде және халықаралық қатынастарда Өзбекстан Республикасы атынан жұмыс істейді;
- мемлекет Қарулы Күштері Жоғары Бас қолбасшысы;
- Президент тұлғасы дербестігі заңмен қорғалады;
өкілеттілік аяқталған соң – сенатор.



Өзіңді тексер!

1. Президенттің мемлекет басшысы ретіндегі негізгі өкілеттіктерін атап өт.
2. Өз борыштарын орындағанда Президент қандай қиыншылықтарды жеңіп өтуі қажет?
3. Сенің ойыңша, Президент өз өкілеттіктерін орындауды мемлекет кеңселеріне немесе мансапты тұлғаларға тапсыруға құқықты еместігі жөніндегі ереже неге Конституцияға енгізілген?
4. Мемлекетімізде кімдер Президент етіп сайлануы мүмкін?
5. Президент саяси партия мүшесі болуы мүмкін бе?

21-§. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТҚАРУШЫ ӘКІМШІЛІК МЕКЕМЕЛЕРІ

Тақырып бойынша жұмыс істеу нәтижесінде:

- атқарушы әкімшілік мекемелері жүйесі жөнінде;
- Өзбекстан Республикасы **Министрлер Кабинеті өкілеттіктері** жөнінде біліп аласың.

1. Министрлер Кабинеті – мемлекет үкіметі, атқарушы мекеме.


2. Министрлер Кабинетінің негізгі өкілеттіктері.

1. МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІ – МЕМЛЕКЕТ ҮКІМЕТІ, АТҚАРУШЫ МЕКЕМЕ


Министрлер Кабинетінің түзілуі негіздері және қызметіне Өзбекстан Республикасы Конституциясының 98-бабы және «Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті туралы» Заңы арналған. Министрлер Кабинеті – Өзбекстан Республикасы үкіметі және Өзбекстан Республикасының атқару мекемесі боп саналады және экономиканың, әлеуметтік және рухани саланың тиімді қызметіне басшылықты, Өзбекстан Республикасы заңдары, Олий Мажлистің қаулылары, Президент жарлықтары, қаулылары мен Жарлықтарының орындалуын қамтамасыз етеді.

2. МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ

Министрлер Кабинеті мемлекет басқару мекемелері мен олар түзген шаруашылық басқаруы мекемелері жүйесін басқарады, олардың үйлестірілген қызметін қамтамасыз етеді. Министрлер Кабинеті өз жұмыс қызметінде Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі мен Өзбекстан Республикасы Президенті алдында жауапты. Олий Мажлис палаталарында көріп шығылатын заң жобалары және басқа құжаттарды дайындауда Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті Аппараты, жер-жердегі жергілікті мемлекет және шаруашылық басқаруы мекемелері мен атқарушы әкімшілік мекемелері құрылымдық бөлімдері жақын ынтымақтастығын қамтамасыз ету мақсатында Олий Мажлисте Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті Өкілі лауазымы тағайындалған.



Министрлер Мекемесі жанында Интернет желісінде Өзбекстан Республикасы Ашық мәліметтері Порталы ашылған (data.gov.uz).



Конституция және «Өзбекстан Республикасының Министрлер Кабинеті туралы» Заңға сәйкес Министрлер Кабинеті өз қызметінде Республикада өмір сүретін барлық ұлттар мен халықтардың мүдделерінен келіп шыққан жағдайда коллегиялық, демократия және заңдылық принциптеріне сүйенеді.



1-тапсырма

Сызбада келтірілген Өзбекстан Республикасы Министрліктерімен танысып шық және олардың жұмыс қызметі салаларын көрсет.



2-тапсырма

Өзіңді бір белгілі (халыққа білім беру, ішкі істер, денсаулықты сақтау, сыртқы істер) уәзірінің орнында елестет. Таңдалған сала бойынша болған ділгірліктерді шешу бағдарламасын түз.



Қорытындыларды шығарамыз

**Өзбекстан Республикасының
Министрлер Мекемесі:**

- Министрлер Кабинеті – мемлекет үкіметі;
- Мемлекет комитеттері мен министрліктер;
- Экономикалық, әлеуметтік және рухани салалардың тиімді дамуын қамтамасыз етеді;
- Заңдар, Олий Мажлис қаулылары, Президент жарлықтары, қаулылары мен жарлықтары орындалуын қамтамасыз етеді;
- Президент Бас уәзір кандидатурасын ұсынады, Олий Мажлис бекітеді;
- Олий Мажлис пен Президент алдында жауапты;
- «Өзбекстан Республикасының Министрлер Кабинеті туралы» Заң.



Өзіңді тексер!

1. Өзбекстан Республикасында қандай атқарушы мекемелер бар?
2. Министрлер Кабинетінің құрамы қандай түзіледі?
3. Республика үкіметінің негізгі өкілеттіктерін атап өт.
4. Министрлер Кабинетінің Олий Мажлиспен өзара байланысы қалай жүзеге асырылады?
5. Атқару үкіметі мекемелерінің негізгі міндетін айтып бер.



ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТИ ТУРАЛЫ ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҒЫ

(Көшірме)

1-бап. Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті

Министрлер Кабинеті – Өзбекстан Республикасының үкіметі – Өзбекстан Республикасының атқару әкімшілігі мекемесі.

Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті (бұдан былай мәтінде Министрлер Кабинеті деп жүргізіледі):

1) тиімді экономикалық, әлеуметтік, ақша-несие саясаты жүргізілуі, ғылым, мәдениет, білім беру, денсаулықты сақтауды және экономиканың және әлеуметтік саланың басқа тармақтарын дамыту бойынша бағдарламалар жасап шығуы мен жүзеге асырылуы үшін жауапты болады;

2) азаматтардың экономикалық, әлеуметтік және басқа құқықтары және заңды мүдделерін қорғау бойынша шараларды жүзеге асырады;

3) мемлекет және шаруашалық басқаруы мекемелері жұмысын үйлестіреді және бағыттайды, олардың қызметі бойынша заңда белгіленген тәртіпте бақылауды қамтамасыз етеді;

4) Өзбекстан Республикасының заңдары, Олий Мажлистің қаулылары, Өзбекстан Республикасы Президентінің Жарлықтары, қаулылары мен жарлықтарының орындалуын қамтамасыз етеді;

5) Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисіне әр жылы мемлекет әлеуметтік-экономикалық өмірінің ең маңызды мәселелері бойынша баяндамалар ұсынады;

6) Өзбекстан Республикасының Конституциясында және заңдарында назарда тұтылған басқа өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Министрлер Кабинеті мемлекет басқаруы мекемелері жүйесіне және өзі ұйымдастыратын шаруашылық басқаруы мекемелері жүйесіне басшылық етеді, олардың ынтымақтастықта қызмет көрсетуін қамтамасыз етеді.

Министрлер Кабинеті өз қызметінде Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі мен Өзбекстан Республикасы Президенті алдында жауапты.

Министрлер Кабинеті заңдылық белсенділік құқығына ие.

4-бап. Министрлер Кабинетінің құрамы мен оны жетілдіру тәртібі.

Министрлер Кабинетінің құрамына Өзбекстан Республикасы Бас иницистрі (бұдан былай мәтінде Бас министр деп жүргізіледі), оның орынбасарлары, Министрлер, мемлекет комитеттерінің төрағалары кіреді. Қарақалпақстан Республикасы Үкіметінің Министрлер Кабинеті құрамына өз лауазымы бойынша кіреді.

22-§. ЖЕР-ЖЕРДЕГІ ЖЕРГІЛІКТІ МЕМЛЕКЕТ ӘКІМШІЛІГІ МЕКЕМЕЛЕРІ

Тақырып бойынша жұмыс істеу нәтижесінде:

- жергілікті мемлекет әкімшілігі мекемелері қызметінің негізгі бағыттары жөнінде;
- әкімдердің өкілеттіктері мен қызмет бағыттары жөнінде;
- Халық депутаттары Кеңесі қызметі жөнінде біліп аласың.

1. Халық депутаттарының Кеңесі.

2. Облыстар, аудандар және қалалар әкімдері қызметі.

1. ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫ КЕҢЕСІ

Орталық әкімшілік мекемелерінен айрықша, жергілікті әкімшілік мекемелері әлеуметтік ділгірліктерді аймақтық дәрежеде шешеді. Олар қоғам өмірінің әртүрлі салаларындағы ділгірліктерді тікелей шешкен күйде атқару әкімшілігінің заңдары мен нормативті актілерін жүзеге асырады. Әкімшілік мекемелері жер-жерде халық тыныштығын қамтамасыз ету және мемлекет алдында тұрған маңызды міндеттерді жүзеге асыруда маңызды рөл ойнайды.

Облыстар, аудандар мен қалалардағы әкімшілік өкілдік мекемелері *Халық депутаттары Кеңесі* боп саналады. Олардың қызметі аймақтағы халық өмірінің әртүрлі жақтарына тиісті міндеттер мен ділгірліктерді шешуге бағытталған. Облыстар, қалалар, аудандар жанындағы өкілдік пен атқару әкімшілігін *әкім* басқарады. Облыстар мен Ташкент қаласының әкімі Президент және тиісті Халық депутаттары Кеңесіне есеп беруге борышты.



Негізгі заң белгілейді

Облыстар, аудандар мен қалаларда (ауданға мойынсұнатын қалалардан тыс) әкімдер басшылық ететін халық депутаттары Кеңестері әкімшіліктің өкілдік мекемелері болып, олар мемлекет пен азаматтардың мүдделерін көздеп өз өкілеттіктеріне тиісті мәселелерді шешеді.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 99-бап.

2. ОБЛЫСТАР, АУДАНДАР МЕН ҚАЛАЛАР ӘКІМДЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІ

Әкім қызметі жекебастылық негізінде жүзеге асырылады және өзі басқарып жатқан аумақтар бойынша қабылдаған қаулылары мен қызметі нәтижелері үшін жеке жауапты болады. Өзбекстан Республикасы Конституциясының 93-бабына сәйкес Конституцияны, заңдарды бұзған немесе өз намысы мен қадір-құрметіне дақ түсіретін іс-әрекет жасаған аудан және қала әкімдерін Президент өз қаулысымен лауазымынан босатуға құқықты.



Тапсырма

Көз алдыңа елестет, сен мектеп директорысың және қала (аудан) әкімі қабылдауына келдің. Мектепті жөндеу және үздік оқушыларды шет мемлекеттерден біріне саяхатқа жіберу үшін материалдық көмек сұрап жүгіндің. Бұл ұсыныстарды негіздеу үшін қандай себептерді келтірген болар едің?

Министрлер, аудандар, қалалар әкімі:

Өзбекстан Республикасының заңдары, Олий Мажлис палаталары, Өзбекстан Республикасы Президенті, Министрлер Мекемесінің құжаттары, жоғарыда тұрған мекемелер және тиісті Халық Депутаттары Кеңесі қаулыларының орындалуын ұйымдастырады;

қоғамдық тәртіпті сақтау және қылмыскерлікпен күресу, азаматтар қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың құқықтары мен денсаулығын қамтамасыз етуге байланысты шараларды көреді, табиғи апаттар, эпидемиялар мен басқа төтенше жағдайларда жұмыстарды ұйымдастырады;

облыстар, аудандар, қалаларды экономикалық және әлеуметтік дамытудың негізгі бағыттары, уәлаят, аудан, қала бюджетінің негізгі параметрлері мен олардың орындалуы жөніндегі есеп беруді халық депутаттары Кеңесіне ұсынады;

республикада және шетелде облыс, аудан және қаланың ресми өкілі ретінде жұмыс жүргізеді;

халықты қабылдауды ұйымдастырады, азаматтардың шағымдары, арыздары мен ұсыныстарын көріп шығады және басқалар.

Облыс, аудан және қала әкімі тиісті халық депутаттары Кеңесіне облыс, қала, ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына тиісті маңызды және көкейкесті мәселелері бойынша есеп берулерін ұсынады. Кеңестер қаулыларды оларға негіздеп қабылдайды.



Негізгі заң белгілейді

Облыс, аудан және қала әкімдері өз өкілеттіктерін жеке-басшылық негіздерінде жүзеге асырады және өзі басшылық ететін мекемелердің қаулылары мен қызметі үшін жеке жауапты болады.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 103-баптан.

Жергілікті әкімшілік мекемелері қызметінің маңызды бағыттарынан бірі коммунал шаруашылығын дамытуға басшылық жасау саналады. Жергілікті әкімшілік мекемелері туралы заңда әкімдер өз аумақтарындағы коммунал шаруашылығы қызметі жұмысын үйлестіреді және бақылауы атап өтіледі. Коммунал шаруашылығы қызметін әкімшіліктер бөлімі басқарады. Олардың басшыларын әкім тағайындайды және лауазымынан босатады. Бұл мәселе жергілікті Кеңес сессиясында бекітіледі.

Жергілікті Кеңес жұмысының негізгі ұйымдастыру-құқықтық формасы сессия боп саналады. Сессияда Кеңес өкілеттігіне кіретін мәселелер шешіледі, есепберулер тыңдалады және әрине шешілуі шарт болған қаулылар қабылданады. Облыстар, аудандар, қалалар халық депутаттарының Кеңесін қажеттілігіне қарай жылына кемінде екі рет әкім шақырады.



Қорытындыларды шығарамыз

Жергілікті мем-
лекет әкімшілігі
мекемелері:

- халық депутаттары Кеңесі;
- әкім– жер-жерде өкілдік пен атқару әкімшілігін басқарады;
- халық депутаттары Кеңесі алдында есеп беру.
- қабылданатын қаулылар үшін әкімнің жеке жауапкершілігі.



Өзіңді тексер!

1. Халық депутаттары Кеңесі қандай ділгірліктерді шешеді?
2. Халық депутаттары Кеңесіне кім басшылық етеді?
3. Әкімдер қызметі қандай принциптерде жүзеге асырылады?
4. Әкімдер халық депутаттары Кеңесі басқарған жағдайда қандай ділгірліктерді шешеді?
5. Облыстар, аудандар және қалалар әкімдері әкімшіліктің қандай мекемелеріне есеп береді?



Нормативтік құжат

ЖЕРГІЛІКТІ МЕМЛЕКЕТ ӘКІМШІЛІГІ ТУРАЛЫ ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

(Көшірме)

1-бап. Жергілікті өкілдік және атқару әкімшілігі

Облыстар, аудандар мен қалаларда (ауданға мойынсұнатын қалалардан тыс) әкімдер басшылық ететін халық депутаттары Кеңестері әкімшіліктің өкілдің мекемелері болып, олар мемлекет пен азаматтардың мүдделерін көздеп өз өкілеттіктеріне тиісті мәселелерді шешеді.

Облыс, аудан, қала әкімі облыс, аудан, қала әкімі жоғары мансапты тұлға, бір уақытта тиісті аумақта **өкілдік және атқару әкімшілігіне басшылық етеді**. Облыс және Ташкент қаласының әкімі Өзбекстан Республикасы Президенті және тиісті халық депутаттары Кеңесіне есеп береді. Аудан әкімі жоғары тұрушы әкімге және тиісті халық депутаттары Кеңесіне есеп береді.

2-бап. Жергілікті өкілдік және атқару әкімшілігі басшысын тағайындау және босату

Облыс және Ташкент қаласының әкімін Өзбекстан Республикасының Президенті тағайындайды және лауазымынан босатады.

Аудан және қалалардың әкімдерін обыс Ташкент қаласының әкімі тағайындайды және лауазымынан босатылады және тиісті халық депутаттары Кеңесі бекітеді.

Облыс, аудан, қала әкімі тиісті халық депутаттары Кеңесі тиісті депутаттары арасынан тағайындалады және бекітіледі.

Аудандарға мойынсынатын қалалардың әкімдерін аудан әкімі тағайындайды және лауазымынан босатады және халық депутаттары аудан Кеңесі бекітеді. Облыс әкімі Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті разылығымен қала әкімін аудан әкіміне (қаланың құрамына кіретін аудандардан тыс) мойынсұндыруға және облыс Халық депутаттары кеңесінде бекітілуші қаулылармен біртұтас басқару мекемелері ұйымдастыруға құқықты.

Халық депутаттары Кеңестері мен әкімдердің өкілдік мерзімі – 5 жыл.

23-§. АЗАМАТТАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ МЕКЕМЕЛЕРІ

Тақырып бойынша жұмыс істеу нәтижесінде:

- өзін-өзі басқару мекемелерінің құрылымы мен олардың құқықты мәртебесі жөнінде;
- өзін-өзі басқару мекемелерінің өкілеттіктері жөнінде;
- азаматтар жиындары қызметінің негізгі бағыттары бойынша комиссия қызметі жөнінде біліп аласың.

1. Азаматтардың өзін-өзі басқару мекемелері және олардың құқықты мәртебесі.

2. Азаматтардың өзін-өзі басқару мекемелері қызметінің бағыттары.

3. Азаматтардың өзін-өзі басқару мекемелері жанындағы комиссия қызметі.

1. АЗАМАТТАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ МЕКЕМЕЛЕРІ МЕН ОЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫ МӘРТЕБЕСІ

Қалалар, қыстақтар мен ауылдарда, сондай-ақ, қалалар, қыстақтар мен ауылдарда, махалларда ұйымдастырылатын өзін-өзі басқару мекемелерінің құрылымы мен құқықты мәртебесі Өзбекстан Республикасы Конституциясының 105-бабында және «Азаматтардың өзін-өзі басқару мекемелері туралы» Заңда белгілеп қойылған.

Азаматтардың өзін-өзі басқаруы – бұл Конституция мен Өзбекстан Республикасы заңдарымен кепілдік берілетін, азаматтардың өз мүдделері, тарихи даму ерекшеліктері, сондай-ақ, ұлттық және рухани құндылықтарынан, жергілікті салт-дәстүрлерінен келіп шығатын мәселелерді шешу бойынша тәуелсіз қызметі есептеледі.

Қалашықтар, қыстақтар, ауылдарда, сондай-ақ, қалалар, қыстақтар мен ауылдардағы өзін-өзі басқару мекемелері *азаматтар жиыны* болып, үш жыл мерзімге төраға (ақсақал) және оның кеңесшілері сайланады.

Азаматтардың өзін-өзі басқару мекемелері мемлекет әкімшілігі мекемелері жүйесіне кірмейді және заңдылыққа сәйкес берілген өкілдікті тиісті аумақта жүзеге асырылады. Азаматтар жиыны халық мүдделерін білдіреді және оның атынан тиісті аумақ шеңберінде қолданушы қаулы қабылдады.

Азаматтар жиынында он сегіз жасқа жеткен және тиісті аумақта тұрақты өмір сүретін тұлғалар қатысады.

2. АЗАМАТТАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ МЕКЕМЕЛЕРІ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Азаматтар жиынының мекемелері төмендегілер есептеледі: азаматтар жиынының кеңесі, азаматтар жиынының негізгі бағыттары бойынша комиссия және сараптау комиссиясы. Өзін-өзі басқару мекемелері мемлекет халқына өздерінің конституциялық құқықтарын қоғам және мемлекет істері басқаруында қатысуда жүзеге асыру мүмкіндігін береді.



Негізгі заң белгілейді

Қалашық, қыстақ және ауылдарда, сондай-ақ, олардың құрамындағы махаллаларда және қалалардағы махалладарда азаматтардың жиындары өзін-өзі басқару мекемелері болып, олар төрағаны (ақсақалды) сайлайды.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 105-баптан.

Өзін-өзі басқару мекемелері көмегінде және халықтың бірге көмегімен белгілі бір аумақта әлеуметтік және мәдени міндеттер шешіледі, мемлекет мекемелеріне халықтың тұрмысын жақсартуға бағытталған заңдар мен қаулылар жүзеге асыруға көмек беріледі.

Өзін-өзі басқару мекемелері қызметі аяқталған соң тек азаматтардың жиындарының қаулылары бойынша жүзеге асырылады. Өзін-өзі басқару мекемелері мансапты тұлғаларының мемлекет әкімшілігі мекемелеріне жүгінулері әрине көріп шығылуы қажет.

3. АЗАМАТТАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ МЕКЕМЕЛЕРІ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

«Азаматтардың өзін-өзі басқару мекемелері туралы» Заңның 18-бабына сәйкес азаматтар жиыны қызметінің негізгі бағыттары бойынша төмендегі комиссиялар түзіледі:

Азаматтардың өзін-өзі басқару мекемелері жанындағы комиссиялар:

- жарастыру комиссиясы;
- білім беру және руханият мәселелері бойынша комиссия;
- әлеуметтік қолдап-қуаттау комиссиясы;
- қыз-келіншектермен жұмыс істеу комиссиясы;
- кәмелетке жетпегендер, жастар және спорт мәселелері бойынша комиссия;
- іскерлік қызметін дамыту және отбасылық бизнес мәселелері бойынша комиссия;
- экология және табиғатты қорғау, көркейту және көгалдандыру комиссиясы;
- қоғамдық бақылау және тұтынушылар құқықтарын қорғау комиссиясы.

Σ Қорытындыларды шығарамыз

Азаматтардың өзін-өзі басқару мекемелері:

- өзін-өзі басқару мекемелері – өмір сүру аумақтарындағы ділгірліктерді шешу;
- азаматтар жиыны: ақсақал – 3 жыл;
- азаматтар жиыны Кеңесі;
- азаматтар жиыны қызметінің негізгі бағыттары бойынша комиссия.

? Өзіңді тексер!

1. Азаматтар өзін-өзі басқару мекемелерінің негізгі міндеті нелерден құралған?
2. Азаматтардың өзін-өзі басқару мекемелерін кім басқарады және неше жылға сайланады?
3. Азаматтардың өзін-өзі басқару мекемелерінде қандай комиссиялар түзіледі?
4. Азаматтардың өзін-өзі басқару мекемелері жұмыс қызметі негізгі бағыттарын атап өт.



АЗАМАТТАРДЫҢ ӨЗІН ӨЗІ БАСҚАРУ МЕКЕМЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

(Көшірме)

3-бап. Азаматтардың өзін өзі басқаруы ұғымы

Азаматтардың өзін-өзі басқаруы — жергілікті маңызға ие болған мәселелерді өз мүдделері, тарихи өркендеудің өзіне тән жақтары, сондай-ақ ұлттық және рухани құндылықтардан келіп шыққан жағдайда шешу бойынша Өзбекстан Конституциясы және заңдарымен кепілдік берілген азаматтардың тәуелсіз қызметі.

4-бап. Азаматтардың өзін өзі басқару құқықы

Азаматтардың өзін-өзі басқаруға болған конституциялық құқықын қалашықтар, қыстақтар, ауылдар, сондай-ақ қалалар махаллаларында азаматтар жиыны (азаматтар өкілдері жиыны) арқылы сайлау құқықы кепілдіктеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Жынысы, нәсілі, ұлты, тілі, діні, әлеуметтік келіп шығуы, нанымы, жеке және әлеуметтік беделіне тәуелсіз тікелей немесе өздерінің сайлап қойылатын өкілдері арқылы өзін өзі басқаруға тең құқықты.

5-бап. Азаматтардың өзін өзі басқару мекемелері қызметінің негізгі принциптері

Азаматтардың өзін-өзі басқару мекемелері қызметінің негізгі принциптері заңдылық, адам құқықтары, еркіндіктері және заңды мүдделерінің жоғарылығы, демократия, жариялылық, әлеуметтік әділеттілік, жергілікті маңызға ие мәселелерді тәуелсіз шешу, қоғам өзара көмек, әлеуметтік серіктік, жергілікті салт-дәстүрлерді ескеру болып табылады.

8-бап. Азаматтардың өзін өзі басқару мекемелері

Қалашықтар, қыстақтар мен ауылдар, сондай-ақ, қалалар, қалашықтар, қыстақтар мен ауылдар махаллалары азаматтар жиыны (азаматтар өкілдері жиналысы) азаматтардың өзін-өзі басқару мекемесі.

Азаматтардың өзін-өзі басқару мекемелері мемлекет әкімшілігі мекемелері жүйесіне кірмейді және тиісті аумақ шеңберінде заңмен өзіне берілген өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Азаматтардың өзін-өзі басқару мекемелері заңдық тұлға құқықтарынан пайдаланады, өз аты түсірілген мөрге ие болады, сондай-ақ, Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті белгілеген тәртіпте тіркеуге алынады.

24-§. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СОТ ЖҮЙЕСІ

Тақырып бойынша жұмыс істеу нәтижесінде:

- Өзбекстан Республикасында сот әкімшілігінің түзілуі және қызметі принциптері жөнінде;
- судьялардың құқық пен міндеттері, судьяны тағайындауда оның тұлғасына қойылатын талаптар жөнінде біліп аласың.

1. Адам құқықтарының қорғалуындағы бас буын.


2. Өзбекстан Республикасының сот жүйесі.

1. АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚОРҒАЛУЫНДАҒЫ БАС БУЫН

Әрбір адамның өмірі оқиғаларға бай болғандығы әрі санал-уандығымен қызық. Бірақ адам қоғамда өмір сүре отырып, оның іс-әрекеттері басқа кісілер құқықтарына қайшы келуі мүмкін.

Негізгі міндеті мемлекет міндеттерін және әрбір адамның мүдделерін қорғаудан құралған мемлекет органдары да кісілер арасында төрешілік жасауға шақырған.

Егер заң шығарушы мекемелер заңдарды қабылдаса, сот мекемелері заңдар негізінде әділ соттауды жүзеге асырған.



1-тапсырма

Төмендегі жағдайларды көріп шығып, олардан қайсысы қылық, қайсысы қылмыс екендігін анықта:

1. Жасөспірім теміржолға пойызды тоқтататын екі тежегіш тоспасын орнатып қойды.

2. Екі жасөспірім жүріп бара жатқан поездың терезесіне тас атып ойнады.

3. Бозбала мектепте киіну бөлмесінде сыныптастарының бірінің бұйымын ұрлады.

4. Оқушылар мектепте көрші үйдің қабырғаларына бояу жағып тастады және терезені сындырды.

5. Азамат А. автокөлікте үлкен жылдамдықта келіп жолаушыны соғып жіберді де оған көмек көрсетпестен қашып кетті.

6. Жолаушы тасымалдаушы автобус теміржолынан өту тыйым салынған жерден өтіп жатқанда авария болды. Бірнеше жолаушы қаза тапты, көпшілігі жарақаттанды.

7. Өрт кезінде тоғызыншы сынып оқушысы пәтерден қашып шығып жасырынды. Үйде қалған екі кіші жастағы баланы от өшірушілер құтқарды.

8. Жоғары сынып оқушысы қызды мазалай берді, ол мазаламауын талап еткенде ұрып-соғып кетті және балағат сөздермен қорлады.

2. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СОТ ЖҮЙЕСІ

Сот – әділ соттауды жүзеге асыруға құқықты тек мемлекет әкімшілігі мекемесі. Судьялар шешуші қаулылар мен үкімдерді мемлекет атынан шығарады. Бұл нәрсе шешуші қаулылар мен үкімдер барлық жағынан, оның ішінде, мемлекет мекемелері де бұлжытпай орындауы шарт екендігін білдіреді.

Өзбекстан Республикасында сот әкімшілігі Конституциялық, әкімшілік, азаматтық, экономикалық және қылмыстық соттау арқылы жүзеге асырылады. Соттар арасындағы мұндай үлестіру **сотқа тиістілік**, яғни жұмыс көріп шығылатын конкрет соттың белгіленуі деп аталады.

Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев 2017 жылы 6 сәуірде мемлекет Конституциясына сот жүйесін жаңалауды назарда тұтатын өзгерістер мен қосымшалар енгізілуі туралы Заңға қол қойды. Конституцияның 80, 81, 83, 93, 107, 110, 111 және 112-баптарына өзгертулер енгізілді. Жоғары сот азаматтық, қылмыстық, әкімшілік және экономикалық соттау істері саласында сот әкімшілігінің бірыңғай мекемесіне – Өзбекстан Республикасы Жоғары сотына біріктірілді.

Жаңа институт – Өзбекстан Республикасы Судьялар жоғары кеңесі енгізілді. Ол судьялар қоғамдастығы мекемесі болып, Өзбекстанда сот әкімшілігі тәуелсіздігіне байланысты конституциялық принциптің сақталуын қамтамасыз етуге көмектесті.

Өзбекстан Республикасында сот жүйесі төмендегі соттардан құралады (Өзбекстан Республикасы Конституциясының 107-бабы мен «Соттар туралы» Заңының 1-бабы)

- Өзбекстан Республикасы Конституциялық соты;
- Өзбекстан Республикасы Жоғары соты;
- Қарақалпақстан Республикасы азаматтық істері бойынша соты, азаматтық істері бойынша облыстар мен Ташкент қаласы соттары;
- Қарақалпақстан Республикасы қылмыстық істері бойынша соты, қылмыстық істері бойынша облыстар мен Ташкент қаласы соттары;
- Қарақалпақстан Республикасы, облыстар мен Ташкент қаласы экономикалық соттары;
- Қарақалпақстан Республикасы, облыстар мен Ташкент қаласы әкімшілік соттары;
- азаматтық істері бойынша ауданаралық, аудан (қала) соттары;
- қылмыстық істері бойынша аудан (қала) соттары;
- ауданаралық, аудан (қала) экономикалық соттары;
- аудан (қала) әкімшілік соттары қызмет көрсетеді.



Өзбекстан Республикасында соттар жұмыс категориясына қарай мамандандырылуы мүмкін. Төтенше соттар құрылымына жол қойылмайды.

Өзбекстан Республикасында сот жұмыстарын жүргізу өзбек, қарақалпақ тілдерінде немесе сол аумақтағы халықтың көпшілігі сөйлесетін тілде жүргізіледі. Сот жүргізіліп жатқан тілді білмейтін сот қатысушысы үшін аудармашы арқылы сот материалдарымен толық танысу, сот әрекеттерінде қатысу және өз ана тілінде сөзге шығу құқықы қамтамасыз етіледі.

Өзбекстан Республикасы Конституциялық соты:

Өзбекстан Республикасы Конституциялық соты заң шығарушы және атқарушы әкімшілік құжаттарының Конституцияға сәйкестігі жөніндегі істерді көріп шығады. Өзбекстан Республикасы Конституциялық соты Өзбекстан Республикасы Президентінің ұсынымы бойынша Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің Сенаты Өзбекстан Республикасы Судьялар Жоғары Кеңесіне ұсынған саясат және құқық саласындағы мамандар арасынан, Қарақалпақстан Республикасының өкілін қосқан күйде сайланады.

Өзбекстан Республикасы Жоғары соты:

Өзбекстан Республикасы Конституциясы 110-бабы бойынша Өзбекстан Республикасы Жоғары соты азаматтық, қылмыстық, экономикалық және әкімшілік сот істерін жүргізі саласында сот әкімшілігінің жоғары мекемесі боп саналады. Ол қабылдаған құжаттар қатаң және Өзбекстан Республикасының барлық аумағында орындалуы мәжбүри. Өзбекстан Республикасы Жоғары соты төмендегі соттардың соттау қызметі бойынша бақылау жүргізу құқықына ие.

Жоғары сот қабылдаған қаулылар үзілді-кесілді болады да Өзбекстан Республикасы бүкіл аумағында орындалуы мәжбүри боп саналады. Өзбекстан Республикасы Жоғары соты төмендегі соты соттау қызметі бойынша бақылау жүргізу құқықына ие.

Өзбекстан Республикасы Жоғарғы соты төменгі соттардың соттау қызметі үстінен бақылау жүргізу құқықына ие және олар инстанция соты ретінде және бақылау тәртібінде істерді көріп шығады.

Өзбекстан Республикасы Жоғарғы соты біреуін инстанцияда көріп шығылған істер арыз жасау (протест беру) құқықына ие тұлғалар таңдауына қарай апелляция немесе кассация тәртібінде көріп шығуы мүмкін. Апелляция тәртібінде көріп шығылған істер кассация тәртібінде көріп шығылуы мүмкін емес.



Ўзбекистон Республикасы Жоғарғы соты Пленумы түсіндірулері төмендегі соттардың орындалуы бойынша бақылауды жүзеге асырады, соттау тәжірибесін талдайды және сот мекемелері кадрлары біліктілігін асыруды ұйымдастырады.

Ўзбекистон Республикасы Жоғарғы соты Пленумы мәжілісінде Ўзбекистон Республикасы Бас прокуроры қатысады. Сондай-ақ, Ўзбекистон Республикасы Жоғарғы соты Пленумы мәжілістерінде Ўзбекистон Республикасы Конституциялық сотының төрағасы, Әділет министрі, судьялар, Ўзбекистон Республикасы Жоғарғы соты жанындағы Ғылыми-мәслихат кеңесі мүшелері де қатысуы мүмкін.

Сот мекемелерінің негізгі мақсаты адам құқығы мен еркіндіктерін қорғау, қоғамда заңдылық пен әділеттің орнауы боп саналады. Соттау мекемелерінің қызметінің маңыздылығы олар адамдар арасындағы қарама-қайшылықтар мен көңілсіз жағдайларды мемлекетте қабылданған заңдарды іс жүзінде қолдау негізінде зорлық істетпестен шешуінде құралған.



Есте сақта!

Сот жүйесі – өз өкілеттіктері, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес іс жүргізетін мемлекеттің бүкіл соттау мекемелері.

Бірінші инстанция соты – заңға сәйкес сот мәжілісінде бірінші болып жұмыс жағдайын анықтайтын және іс бойынша және қаулылар немесе үкім шығарушы сот. Бірінші инстанция соты қаулысы бойынша кассация немесе апелляция тәртібінде жоғары тұратын сотқа шағым жасауға болады.

Кассация – жақтар шағымы немесе прокурор протесті бойынша Жоғарғы сот инстанция және жағынан үкімді жоққа шығару жөніндегі арыз.

Кестені толтыра отырып әкімшілік тармақтарының әрқайсысы адам құқықтарын қалай қорғауын анықта.

Адам құқықтарын қорғау

Зандылық әкімшілігі мекемелері	Атқарушы әкімшілік мекемелері	Сот әкімшілігі мекемелері

Өзбекстан Республикасының сот жүйесі

Соттың аталуы	Міндеттері мен өкілеттіктері
Өзбекстан Республикасының Конституциялық соты	Өзбекстан Республикасы заңдары мен Олий Мажлис палатасы қаулыларының, Өзбекстан Республикасы Президенті жарлықтары, үкіметі және мемлекет әкімшілігі жергілікті мекемелері қаулылары, халықаралық келісімшартты және Өзбекстан Республикасы басқа міндеттерінің Конституцияға сәйкестігін анықтайды.
Қарақалпақстан Республикасы Конституциялық бақылау комитеті (Қарақалпақстан Республикасының Конституциясы, 70-бап, 8-п.).	
Өзбекстан Республикасы Жоғарғы соты.	Азаматтық, қылмыстық және әкімшілік соттауды жүзеге асырушы жоғарғы сот әкімшілігі мекемелері.
Қарақалпақстан Республикасының азаматтық және қылмыстық істері бойынша Жоғары соттары.	
Өзбекстан Республикасы, Қарақалпақстан Республикасы, облыстар және Ташкент қаласы Экономикалық соттары.	Өзбекстан Республикасы және Қарақалпақстан Республикасының экономикалық жұмыстарын жүргізу бойынша сот мекемелері.
Облыс соттары және Ташкент қалалық соты, аудандаралық, аудан және қала соттары.	Азаматтық, қылмыстық істерді және әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы жұмыстарды бірінші көріп шығуын жүзеге асырады (бірінші инстанция соттары).

Өзбекстан Республикасының
сот жүйесі:

- соттар – адам құқықтары қорғауындағы негізгі буын;
- сот – әділ сотты жүзеге асыратын әкімшілік мекемесі;
- заңдарды бұзғандығы үшін жазалау шарасын тек сот тағайындайды;
- судьялар – тәуелсіз және дербес, тек заңға мойынсұнады;
- әкімшілік, азаматтық және қылмыстық соттау үдерісі, заң алдында азаматтардың теңдігі;
- Конституциялық сот;
- жалпы соттар, экономикалық соттар;
- принциптер: жариялылық, объективтілік, заңдылық, әділет.

**Өзіңді тексер!**

1. Өзбекстан Республикасы мен Қарақалпақстан Республикасы сот жүйесін қайсы соттар құрайды?
2. Сот жүйесі ұғымына сипаттама бер.
3. Сот мемлекет әкімшілік мекемелері жүйесінде қандай рөл атқарады?
4. Өзбекстан Республикасы сот мекемелерінің негізгі мақсаттарын айтып бер.



25-§. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СОТ МЕКЕМЕЛЕРІ ІС ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Тақырып бойынша жұмыс істеу нәтижесінде:

– әділ сотты жүзеге асыру бойынша қойылатын негізгі талаптар жөнінде;

– судьялардың құқық және міндеттері, судьяларды лауазымға тағайындауда олардың тұлғасы бойынша қойылатын талаптар жөнінде біліп аласың.

1. Әділ соттауды жүзеге асырудағы негізгі талаптар.

2. Судьялардың құқық және міндеттері.

1. ӘДІЛ СОТТАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

Объективтілік	Жұмыстардың объектив және бейтарап талқылануы
Жан-жақты және толық	Көріп шығылып жатқан іс бойынша барлық анықталған фактілердің жан-жақты көріп шығылуы
Заңдылық	Конституция мен заңдарға қатаң үйлесімділікте талқылануы мен қаулылар қабылдануы
Міндеттілік және әділет	Дәлелдерді сенімді фактілермен бекіту және жұмыстың барлық жақтарын есепке алу

Өзбекстан Республикасының Конституциясында барша үшін мәжбүри болған осындай ереже нығайтылып қойылған: тек сот тұлғаны қылмыс жасағандықта айыпты деп табуы және заңға сәйкес жазалау шарасын белгілеуі мүмкін (19-бап).

Мұнда қылмыс жасағандықта айыпталып жатқан әрбір адам қорғау үшін барлық құралдар қамтамасыз етіп беретін сотта ісі заңды тәртіпте, ашық талқыланып, қылмысы анықталмағанша айыпты боп есептелмейді (Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 26-бапта). Мұндай жауапкершілікті анықтау тәртібі **айыпсыздық презумпсиясы** деп аталады.



Негізгі заң белгілейді

Қылмыс жасағандықта айыпталып жатқан әрбір тұлғаның ісі сотта заңды тәртіпте, ашық талқыланып шығып, оның айыбы анықталмағанша ол айыпты деп есептелмейді. Сотта айыпталып жатқан тұлғаға өзін қорғау үшін барлық жағдайлар қамтамасыз етіліп беріледі.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 26 бабынан.



1-тапсырма

Сенің ойыңша, сот талқылауында судьядан тыс прокурор, адвокат және халық кеңесшісі, қоғам айыптаушысы мен қорғаушыларының қатысуы заңмен қайсы мақсатта белгіленген?

Төменде келтірілген әбір жағдаймен танысып шығып, сот неге осындай қаулы шығарғандығын шеш. Сот әділ сотты жүзеге асырушы бойынша талаптар бұзылған ба немесе керісінше ме? Судьяның орнында болғаныңда қандай қаулы шығаратын едің?

1-жағдай.

Тәжібаевтың отбасы мүшелері (анасы, әкесі, екі ұлы мен немересі) өз материалдық жағдайын жақсарту мақсатында Тәжікстаннан Өзбекстанға есірткі заттарын тасып әкелуге разы болды. Заңға қайшы жүк кеден қызметкерлерінің тексеруі кезінде анықталды. Отбасының барлық мүшелері, оның ішінде, 16 жасар немере мен 70 жастағы ана әртүрлі мерзімдерге қамалды.

2-жағдай.

Азамат Н. «Анхор» фирмасының есепшісі жоғалтып қойған құжаттарды тауып алды. Құжаттар қайтарылуы есесіне жоғалтып қойылған жүк құжаттарында жазып қойылған тауар құнының 50%-ын талап етті. Ұзақ мерзімді сендіру және көндірулерден кейін фирма басшылығы Н. ді қанқұйлылықта айыптап, оны сотқа арыз берді. Сот Н.-ді айыпты деп тапты және оны үш жыл мерзімге бостандықтан мақрұм етуге үкім етті.

3-жағдай.

Машина басқаруын игере алмаған М. жолдың шетіне шығып кетті және ол жерде тұрған азамат К.-ның автомобилін зақымдады. Судья азамат К.-ге өзі айыпты екендігін, оның машинасы тыйым салынған жерде тұрғандығын түсіндіріп, К.-дан арызын қабылдаудан бас тартты.



2-тапсырма

Төмендегі ділгірлікті шешу бойынша өз шешіміңді ұсын.

Терроршылдықта айыпталып жатқан тұлғалардың бірі тұтқындалды, бірақ қопарғыш құрылғыны қайда орналасқандығын айтпады. Ол айтуы үшін қандай шараларды қолдаған болар едің? Күш жұмсататын ба едің? Керісінше болса, онда неге?

Терроршыны азаптаған милиция қызметкері жазалануы қажет деп есептейсіз бе?

2. СУДЬЯЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚ ПЕН МІНДЕТТЕРІ

Өзбекстан Республикасы судьялары тәуелсіз және олар дербес құқықты, яғни судьялар мен халық кеңесшілері сот ісін тек заң негізінде және оларға кез келген сыртқы ықпалды қоспаған жағдайда талқылайды.

Мемлекет кеңселерінің қызметкерлері, қалаған лауазымдағы мансапты тұлғалар мен азаматтар конкрет жұмыстарды қандай шешу туралы сотқа нұсқау беруге құқықты емес. Дербестік принципі судьяның рұқсатынсыз оның қызмет бөлмесіне, үйіне кіруге, хат-хабарларына көз жүгіртуге, бұйымдары мен құжаттарын көзден кешіруге құқықты емес екендігін білдіреді.



Негізгі заң белгілейді

Судьялар тәуелсіз, тек заңға мойынсұнады. Судьялардың әділ сотталуын жүзеге асыру жөніндегі қызметіне кез келген түрде араласуына жол қойылмайды және мұндай араласу заңға сәйкес жауапкершілікке себеп болады.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 112-баптан.

Өзбекстан Республикасының 30 жастан кіші болмаған, жоғары заңдық мәліметке ие, заңдық мамандық бойынша, ең алдымен құқықты қорғау мекемелерінде кемінде бес жылдық жұмыс стажына ие болған және квалификация емтиханын тапсырған азаматы аудандараралық, аудан (қала) азаматтық, қылмыстық, экономикалық әкімшілік соты судьясы етіп тағайындалуы мүмкін. Өзбекстан Республикасының офицер атағына ие болған, шынайы әскери қызметті өтеп жатқан азаматы әскери судья бола алады.

Өзбекстан Республикасының Конституциясына сәйкес судьялар депутат етіп сайлана алмайды, саяси партиялар мен қозғалыстарда бола алмайды, сондай-ақ, судья міндеттерін басқа бір ақы төленетін жұмыспен қосып алып баруға құқықты емес (112-бап).

Судья қылмыстық жауапкершілікке тартылған жағдайда оның өкілеттіктерінде тоқтатып тұрылады. Егер, судья өз лауазымына сай келмейтін қызметпен шұғылданған жағдайларда судьялар тиісті квалификация коллегиясы қаулысымен Өзбекстан Республикасы Жоғары судьялар Кеңесі ұсынымы бойынша судья өкілеттіктері тоқтатылуы, судья мәжбүри характердегі медициналық шараларға тартылуы, сот қаулысымен

белгісіз себептер бойынша судья болмай тұрған деп тән алынуы да мүмкін.

Судьяның өкілеттіктері төмендегі мерзімінен алдын тоқтатылуы мүмкін: 1) судья антын бұзғанда; 2) жазба арыз бергенде; 3) судьялар тиісті квалификация коллегиясы ескерту берген соң немесе өкілеттіктері тоқтатылған соң өз лауазымына сәйкес келмейтін қызметпен шұғылданған жағдайларда; 4) белгіленген тәртіпте әрекетсіз немесе әрекеті шектелген деп тән алынғанда; 5) Өзбекстан Республикасы азаматтығынан мақрұм болғанда; 6) соттың айыптау үкімі оған қарай күшке кіргенде; 7) қаза тапқанда немесе сот қаулысымен өлген деп жарияланғанда; 8) денсаулық жағдайы немесе ұзақ уақыт барысында басқа кешірімді себептер бойынша судья міндеттерін орындауға жарамды болмаған жағдайда; 9) егер, басқа судья лауазымын иелеуге разылық бермеген жағдайда сот төрағасының өкілеттіктері мерзімі аяқталғанда.



3-тапсырма

Сенің ойыңша, төменде келтірілген жағдайлардан қайсы бірінде судья заң бұзылуына жол берген?

1-жағдай.

Жаяу жолдан өтіп жатқанында жанынан үлкен жылдамдықта өтіп кетіп жатқан автомобиль азамат С.-тің киіміне лай шашып кетті. Жәбірленуші бұл мәселені өзі шешуі мүмкін, соттар мұндай айтарлықтай маңызсыз іспен шұғылданбайды деп есептеген судья арызды қабылдаудан бас тартты.

Судьяның қаулысын қалай бағалайсың?

2-жағдай.

Азамат Ш. азамат Н.-дан 50 000 сум өндіріп берілуі жөнінде сотқа жүгінді. Сол кезде Н. бұл сумманы қалың мал ретінде алғаны, кейін қызын Ш.-ның ұлына беруден бас тартқандығы анықталды.

Судья қалай іс жүргізуі керек?



Σ Қорытындыларды шығарамыз

Соттау жүйесі принциптері мен ерекшеліктері:

- Айыпсыздық презумпциясы – айыптылықты тек сот белгілейді;
- «Соттар туралы» Заң;
- заңдылық;
- жариялылық;
- судьялар тәуелсіздігі;
- Конституциялық сот – заңдар, жарлықтар, қаулылардың Конституцияға сәйкестігін анықтау.

? Өзіңді тексер!

1. Әділ соттауды жүзеге асыруға қойылатын заңды талаптарды айт.
2. Судьялар тәуелсіздігі мен тек заңға мойынсұнуы принципі қандай жүзеге асырылады?
3. Конституциялық соттың негізгі міндетін айт.
4. Кім қала немесе аудан соты, әскери сот, Конституциялық сот судьясы болуы мүмкін?

26-§. ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ МӘЖІЛІСІ

Тақырып бойынша жұмыс істеу нәтижесінде:

– Конституциялық сот мәжілісі өткізілетін басқыштар кезектілігі жөнінде;

– Конституциялық сот қатысушыларының құқықтары және міндеттерімен таныстыру жөнінде;

– Сот әкімшілігі мекемелері қызметі конституциялық принциптері жөнінде.

– Жұрт алдында сөз сөйлеулерде өз шеберлігі мен дағдыларыңды одан әрі жетілдіру және меңгерген білімдерді іс жүзінде қолдану мүмкіндіктері жөнінде біліп аласың.

1. Конституциялық сот өкілеттіктері.

2. Сот мәжілісін өткізуге дайындық.

3. Сот мәжілісін өткізу.

4. Ділгірлікті талдау.

5. Қаулы қабылдау.

6. Қорытындыларды шығару.

1. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТТЫҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ

Өзбекстан Республикасының Конституциялық соты Конституциялық бақылаудың жоғарғы сот мекемесі (Конституцияның 108-бабы). Жалпы соттар секілді ол да мемлекет халқы құқықтарын қорғайды.

Бірақ соттардың басқа түрлерінен ерекшелігі Конституциялық сот судьялары жеке тұлғалар арасындағы конкрет істерді талқыламайды.

Конституциялық сот судьяларының бас міндеті Олий Мажлис жариялаған заңдардың, Өзбекстан Республикасы Президенті жарлықтары, үкімет қаулылары мен басқа заң құжаттарының Негізгі заң – мемлекет Конституциясына сәйкестігін анықтау.

Өзбекстан Республикасы Конституциясының 109-бабы бойынша Конституциялық сот:

1) Өзбекстан Республикасы заңдарының және Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі палаталары қаулыларының,

Ўзбекистон Республикасы Президенті жарлықтары, қаулылары мен Жарлықтарының, үкімет, жергілікті мемлекет әкімшілігі мекемелері қаулыларының, Ўзбекистон Республикасы мемлекеттераралық келісім-шарт және басқа міндеттердің Ўзбекистон Республикасының Конституциясына сәйкестілігін анықтайды;

2) Ўзбекистон Республикасы Президенті қол қойғанға дейін Ўзбекистон Республикасы Конституциялық заңдарының, Ўзбекистон Республикасы халықаралық келісім-шарттарын ратификациялау жөніндегі Ўзбекистон Республикасы заңдарының Ўзбекистон Республикасы Конституциясына сәйкестілігін анықтайды;

3) Қарақалпақстан Республикасы Конституциясының Ўзбекистон Республикасы Конституциясына, Қарақалпақстан Республикасы заңдарының Ўзбекистон Республикасы заңдарына сәйкестілігі жөнінде қорытынды береді;

4) Ўзбекистон Республикасының Конституциясы мен заңдары нормаларына шолу жасайды;

5) Ўзбекистон Республикасы Жоғарғы сотының белгілі істе қолданылуы қажет болған нормативті-құқықты құжаттардың Ўзбекистон Республикасының Конституциясына сәйкестілігі жөнінде соттар бастамасымен енгізілген жүгінуін көріп шығады;

6) Конституциялық соттау жұмыстарын жүргізу тәжірибесін жаппайластыру ділгірлігі бойынша әр жылы Ўзбекистон Республикасы Олий Мажлісі палаталарына және Ўзбекистон Республикасы Президентіне мемлекеттегі Конституциялық заңдылықтың жағдайы жөнінде мәлімет тапсырады;

7) Ўзбекистон Республикасының Конституциясы және заңдарымен берілген өкілдігі шеңберінде басқа істерді талқылайды.

Конституциялық соттың құжаты ресми жарияланған күннен бастап күшке енеді. Конституциялық соттың қаулысы қатаң және оған шағымдану мүмкін емес.



Тапсырма

Конституциялық соттың мәжілісін өткіз. Көз алдыға елестет, үкіметтің 12 жылдық мәжбүрлі білім алуын жоққа шығару жөніндегі мемлекет базар қатынастарына өтуімен негіз етіп алынған қаулысы қабылданған, осыған байланысты әркім өзінің білім алу дәрежесі жөніндегі мәселені өзі шешуі мүмкін.

Бұл құқықбұзушылық Ўзбекистон Республикасының Конституциясына сәйкес келе ме?

Конституциялық соттың мәжілісі төмендегідей өткізілуі мүмкін:


I. Дайындық басқышы. Сынып бөлмесінде сот мәжілісі залын білдіретін жағдай жаса (білім алушылардың бес тобы үшін столдар–әрбір топ конституциялық соттың бір судьясын көрсетеді, төраға үшін стол, баяндама жасаушылар үшін мінбе).

II. Мәжілісті өткізу. Төраға білім алушыларды талқыланатын мәселемен таныстырады, регламентті айқындайды және топтарға талдау үшін уақыт береді. Қаулы қабылданып жатқанда оқушылар Өзбекстан Республикасы Конституциясының тиісті баптарына негізделуі қажет.

III. Ділгірліктің талқылануы. Әрбір топтан баяндама жасаушы белгіленеді, ол 2–3 минут барысында топтың бұл ділгірлігі бойынша көзқарасын сипаттап береді. Оны шешу үшін оқушылар заң шығарушыларға талданып жатқан қаулыға түзетулер, заңның жаңа бабы Конституциясын ұсынуы немесе бұл қаулыны жоққа шығаруды талап етуі мүмкін. Талдау барысында басқа топтардың қатысушылары сұрақ беруі мүмкін.

IV. Қабылдау. Конституциялық сотта қаулы жай көпшілік дауыспен қабылданады.

V. Қорытынды шығару. Ділгірліктің талқылануы барысын бағала: талданып жатқан қаулының пайдасына немесе оған қарсы аргументтер қаншалықты негізді болды, пайда болған ділгірлікті бұлайша талқылау қаншалықты тиімді болды.



АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ ҮШІН СҰРАҚТАР

Қиналғанда жақша ішінде көрсетілген оқулық беттеріне жүгін.

1. Өзбекстан Республикасы Президентінің мемлекет елбасшысы ретіндегі негізгі міндеттерін айтып бер (120–121-б.)
2. Өзбекстан Республикасы Президенті етіп кім сайлануы мүмкін? (123-б.)
3. Өзбекстан Республикасы Президентін сайлау тәртібін айтып бер (123-б.)
4. Өзбекстан Республикасы Президенті өкілдіктері қайсы жағдайларда тоқтатылады? (123-б.)
5. Өз өкілеттіліктері аяқталған соң Президент қайсы лауазымда иелеуі мүмкін? (124-б.)
6. Өзбекстан Республикасындағы атқару әкімшілігі мекемелерін айтып бер (125–129-б.)
7. Атқару әкімшілігі мекемелерінің негізгі функцияларын айт (125-б.)
8. Өзбекстан Республикасы Үкіметінің негізгі өкілеттіктерін атап бер (125-б.)
9. Халық депутаттары Кеңестері қайсы ділгірліктерді шешеді? (130-б.)
10. Халық депутаттары Кеңестеріне кім басшылық етеді? (130-б.)
11. Облыс, қала және аудан әкімі міндеттерін атап бер. (131-б.)
12. «Азаматтардың өзін өзі басқаруы» ұғымына сипаттама бер. (134-б.)
13. Қалалар махаллалары, қалашықтар, қыстақтар және ауылдардағы өзін өзі басқару мекемесін айт. (134-б.)
14. Азаматтар жиындары іс қызметінің негізгі бағыттары бойынша қандай комиссиялар бар? (136-б.)
15. Өзбекстан Республикасында сот әкімшілігі соттаудың қайсы түрлері арқылы жүзеге асырылады? (139-б.)
16. Өзбекстан Республикасы сот жүйесі қайсы соттардан құралған? (140-б.)
17. Өзбекстан Республикасы конституциялық соты қандай істерді талқылайды? (141-б.)
18. Өзбекстан Республикасы сот мекемелерінің негізгі мақсатын айт. (142-б.)
19. Әділ сотты жүзеге асыру барысына заңдар бойынша қойылатын негізгі талаптарды айтып бер. (145-б.)
20. Айыпсыздық презумпциясы деген не? (145-б.)
21. Кім қала немесе аудандараралық сот, аудан (қала) соты немесе экономикалық сот судьясы болуы мүмкін? (147-б.)
22. Судьяның өкілеттіктері қандай жағдайларда тоқтатылуы мүмкін? (148-б.)
23. Сот әкімшілігінің іс қызметінің конституциялық принциптерін атап өт. (149-б.)

КОНСТИТУЦИЯ – МЕМЛЕКЕТТЕ ДЕМОКРАТИЯНЫ ДАМУҒА КЕПІЛ

Біз мемлекет өміріне тиісті әрбір қаулыны халқымызбен кеңесіп, тікелей пікірлесу негізінде қабылдаймыз. «Халық үкімет кеңселеріне емес, сондай-ақ үкімет кеңселері халқымызға қызмет етуі керек» деген идея бұл тұрғыда қызметіміз өлшеміне айналып отыр.

Шавкат Мирзиёев

27-§. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЙЛАУ ЖҮЙЕСІ

Тақырып бойынша жұмыс істеу нәтижесінде:

- демократиялық мемлекетте сайлаулардың маңызы туралы;
- сайлаудың белгілі жүйелері, олардың принциптері мен тиімділігі жөнінде;
- Өзбекстан Республикасындағы сайлау жүйесінің ерекшеліктері туралы біліп аласың.

1. Жалпыхалықтық сайлау – мемлекеттің даму жолын таңдау.
2. Сайлаудың қайсы моделі жақсырақ?
3. Демократиялық сайлау принциптері.

1. ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ САЙЛАУ – МЕМЛЕКЕТ ДАМУ ЖОЛЫН ТАҢДАУ

Жалпыхалықтық сайлаулар жолымен мемлекет әкімшілігі мекемелерін қалыптастыру демократиялық құқықтық мемлекеттің маңызды сипаттарының бірі болып есептеледі. Әрбір азамат өз дауысын беру негізінде әкімшілікті талап етіп жатқан түрлі адамдарға, саяси партияларға өзінің қатынасын білдіреді. Ол сайланатын мекемелерді қалыптастыруда қатысуға, яғни олардың құрамына сайлау және сайлануға құқықты.



Негізгі заң белгілейді

Өзбекстан Республикасының азаматтары мемлекет әкімшілігі өкілдік мекемелеріне сайлау және сайлану құқығына ие. Әрбір сайлаушы бір дауысқа ие. Дауыс беру құқы, өз қалау-еркін білдіру теңдігі мен еркіндігі заңмен кепілденеді. Өзбекстан Республикасының он сегіз жасқа толған азаматтары сайлау құқығына ие болып табылады.

Сот қатысуға жарамсыз деп тапқан азаматтар, сондай-ақ үкімімен азаттықтан мақрұм ету орындарында сақталып жатқан тұлғалар сайлануы мүмкін емес және сайлауда қатынаспайды.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 117-баптан.



«Сайлау» атауы дауыс беру жолымен сайланатын әкімшілік мекемелерін қалыптастыруды білдіреді. Сондықтан, ең лайықтысын сайлау мүмкіндігі туылуы үшін бірнеше үміткерлер болуы керек. Мұндай сайлау балама сайлау деп аталады. Балама болмағанда сайлаушыларда шақырылған үміткерді сайлаудан бас тарту мүмкіндігі болуы тиіс.

2. САЙЛАУДА ҚАЙСЫ МОДЕЛЬ ЖАҚСЫРАҚ?

Сайлаулар өздігінен демократия кепілі бола алмайды. Бұл үшін сайлау жүйесінің маңызы үлкен.

Сайлау жүйесі – мемлекет әкімшілігі өкілдік мекемелеріне және мемлекет Президентін сайлау тәртібі.

Халықаралық қолданыста сайлау жүйесінің түрлі модельдері бар бұлар: мажоритарлық және пропорционалдық.

Мажоритарлық жүйеде сайлаушылардың заңмен белгіленген көпшілік даусын (кемінде 51% + 1 дауыс) алған үміткер сол сайлау округы бойынша сайланған болып есептеледі.

Егер үміткер сайлауларда қатысқан сайлаушылар даусының жарымынан кемін алса, ең көп дауыстар мөлшерін алған екі үміткер қатынасатын екінші басқыш өткізіледі. Екінші басқышта ең көп дауыстар санын алған үміткер сайланған болып есептеледі.

Пропорционалдық (сәйкестік) сайлау жүйесі негізіне сайлаушылар партия үшін берген дауыстар мен партиядан алынған депутат өкілеттерінің заңдылығын куәландырушы құжаттар арасындағы пропорционалдық (сәйкестік) принципі қойылған.

Мұндай жүйеде саяси партиялар фамилиясына қарап емес, сондай-ақ тізімімен көрсетіледі де сайлаушылар жалпылығы күйінде екі партияның тізіміне дауыс береді.

Өзбекстан Республикасының сайлау жүйесін таңдауда мемлекетте қалыптасқан дәстүрлер мен саяси жүйе дамуының дәрежесі ескерілген. Көпшілік құқықтанушы ғалымдар мен саясаттанушылар мемлекетімізде мажоритарлық жүйеден пайдалану көбірек мақсатқа сай, себебі ол қолдануда анағұрлым қарапайым және орнықты саяси тәртіп жағдайында, әсіресе, тиімді болады, деген шешімге келді.

3. ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ САЙЛАУ ПРИНЦИПТЕРІ

Өзбекстан Республикасының Конституциясы мен «Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисіне сайлау туралы» Заңы сайлау жүйесінің негізі болып, оларда сайлау жүйесінің демократиялық принциптері нығайтылған.

Жалпылық принципі әрі сайлаушылар үшін, әрі үміткерлер үшін тіркеуден өтудің жариялылығын қамтамасыз етеді. Сайлау өткізілетін күнге дейін 18 жасқа толған азаматтарға сайлауда қатысу құқығы беріледі.

Сайлау учаскелері жұмысының ұйымдастырылуы да сайлау құқығы жалпылығының кепілі болып қызмет етеді. Ол сайлаушыларға максималдық қолайлы жағдайлар жасап берілетін бір түрде жасап беріледі: сайлау учаскелері жасайтын жеріне біршама жақын жайғастырылады; сайлау демалыс күніне тағайындалады да таңертең

сағат 6-дан кешкі сағат 20-ға дейінге созылады; дауыс беру орны туралы әрбір сайлаушыға хабарланады; сығылыс кезекте тұрулар және дауыс беру үшін басқа кедергілер болмау мақсатында дауыс беру үшін қажет мөлшерде арнаулы бөлмелер жабдықталады.

Егер, денсаулығының жағдайына қарай немесе басқа себептерге қарай сайлаушы сайлау учаскелеріне келе алмаса, олардың өтініші бойынша дауыс беру өзі жасайтын жерде ұйымдастырылады.

Сайлаушылардан әрқайсысы фамилиясы тіркеуге енгізілгені немесе олар туралы мәліметтер жаңылыс еместігіне көз жеткізу мақсатында сайлау учаскелерінде танысып шығу үшін тізімдер іліп қойылады.

Теңдік принципі әрбір сайлаушы даусы тең күшке ие екендігін білдіреді.

Жасырыну принципі дауыс беру шеттен белгілі бір бақылау болмауы үшін және бөтен кісілер қатысуынсыз дауыс беру мүмкіндігін сайлаушыға кепілдейді. Дауыс беру жасырын болуын қамтамасыз ету мақсатында сайлаушы арнайы даярлап қойылған кабинаға кіреді, сайлау бюллетенін толтырады, яғни сайлаушы дауыс беретін депутаттыққа үміткер фамилиясы қарсысында, оң жаққа жайғасқан бос квадратқа белгі – қосу белгісін қояды да сайлау құтысына өз қолымен тастайды.

Жариялылық принципі сайлау кезінде құқықбұзарлықтар болу ықтималын шектейді, дауыстарды санап есептеуде және ресми нәтижелерді жариялағанда әділдікті қамсыздандырады.





Өзбекстан Республикасы Президенті Сайлауы, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің Заңдылық палатасына және Қарақалпақстан Республикасы Жоқарғы Кеңгесіне, облыстар, аудандар, қалалар мемлекеттік әкімшілігінің өкілдік мекемелеріне Сайлау тиісті олардың Конституциялық өкілет мұрсаты аяқталатын жылда — желтоқсанның үшінші он күндігінің бірінші жексенбісінде өткізіледі. Сайлаулар жалпы, тең және тура Сайлау құқықы негізінде жасырын дауыс беру жолымен өткізіледі. Өзбекстан Республикасының он сегіз жасқа толған азаматтары сайлау құқықына ие.

Өзбекстан Республикасы азаматы бір уақыттың өзінде екіден артық мемлекет әкімшілігі өкілдік мекемесінің депутаты болуы мүмкін емес.

Өзбекстан Республикасы Президенті Сайлауын, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисіне Сайлауды, сондай-ақ Өзбекстан Республикасы референдумын ұйымдастыру және өткізу үшін Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі қызметінің негізгі принциптері тәуелсіздік, заңдылық, коллегиялық, жариялылық және әділеттіліктен құралған Өзбекстан Республикасы Орталық Сайлау комиссиясын түзеді.

Өзбекстан Республикасы Орталық Сайлау комиссиясы өз қызметін тұрақты негізде іске асырады және өз қызметінде Өзбекстан Республикасы Конституциясына, Өзбекстан Республикасының Сайлау туралы және референдум туралы заңдарына және басқа заңдарға сүйенеді.

Өзбекстан Республикасы Орталық Сайлау комиссиясының мүшелерін Қарақалпақстан Республикасы Жоқарғы Кеңгесінің, халық депутаттары облыстар және Ташкент қаласы Кеңестерінің ұсынысы бойынша Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің Заңдылық палатасы мен Сенаты сайлайды.

Өзбекстан Республикасы Орталық Сайлау комиссиясының Төрағасы комиссия мүшелері арасынан Өзбекстан Республикасы Президентінің тапсыруы бойынша комиссия Мажлисінде сайланады.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 117-баптан.

Сайлау жүйесі:

- мемлекет әкімшілігі мекемелерін жалпыхалықтық сайлаулар арқылы қалыптастыру;
- дауыс беру – әкімдікті талап ететін түрлі тұлғалар мен партияларға қатысты білдіру формасы;
- сайлау құқығы – 18 жастан бастап, мемлекет азаматтары;
- мақрұм етілгендер: аумақтық айналымға жарамсыздар, қамау орындарында отырғандар;
- мажоритарлық және пропорционалдық сайлау жүйесі;
- жалпы, тең, тура сайлау аумағы;
- жасырын дауыс беру;
- бақылау: сайлауларда бақылаушылардың келуі;
- сайлау жөніндегі заңды бұзғаны үшін қылмыстық жауапкерлік.

Өзіңді тексер!

1. Жасырын дауыс беру кезінде жалпы, тең, тура сайлау аумағы білдіреді?
2. Өзбекстан Республикасында кім сайлау құқықына ие?
3. Сайлау комиссиясы қызметінде жариялылық қандай рөл ойнайды?
4. Өзбекстанда қайсы сайлау жүйесі моделі қабылданған?
5. Өзбекстан Республикасының сайлау жөніндегі заң құжаттары азаматтарға қандай құқықтарды береді?

28-§. ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚ

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОЛИЙ МАЖЛИС ДЕПУТАТТАРЫ МЕН СЕНАТОРЛАРЫ САЙЛАУЫ

Тақырып бойынша жұмыс істеу нәтижесінде:

- сайлау науқанын өткізу тәртібі;
- дауыс беру механизмі туралы;
- сайлау үдерісі түрлі қатысушыларының рөлі туралы біліп аласың.

1. Олий Мажлиске депутаттар мен сенаторлар сайлауын өткізу тәртібі.

2. Мектеп Кеңесі сайлауы.

1. ОЛИЙ МАЖЛИСКЕ ДЕПУТАТТАР МЕН СЕНАТОРЛАР САЙЛАУЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

Өзбекстан Республикасының «Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисіне сайлаулар жөнінде»гі және «Облыс, аудан және қала кеңесіне сайлау жөнінде»гі заңдарына сәйкес сайлау үдерістері төмендегі басқыштардан құралады:

1. Сайлаудың айын, күнін, жылын белгілеу.
2. Орталық сайлау комиссиясын ұйымдастыру.
3. Сайлау округтары, учаскелерін түзу.
4. Сайлау комиссиясын түзу.
5. Сайлау науқанын басталғандығын жариялау.
6. Депутаттыққа үміткерлерді көрсету және тіркеуге алу.
7. Сайлауалды үгіт-насихат.
8. Сайлаушылар тізімін жасау.
9. Сайлаушылар бюллетенін даярлау.
10. Дауыс беру және сайлау нәтижелерін анықтау.
11. Депутаттарды тіркеуге алу және сайлау нәтижелерін жариялау.
12. Үміткерлер жеткілікті мөлшерде дауыс ала алмаған сайлау учаскелерінде қайта сайлау өткізу.

Президенттікке және Олий Мажлис Заңшылық палатасы депутаттығы мен Олий Мажлис Сенаты мүшелігіне сайлаулар болып өтті. Мемлекет бастығы мен мемлекет жоғары мекемелері депутаттары және сенаторлары сайланды, яғни сайлау учаскелеріне келгендердің көпшілігі олар үшін дауыс берді.

Сениңше, сол көпшілік қатарына кіруші сайлаушы саяси жақтан қандай орынға ие?

Әрине, көпшілік жағдайларда бұл адам мемлекеттің саяси өмірін зер салып бақылап жүр. Әкімшілік басында кім тұрғандығы және өзі жасап тұрған мемлекеттің келешегі қандай болуы оған бәрібір болмағандығы үшін де солай істейді.

Өйткені, құқықтық мемлекет орнату тәжірибесі мемлекеті заң шығарушы мекемесіне және жерлердегі әкімшілік өкілдік мекемелеріне көп нәрсе байланысты екендігін білдіреді. Депутаттар мен сенаторлар заңдарды даярлайды және бекітеді, олардың сақталуын бақылауды іске асырады, мемлекет бюджетін талқылайды және бекітеді, атқарушы әкімшіліктің ең жауапты өкілдерін лауазымына бекітеді, Конституция, заң құжаттары мен Өзбекстан Республикасы Президентінің жарлықтары жүзеге шығарылуында көмек береді.

2. МЕКТЕП КЕҢЕСІН САЙЛАУ

Мектепті кішкене мемлекетке салыстыру мүмкін. Сайлауды өткізу тәртібін зерттеп, мектептің өзін өзі басқару мекемесі – мектеп кеңесін сайлауға әрекет ет.

Мектеп кеңесіне үміткерлер өздерінің мектеп өмірі мен реформаларын өткізуге тиісті реал бағдарламаларын жасап шығулары тиіс. Білім алушылардың адамилық қадір-құнын құрмет етуі мектеп тәртібін сақтау бойынша өз тәсілдерінді ұсын. Оқытушылар мен білім алушылар құқықтары мен міндеттемелері бағдарламасына енгіз.

Олардың бағдарламаларын талқылаған соң үміткерлер сайлауын өткізу үшін Өзбекстан Республикасының «Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисіне сайлау жөнінде»гі Заңға сәйкес үш топқа бөлін:

- сайлау комиссиясы;
- партиялар мен олардың үміткерлері;
- бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері.

I басқыш: Сайлауалды науқанына дайындық

Сайлау комиссиясы мүшелері.

Топ комиссия төрағасы мен хатшысын сайлайды, сайлау өткізілетін орынды белгілейді, сайлаушылар тізімдерін жасайды, сайлау бюллетені, дауыстарды есептеу протоколы формасын

даярлауды, дауыс беру бөлмесі, сайлау құтысы, тағы басқа жиһаздарды дайындауды қамтамасыз етеді.

Партиялар мен олардың үміткерлері.

Топ кемінде екі партия түзеді, олардың бағдарламаларын даярлайды, сайлауалды бағдарламалары тактикасын жасайды, мектеп кеңесі мүшелігіне үміткерлерді көрсетеді, үміткерлерді жақтап парақтар шығарады, олардың сайлаушылар алдындағы сөйлейтін сөздерін дайындайды. Сыныптастарыңды Сенің бағдарламаң ең жақсы екендігіне сендір.

Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері:

Топ үміткерлерінен, сайлаушылардан, сайлау комиссиясы мүшелерінен интервью алады, сайлауалды науқанының барысын сипаттайтын материалдар дайындайды.

II басқыш: Сайлауалды науқаны

Сайлау комиссиясы мүшелері сайлаушылар тізімдерін түзеді.

Партиялар үміткерлер мен олардың сайлауалды бағдарламалары жайында әңгімелейтін плакаттарды іліп шығады, парақтар таратады, үгіт-насихат жүргізеді. Ал сенімді өкілдер өздерінің бағдарламалық баяндауларымен сөз сөйлейтін өз үміткерлерін таныстырады.

Содан кейін үміткерлер сайлаушылар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, басқа балама үміткерлер ұрақтарына жауап береді.

III басқыш: Сайлау

Сайлау учаскесіне бірінші болып сайлау комиссиясы мүшелері, партиялардан бақылаушылар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері шақырылады.

Сайлау комиссиясы учаскеде істерді ұйымдастырады. Сайлаушылар дауыс беруде қатысады. Содан кейін барлық қатынасшылармен бірге сайлау қорытындыларын жариялайды.



Өзіңді тексер!

1. Сайлау үдерісінде сайлаушы қандай рөл ойнайды?
2. Сайлау науқаны дәуірінде бұқаралық ақпарат өкілдерінің міндеті нелерден құралған?
3. Сен болашақ сайлаушы ретінде нелерді үйрендің?
4. Мектеп кеңесіне өткізілген сайлау үдерісінде өзің және өз сыныптастарың қатысуын қалай бағалайсың?

29-§. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРОКУРАТУРА МЕКЕМЕЛЕРІ

Тақырып бойынша жұмыс істеу нәтижесінде:

- Заңдардың атқарылуын бақылау бойынша прокуратура мекемелері қызметі туралы;
- прокуратура қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері туралы;
- Өзбекстан Республикасында прокуратура мекемелері қызметінің ерекшеліктері туралы біліп аласың.

1. Прокурор – заң қорғаушысы.

2. Прокуратура мекемелері.

3. Прокурор бақылауына тиісті құжаттардың түрлері.

1. ПРОКУРОР – ЗАҢ ҚОРҒАУШЫСЫ

Латынша «*Прокурор*» сөзінің аудармасы «*қамқорлық жасау*» деген маңғынаны білдіреді. Сол күйінде бұл сөз мемлекеттің барлық заңдарын анық және сөзсіз сақтау бойынша қамқорлық жасау мағынасында қолданылады.

Прокуратура мекемелері азаматтардың мемлекет пен қоғам ұйымдарына өтініштері, шағымдары, жүгінулерін тексереді, зиян келтірілген құқықтардың қайта қалыптасуы бойынша іс-шаралар орындайды және азаматтар мен ұйымдардың заңды мүдделерін қорғайды.

Прокуратура мекемелері сот жүйесіне кірмейді және соттан тәуелсіз болып табылады. Сот мәжілісінде қатысумен прокурор мемлекет атына **прокурор бақылауын іске асырады**, яғни соттардың әрекеттерінде заңның бұзылғандығын яки бұзылмағандығын анықтайды.

Ал сот заңға сай болмаған қайшы қабылдаған жағдайда прокурор жоғары тұратын сотқа протестпен, яғни соттың сол қаулысын заңға сәйкес болмаған түрде қарап шығу талабын қойып жүгінеді. Тіпті сот қаулысы күшке енгеннен соң да прокуратура мекемелері қамауға алынғандардың құқықтары оларды қамауда сақтайтын жерлерде бұзылмауын да қадағалайды.



Негізгі заң белгілейді

Өзбекстан Республикасы аумағында заңдардың анық және бір қалыпты орындалуын бақылауды Өзбекстан Республикасының Бас прокуроры және оған бойсұнатын прокурорлар іске асырады.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 118-бап.

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРОКУРАТУРА МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ:

Заңның жоғарылығын қамсыздандыру;

Заңдылықты нығайту;

Азаматтардың құқық және еркіндіктерін қорғау;

Қоғам және мемлекет мүдделерін қорғау;

Өзбекстан Республикасы Конституциялық құрылымын қорғау;

Заңбұзушылықтан сақтандыру және профилактика жұмыстары.

2. ПРОКУРАТУРА МЕКЕМЕЛЕРІ

Өзбекстан Республикасы Конституциясының 119-бабына сәйкес прокуратура мекемелерінің орталықтанған бірегей жүйеге Өзбекстан Республикасы Президенті тағайындайтын және лауазымынан азат ететін Өзбекстан Республикасы Бас прокуроры басшылық етеді.

Өзбекстан Республикасы Президентінің Өзбекстан Республикасы Бас прокуроры лауазымына тағайындау және лауазымынан азат ету туралы Жарлығын Өзбекстан Республикасы Олий Мажлис Сенаты бекітеді.

Қарақалпақстан Республикасы прокуратурасына Өзбекстан Республикасы Бас прокурорымен келісілген күйде Жоқарғы Кенгес тағайындайтын Қарақалпақстан Республикасы прокуроры басшылық етеді. Ол Өзбекстан Республикасы Бас прокуроры және Қарақалпақстан Республикасы Жоқарғы Кенгесі алдында жауапкер болып есептеледі.


Қалалар, аудандар және облыстардың прокурорларын Өзбекстан Республикасы Бас прокуроры тағайындайды.

Өзбекстан Республикасы Бас прокуроры, Қарақалпақстан Республикасы прокуроры, облыстар, аудандар, қалалар прокурорларының өкілетті мерзімі – бес жыл.



1-тапсырма

Сеніңше, республикада прокурорды тағайындаудың мұндай тәртібі не себептен қабылданған? Сен қайсы әдісті (таңдау, емтихан бойынша сайлау және басқалар) ұсынған болар едің? Өз жауабыңды негіздеп бер.



Өзбекстан Республикасы Бас прокуратурасы қасында экономикаға тиісті қылмыстарға қарсы күрес Департаменті, Мәжбүри атқару бюросы қызмет жүргізеді.

3. ПРОКУРОР БАҚЫЛАУЫНА ТИІСТІ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ

Заң бұзылғандығын анықтап, прокурор төмендегі шараларды көру мүмкін: **протест, қаулы, ұсыныс, өтініш және сақтандыру.**

Заңға қайшы құжат қабылдағанда прокурор оны қабылдаған мекемеге **протест** енгізеді. Осындай тәртіппен мансапты тұлғаның заңсыз қаулысы үшін де прокурор протест енгізеді.

Протест келіп түскен соң, он күннен кешіктірмей, қарастырылуы керек. Протест қарап шығылғаны туралы нәтиже үш күн ішінде прокурорға жазба түрде хабарландырылады.

Мансапты тұлға немесе азамат заң бұзылуының мазмұнынан келіп шыққан күйде прокурор қылмыстық іс қозғау туралы, әкімшілік жауапкерлік қолдану туралы **қаулы** шығарады.

Заң бұзылуды жою, оның себептері мен жол берілген себепші жағдайлар жөніндегі **ұсыныс** прокурор мекемеге немесе заң бұзушылығын жоюға жауапты мансапкер тұлғаға енгізеді. Ұсыным кешіктірмей қаралуы шарт және көрілген іс-шаралар туралы бір ай ішінде прокурорға жазба түрде білдірілуі керек.

Прокурор азаматтар, заңды тұлғалар және мемлекеттің құқықтары мен заң мүдделерін қорғау үшін **өтінішпен** сотқа жүгінуі мүмкін.

Азаматтардың заңмен қорғалатын мүдделері, құқықтары мен еркіндіктері, қоғам мен мемлекет мүдделеріне зиян келтіруі мүмкін болған заңсыз іс-әрекеттер туралы сенімді мәліметтерге ие болғанда, прокурор заңның бұзылуына жол беруге болмайтыны түп-тура жазба түрде мансапты тұлғаға азаматтарға **ескерту** білдіріледі де заңды бұзғаны үшін жауапты екендігі білдіріледі.



2-тапсырма

1. Қылмыс жасалынды. Қылмыскерді қылмыс жасағаны үшін айыптау мақсатында қылмыстық іздеу бастығы адам өлтіруде күмәнді болып тұрған тұлғаға келетін барлық хаттарды ашып оқу туралы бұйрық берді.

Сеніңше, прокурор сол қаулыны бекерге шығаруы мүмкін бе?

2. Кейбір жағдайларда сот талқылауы барысында прокурор сотталушыны өмірбақилық қамау жазасы тағайындауды талап етуге мәжбүр болады.

Сеніңше, бұл жағдай мемлекетте аяусыздық кең таралуына мүмкіндік туғызбай ма?

Заң шығарушылардан көпшілігі прокуратура мекемелерінің кез келген мемлекет мекемелерінен, қоғамдық бірлестіктер мен мансапты тұлғалардан толық тәуелсіз болу мәселесін шешуге әрекет етіп жатыр.

Соған байланысты Өзбекстан Республикасында төмендегі іс-шаралар белгіленген:

– прокуратура мекемелерінде саяси партиялар мен қозғалыстар ұйымдастыруға тыйым салынған;

– прокурор өз өкілеттерін жүргізетін кезде саяси партиялық және саяси мақсаттарды көздейтін басқа қоғамдық бірлестіктерде мүшелікті тоқтатып тұрады;

– прокурорларға ақшалы қызмет көрсетумен шұғылдану және іскерлік қызметімен айналысу (ғылыми, педагогикалық және шығармашылық қызмет бұған жатпайды) тыйым салынады;

– прокурорлардың басқа ұйымдарда және кәсіпорындарда қосымша жұмыс негізінде істеуіне тыйым салынған (оқу және ғылыми мекемелерден тыс);

– прокурорлар мен прокуратура тергеушілері мемлекет қорғауында әрі қызмет тәуелсіздігіне ие, яғни оларға қатысты қозғалған қылмыстық істерді тергеуді тек прокуратура мекемелері ғана іске асырады;

– мемлекет үкіметі мекемелері, қоғамдық бірлестіктер мен бұқаралық ақпарат құралдарының қылмыстық істері тергеу жасалынып жатқанда, шағымдар, өтініштер, тағы басқалар талқыланғанда прокуратура қызметіне араласуына тыйым салынады;

– Өзбекстан Республикасының Бас прокуроры Өзбекстан Республикасы Президенті мен Өзбекстан Республикасы Олий Мажлис Сенаты алдында есеп беруі шарт;

– қаржылық қамсыздандыру тек мемлекет бюджеті есебінен іске асырылады.



3-тапсырма

1. Прокуратура мекемелері тәуелсіздігі ділгірлігін шешу бойынша өз іс-шараларыңды ұсын.

2. Бәлкім, Сен прокуратура мекемелеріне өте көп өкілдіктер берілген, олар әкімшіліктің пайдалануына жол беру ықтималынан болса керек, деп есептейтін шығарсың? Онда, прокуратура мекемелерінің қызметін бақылау үшін қандай ұсыныс жасай аласың?

3. Өзбекстан Республикасының Конституциясына сәйкес прокурор лауазымын иелеп тұрған дәуірде прокурордың басқа ақы төленетін лауазым-

мын иелеуі мен партияларға немесе бұқаралық әрекеттерге мүше болуына тыйым салынған.

Сенің пікіріңше, бұл тыйымдар прокурорлардың мемлекет азаматы ретінде әлеуметтік-экономикалық және саяси құқықтарды бұзбайды ма?

Қорытындыларды шығарамыз

Өзбекстан Республикасы
прокуратурасы:

- прокуратура – заңдардың бір түрлі орындалуын бақылау;
- прокурор – сотта мемлекет айыптаушысы ретінде;
- прокуратура сот жүйесіне кірмейді;
- прокуратура мекемелеріне Бас прокурор басшылық етеді; прокурорға тыйым салынған:
 - саяси партиялар, бұқаралық әрекеттерде қатысу;
 - іскерлік қызметімен шұғылдану, депутат болу, орынбасарлық негізінде істеу.
- қосымша іс негізінде істеу; қаржылық қамсыздық тек мемлекет бюджеті есебінен;
- «Прокуратура туралы» Заң.

Өзіңді тексер!

1. Прокуратура мекемелері не мақсатта ұйымдастырылған?
2. Прокурор сотта қандай рөл ойнайды?
3. Прокуратура мекемелерін кім басқарады және олардың қызметін кім бақылайды?
4. Заң бұзылған кездер анықталған жағдайларда прокурор қандай іс-шаралар жүргізеді?
5. Прокуратураға жүгінудің ерекшеліктері нелерден құралған?
6. Прокуратура мекемелерінің қаржылық қамсыздығы қалай іске асырылады?



Есте сақта!

Прокуратура мекемелерінің қызметі заң жоғарылығын жан-жақты жетілдіруге, құқық тәртіпті нығайтуға, адам мен азаматтың әлеуметтік, экономикалық, саяси, жеке өзінің құқықтары мен еркіндігіне, сондай-ақ, мемлекет тәуелсіздігіне, Конституциямен нығайтылған әлеуметтік-мемлекеттік түзілісіне, саяси және экономикалық жүйеге, ұлттық топтар мен аумақтық құрылымдардың құқықтарына қайшы қауіптерден қорғауды қамтамасыз етуге қаратылған.

Біздің кеңестеріміз

СЕНІҢ ҮЙІҢ – СЕНІҢ ҚОРҒАНЫҢ

Үйіңнің кілтін ешқашан пошта жәшігіне, кілемше астына, басқа кез келген шартты жерде қалдырма. Ең дұрыс вариант – кілтті көршілердің бірінде қалдыр.

Егер үйде бір өзің болсаң, есікті тықылдатқанда яки қоңырау соғылғанда ашпа, есік артында тұрған халде сөйлес. Әлдеқандай жәрдем, су беру бойынша өтінішке, электр есептегішті яки газды тексеріп көру сияқты ұсынысқа: «Үлкендер үйде жоқ, кейін келіңіз», деген тәртізді жауап бер.

Үйіңе кіріп алу мақсаттағы тиісушілік жалғаса берсе, ойлап отырма, милицияға, қоңырау соқ.

Мына телефон цифрларын есінде сақта:

101 – өрт сөндіру қызметі

102 – милиция

103 – жедел дәрігерлік жәрдем

104 – газ қызметі

1050 – құтқару қызметі (ТЖМ)

30-§. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚАРЖЫ ЖӘНЕ НЕСИЕ

Тақырып бойынша жұмыс істеу нәтижесінде:

- Өзбекстан Республикасында қаржы және несие жүйесінің құқықты негіздері жөнінде;
- банк және ақша құқықты негіздері жөнінде;
- мемлекет салық жүйесі негіздерінің ерекшеліктері жөнінде біліп аласың.

1. Құқық және экономиканың өзара байланыстылығы.
2. Мемлекеттің қаржы жүйесі.
3. Өзбекстан Республикасының ақша жүйесі.
4. Мемлекеттің банк жүйесі.
5. Салықтар неге керек?

1. ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАНЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТЫЛЫҒЫ

Біз өмір сүріп жатқан заман – базар қатынастары көркейіп дамып жатқан, әртүрлі мүлік түрлері пайда болып жатқан және жетілдіріліп жатқан дәуір. Бүгін республикасымызда өмір сүріп жатқан әрбір адамда өз кәсіпорнын ашу, іскерлікпен шұғылдану және осылайша өз дәулеттілігін қамтамасыз ету мүмкіндігі туды.



Негізгі заң белгілейді

Базар қатынастарын дамытуға бағытталған Өзбекстан экономикасының негізін сан алуан түрдегі мүлік құрайды.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 53-баптан.

Құқық нормалары мемлекетте жетілдірілген экономикалық қатынастарды нығайтып қояды және онымен экономиканың дамуына оңтайлы әсер етеді. Құқықта нормалар (заңдар, жарлықтар және үкімет қаулылары) іскерлікті дамытуға, мүлікшіліктің түрлерін нығайтуға көмек береді, іскерлер мен бизнесмендер мүдделерін қорғайды. Ендеше, Конституцияда мемлекет экономикалық

қызметі, іскерлік және еңбек ету еркіндігін, сондай-ақ, барлық мүлік түрлерінің құқықты қорғалуына кепілдік беруі туралы ереже нығайтып қойылған.



Негізгі заң белгілейді

Мемлекет тұтынушыларының құқықы жоғарылығын ескере отырып, экономикалық қызмет, іскерлік және еңбек ету еркіндігін, барлық мүлік түрлерінің тең құқықтылығын және құқық жағынан теңдей қорғалуына кепілдік береді.

Жеке мүлік басқа мүлік түрлері секілді дербес және мемлекет қорғауында. Мүлік иесі тек заңда назарда тұтылған жағдайларда және тәртіпте ғана мүлкінен мақрұм етілуі мүмкін.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 53-баптан.

Сөйтіп, **құқық экономикаға төмендегідей әсер етеді:**

- заңдар жетілдірілген экономикалық қатынастарды нығайтады;
- құқық мемлекет экономикалық дамуы тұрақтылығын тән алады және кепілдік береді;
- құқық жаңа экономикалық қатынастар жасалуы мен дамуына көмек беруі мүмкін.



1-тапсырма

Сенің ойыңша, іскерлікпен тиімді шұғылдану үшін адам қандай қасиеттерге ие болуы керек? Барлық тілек білдірушілер базар қатынастарын дамытуда қатысуы үшін мемлекетте қандай жағдайлар жасалуы қажет?

2. МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ

Мемлекеттің қаржы жүйесі мемлекет ақша қаражаттары қорларын жасау, үлестіру және пайдалануы үшін қажет болады. Қаржы жүйесіне мемлекеттің қаржы кеңселері – банктер, жинақ қассалары және басқалар кіреді.



Негізгі заң белгілейді

Өзбекстан Республикасы өз қаржы және ақша-несие жүйесіне ие.

Өзбекстанның Мемлекет бюджеті Республика бюджетінен, Қарақалпақстан Республикасы бюджетінен және жергілікті бюджеттерден құралған.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 122-бап.

Мемлекеттің қаржылық-экономикалық қызметі төмендегі бағыттарда жүзеге асырылады:

- бюджетті қабылдау, орындау, оны бақылау;
- салық жинау;
- ақша белгілерін шығару және қаржы және экономика саласында тәртіп сақтау;
- несиелер, жеңілдіктер және басқаларды беру;
- материалдық көмекке мұқтаж азаматтарды (мүгедектер, жетімдер және басқаларды) әлеуметтік қорғау;
- мәдениет-білім беру кеңселері, бұқаралық ақпарат құралдарын дамытуды қолдап-қуаттау;
- қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралар белгілеу;
- сыртқы экономикалық қызмет және халықаралық ынтымақтастық.



Есіңде сақта!

Қаржы (французша «*finance*» – *нақты, табыс*) – кең мағынада: ақша қаражаттары, мемлекет ақша қаражаттарының айналымы.

Қаржы жүйесі – мемлекет және шаруашылық жүргізуші субъекттер ақша қаражаттары қорларын ұйымдастыру, үлестіру және олардан пайдалану түрлері және тәсілдері жүйесі.



2-тапсырма

Өзіңді мемлекет қаржы министрі орнында елестетіп көр. Мемлекет негізгі қаражаттарын экономиканың қайсы салаларына жұмсаған болар едің? Себептерін түсіндіріп бер. Бұл қалай мемлекет экономикасының жалпы дамуына әсер етеді?

3. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АҚША ЖҮЙЕСІ

Өзбекстан Республикасының қаржы жүйесі ресми ақша бірлігін, ақша айналымы ұйымдастырылуы мен ретке келтірілуін өз ішіне алады. 1994 жылы 1 шілдеден бастап Өзбекстан Республикасы ресми ақша бірлігі – сум айналымға енгізілген. 1994 жылы 15 қазаннан бастап республика аумағында барлық төлеулер мен есеп-қысаптар тек ұлттық валютада – сумда жүзеге асырылады.

Сум – Өзбекстан Республикасы Орталық банкі шығаратын қағаз банкноттары мен металл теңгелер. Өзбекстан Республикасында сум жалғыз ақша құралы боп саналады.

4. МЕМЛЕКЕТТІҢ БАНК ЖҮЙЕСІ

Банктер түзілуі мен қызметінің құқықты негізін «Банктер мен банк қызметі туралы» Заң, Президент жарлықтары, Өзбекстан Республикасы Орталық банкінің құжаттары құрайды.



Негізгі заң белгілейді

Өзбекстан Республикасының банк жүйесін республика Орталық банкі басқарады.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 124-бап.



Есіңде сақта!

Банк – негізгі қызметі ақша қаражаттарын қатыстыру және орналастыру мен есеп-қысаптарды жүзеге асыру болған қаржы ұйымы. Экономикалық тұрғыдан банктер ақша базарында бас боп тұрғандар мен қосымша ресурстарға қажеті болғандарм арасында делдал ретінде жұмыс жүргізеді.

Өзбекстан Республикасының «Орталық банк туралы» Заңына сәйкес Орталық банк ұлттық валюта тұрақтылығын қорғау және қамтамасыз етуге бағытталған бірыңғай ақша-несие саясатын істеп шығады және жүргізеді.

Өзбекстан Республикасында нақты ақшаны айналымға шығару және айналымнан алып қоюдың ерекше құқықы Өзбекстан Республикасы Орталық банкіне тиісті. Жалған банкноттардың жасалуы және заңға қайшы жасалуы заңмен қудаланады.

5. САЛЫҚТАР НЕГЕ КЕРЕК?

Салық – барлық заңдық және жеке тұлғалар мемлекет немесе жергілікті бюджетке жүзеге асырылатын жалпымәжбүри төлемдердің бір түрі.

Салықтарды белгілеу, жүргізу және төлеуге байланысты барлық қатынастар Өзбекстан Республикасының Салық Кодексімен басқарылады. Бұл Кодекске сәйкес салық жүйесі Өзбекстан Республикасының барлық аумағында салық төлеушілер үшін бірегей болып саналады. Өзбекстан Республикасы Салық Кодексінің 5-бабына сәйкес, салық заңдылығы салық төлеудің мәжбүрлік, салыққа тартудың әділеттілік, салық заңдылығының жариялылық және салық төлеушінің дұрыстығы презумпциясы принциптеріне негізделеді.

Салыққа тарту **тікелей** – есепке алынған табыстан немесе мал-мүлік құнына және **жанама** болады, яғни тауар және қызметтер бағасын, акциз салығын, кеден кеденақыларын және басқаларды арттыру арқылы өндіріледі.



Есінде сақта!

Әрбір тұлға осы Кодексте белгіленген салық және басқа мәжбүри төлемдерді төлеуі шарт.

Өзбекстан Республикасының Салық Кодексі, 6-бап.



3-тапсырма

Сенің ойыңша, салық экономикаға және мемлекет халқының тұрмыс дәрежесіне қалай әсер етеді?

Салық жинауы болмаған мемлекетті айта аласың ба?

Салық жинауынсыз мемлекет бар бола алмайды. Өйткені мемлекет білім беру, мемлекет шекараларын қорғау және мемлекет ішінде тәртіп сақтау, мемлекет мекемелерінің жұмысын үйлестіру секілді міндеттерді өз міндетіне алған. Салық жиымы болмаса, қызметі материалдық істеп шығарумен байланысты болмаған барлық тұлғаларға еңбек ақысын төлеу мүмкіндігі де болмайды.



Негізгі заң белгілейді

Өзбекстан Республикасы аумағында бірегей салық жүйесі жұмыс істейді. Салықтарды енгізуге тек Өзбекстан Республикасының Олий Мажлисі құқықты.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 123-бап.

4-тапсырма

Салықтарды төлемегендігі үшін қылмыстық жауапкершілікке тартуды әділетті деп есептейсің бе? Өз жауабыңды негіздеп бер.

Сөйтіп, құқықтар мен экономика адамның тұрмыс дәрежесі және қойылған мақсаттарды орындаумен тікелей байланысты. Өйткені шынайы бақытты адамдардың көпшілігі өздерін тұлға ретінде көрсете алғандары – өз ниеттерін қоғамға қажетті жұмыста іске асырғандары, өз іс-әрекеттері арқылы экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізгендігі үшін де өзін осындай деп есептейді.



Қорытындыларды шығарамыз

Өзбекстан Республикасында қаржы және несие:

- өз қаржы және несие жүйесі;
- негізгі міндет – бюджетті қабылдау және орындау, салықтар жиымы;
- ақшаны айналымға шығару;
- ақша жүйесі – банктер, жинақ кассасы;
- 1994 жылы 1 шілде – ұлттық валюта – сум айналымға енгізілді;
- Орталық банк, банк жүйесі басшылық етеді;
- бас мақсат – валюта тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- салық – азаматтардың Конституциялық міндеті;
- табыс салығы;
- салықтарды Олий Мажлис белгілейді.



Өзіңді тексер!

1. Құқық қоғамдағы экономикалық қатынастар дамуына қалай әсер етеді?
2. Мемлекеттің қаржы мен несие жүйесінің негізгі қорларын айтып бер.
3. Мемлекеттің қаржы және банк жүйесін қалыптастырушы мекемелерді атап көрсет.

ҚОРЫТЫНДЫ

Міне, Сенімен мемлекетіміздің Негізгі заңы – Өзбекстан Республикасы Конституциясы беттеріндегі саяхатты да соңына жеткіздік.

Сен әрбір адам өмірінде пайда болатын ділгірліктердің көпшілігін заңдылық көмегінде шешу мүмкіндігіне сенім білдірдің. Көпшілігін, ең болмағанда, баршасын емес. Сонымен бірге, адам іс-әрекеттерінің құлық нормалары, оның құлықтық-рухани қасиеттері – ождан, ар-намыс, өз қадір-құны сезімі және басқа ұғымдар да бар. Бұлар құқықты білім беру – құқықты мәдениеттің қосымша элементі, яғни құқық адамға ұсынатын барлық оңтайлы және бағалы нәрселерді игеру. Құлықтық қасиеттер мен құқықты білімдер кешені жоғары құқықтық мәдениет негізін де қалыптастырады.

Бірақ заңға пассив бағынушылық – қоғамға қажет болған нәрсе дегені емес, әлбетте. Өзінің де, басқалардың да заңды құқықтарын қорғауды білу, заң бұзылуымен келіспеу керек, өйткені мұның салдарынан заңдылыққа және құқықты мемлекет құру мүмкіндіктеріне сенімсіздік пайда болады.

Конституциялық құқық, байқағанымыздай, Өзбекстан Республикасының құқық жүйесінде жетекші тармақ боп саналады.

Оның жетекшілік рөлі құқықтың барлық басқа салаларында конституциялық идеяларды дамытуда ғана байқалып қалмастан, сонымен қатар құқықты мемлекетті және азаматтық қоғамын жетілдірудің құқықты негізі болып қызмет етуінде де көрінеді.

Өзбекстанда мемлекет тәуелсіздігіне қол жеткізген соң ғана бұл стратегиялық маңызды мақсат қойылғандығын ұмытпау керек.

Өзбекстанның Конституциялық құқығында құқықты мемлекетке тән барлық принциптер көрсетілген.

Бірақ конституциялық принциптер өзінен-өзі құқықты мемлекет

мемлекет жасамайды. Құқықты мемлекетті заңдар емес, адамдардың өзі қоғам жасайды. Заңдардың маңызы, олардың қоғам құрылысының құқықты негізі болып қызмет етуінде болып табылады.

Құқықтанудан алған білімдерің күнделікті тұрмыста пайда болатын ділгірліктерді болашақта емес, бүгін де шешуге көмек беретіндігіне сенім білдіреміз.

Сондай болса да, қол жеткізген нәрселермен көңлің жайланып қалмау керек. Заң шығарушы әкімшілік мекемелері мемлекетіміздің құқық жүйесін жетілдіру бойынша жұмыстарды жалғастырып жатыр. Қоршаған ортамыздағы өмір одан да таза, жарық және әділетті болу да өзімізге байланысты. Қолды қолға беріп, желкелес тұрсақ, ана Отанымызды құқықты мемлекетке, бақытты да гүлдеп-өркендеген мемлекетке айландыра аламыз.



ӨЗ БІЛІМІН ТӘУЕЛСІЗ

ТЕКСЕРУ

Өзбекстан Республикасы «Конституциялық құқық негіздері» ғылымын меңгергенде құқыққа тиісті терминдерді қалай меңгергеніңді тексеріп көр, өзіңді сынап көр. Қиналғанда көрсетілген беттердегі оқулық мәтініне жүгін.

Конституция – 5

Құқық – 7

Құқықты насихаттау – 7

Конституциялық құқық – 7

Алғы сөз (Преамбула) – 15

Егеменділік– 17

Демократия – 20

Өкілдік демократия – 20

Референдум – 20

Әкімшіліктер үлестірілу принципі – 22, 102

Сыртқы саясат – 25

Халықаралық құқық– 26

Әкімшілік – 31

Апатридтер – 62

Өзбекстан Республикасы Жоғарғы соты – 139

Гипотеза – 112

Азаматтық – 37

Дискриминация (кемсіту) – 38

Заңдылық белсенділігі – 112

Министрлер Кабинеті – 122

Халық депутаттары Кеңесі – 128

Республика Конституциялық соты –	139
Конфедерация –	95
Мәдени құқықтар –	35
Жеке құқық пен еркіндіктер –	34
Мажоритарлық сайлау жүйесі –	152
Қоғамдық бірлестіктер –	78
Олий Мажлис –	109
Омбудсман –	70
Саяси партиялар –	80
Саяси құқықтар –	34
Конституцияны өзгерту тәртібі –	174
Президент –	119
Айыпсыздық презумпциясы –	141
Прокурор –	160
Пропорционал сайлау жүйесі –	153
Азаматтардың өзін өзі басқаруы –	132
Санкция –	112
Сот –	137
Азаматтар жиыны –	131
Унитарлық мемлекет –	97
Федерация –	98
Қаржы жүйесі –	169
Әкім –	128
Цензура –	86
Экономикалық және әлеуметтік құқықтар –	35

КОНСТИТУЦИЯ – МЕМЛЕКЕТТІҢ НЕГІЗГІ ЗАҢЫ

1. Конституция – бұл ... (5-б.)
2. Мемлекетіміздің аталуы Конституциямызға сәйкес ... (17-б.)
3. «Конституция» латынша сөз болып, ... (5-б.)
4. Өзбекстан Республикасы Конституциясының бас мақсаты не? (6-б.)
5. Өзбекстан Республикасының Конституциясы қашан қабылданған? (12-б.)
6. Өзбекстан Республикасы мемлекет әкімшілігі жүйесі қандай принципке негізделеді? (23, 107-б.)
7. Өзбекстан Республикасының Конституциясы неше бөлім, тарау және баптан құралған? (16-б.)
8. Өзбекстан Республикасы Конституциясының негізгі принциптерін атап өт. (13, 23-б.)
9. Өзбекстан Республикасы Конституциясының негізін қалаушы идеяларын айтып бер. (6-б.)
10. Өзбекстан Республикасының Конституциясы бойынша мемлекет, оның мекемелері мен мансапты тұлғалар неге сәйкес жұмыс істейді? (6-б.)
11. Конституцияға өзгерту енгізу жөніндегі мәселені шешуде демократиялық мемлекет қандай жол ұстайды? (96-б.)
12. Өзбекстан Республикасы сыртқы саясаты қандай принциптерге негізделеді? (26-б.)
13. Өзбекстан Республикасында мемлекет әкімшілігінің жалғыз қоры кім? (21-б.)
14. Өзбекстан Республикасының Конституциясына сәйкес кім Өзбекстан халқы атынан жұмыс істеу құқықына ие? (22-б.)

15. Қайсы заң немесе нормативті акт конституциялық құқықтың негізгі қоры боп саналады? (8-б.)
16. «Өзбекстан Республикасы Мемлекет елтаңбасы туралы» Заң қашан қабылданған? (20-б.)
17. Өзбекстан Республикасының Конституциясы қабылданғанға дейін мемлекетіміз қайсы заң негізінде тәуелсіз демократиялық мемлекет мәртебесін алған? (19-б.)
18. Конституция преамбуласы дегені не? (13-б.)
19. Егеменділік – бұл ... (18-б.)
20. «Өзбекстан Республикасы Мемлекет туы туралы» Заң қашан қабылданған? (20-б.)
21. Неліктен құқықты мемлекетте әкімшіліктің үлесу принципін сақтау мәжбүри боп саналады? (23-б.)
22. Ождан еркіндігі – бұл азаматтардың... құқықы. (44-б.)
23. Өзбекстан Республикасының Конституциясында барлық азаматтар үшін еңбек ету борышы белгіленген бе? (50-б.)
24. Азаматтардың Конституция мен заңдарда нығайтылған құқық пен еркіндіктерін кім қамтамасыз етеді? (33-б.)
25. Кім Өзбекстан азаматтарының құқық пен еркіндіктері кепілі болу құқықына ие? (120-б.)
26. Конституцияға сәйкес республикамызда өз пікірін білдіру еркіндігі шектелген бе? (44-б.)
27. Бала неше жастан бастап азаматтығын өзгерту туралы жазба разылығын білдіруге құқықты? (67-б.)
28. Апатрид – бұл... (62-б.)
29. Азаматтықтың бар екендігін қандай құжат растайды? (63-б.)
30. Омбудсман – бұл... (69-б.)
31. «Өзбекстан Республикасы азаматтығы туралы» Заң қашан қабылданған? (60-б.)

32. Өзбекстан Республикасы азаматтығының негізгі жақтарын көрсет. (60-б.)
33. Азаматтық– бұл... (61-б.)
34. Шетел азаматтығы болған тұлға Өзбекстан Республикасы азаматтығына қабылдануы мүмкін бе? (64-б.)
35. Қандай жағдайларда азаматтық жоққа шығарылады? (65-б.)
36. Конституцияға сәйкес төмендегілер жеке құқық пен еркіндіктеріне кіреді: ... (45-б.)
37. Адамның саяси құқықтарына қандай құқықтар кіреді? (56-б.)
38. Әкімшілік мекемелері митинг, жиын және ереуілдер өткізуге тыйым салуға құқықы бар ма? (60-б.)
39. Министрлер Кабинеті қызметін кім басқарады? (126-б.)
40. Олий Мажлис Кеңесі қандай мақсатта түзіледі? (123-б.)
41. Халық депутаттары Кеңесі қызметін кім басқарады? (130-б.)
42. Өзбекстан Республикасы Президенті лауазымы қашан түзілген? (119-б.)
43. Азаматтар жиыны поселке, қыстақ және махаллаларда өзін-өзі басқару мекемелер ме? (134-б.)
44. Олий Мажлис Өзбекстан Республикасы дипломатиялық өкілдерін тағайындайды және босатады ма? (114-б.)
45. Қайсы мекемелер мен мансапты тұлғаларға Олий Мажлисте заңдылық белсенділігі құқықы берілген? (116-б.)
46. Өзбекстан Республикасы Конституциясына сәйкес кімге және қай мекемеге халықаралық келісім-шарттар мен бітімдерді ратификациялау және денонсациялау құқықы берілген? (112-б.)
47. Өзбекстан Республикасында қай мекеме разылығымен облыстар шекараларын өзгерту, ұйымдастыру немесе қайта түзуге болады? (112-б.)
48. Кім Өзбекстан Республикасы Президенттігіне сайлануы мүмкін? (123-б.)

49. Конституцияға сәйкес Президент өз өкілеттігін аяқтаған соң қандай лауазымды иелеуге құқықты? (124-б.)
50. Президент қандай мерзімге сайланады? (123-б.)
51. Өзбекстан Республикасы шекараларын қай мекеме өзгертуге құқықты? (112-б.)
52. Бұқаралық ақпарат құралдары бойынша цензура өткізілуіне жол қойылады ма? (85-б.)
53. Олий Мажлис заңдары қабылданған соң олар қанша мерзімде жарияланады? (117-б.)
54. Олий Мажлис неше палатадан құралған? (110-б.)
55. Өзбекстан Республикасы азаматы неше жастан Президент етіп сайлануы мүмкін? (123-б.)
56. Олий Мажлис заңдылық палатасы депутаттары қанша адамнан құралуы мүмкін? (110-б.)
57. Республика бюджетін кім қабылдайды және оның орындалуын бақылайды? (111-б.)
58. Республика ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағытын кім белгілейді? (111-б.)
59. Кім жаңа облысты құруға құқықты? (112-б.)
60. Өзбекстан Республикасы мен Қарақалпақстан Республикасы арасындағы келіспеушіліктер қалай шешілуі керек? (103-б.)
61. Олий Мажлис Сенатының ерекше өкілеттіктеріне нелер кіреді?(113-б.)
62. Кім қоғамдық ұйымдарды тарату, тыйым салу немесе қызметін шектеуге байланысты қаулы шығаруға құқықты? (85-б.)
63. Өзбекстан Республикасы Президенті бір уақытта конституциялық сот төрағасы міндетін атқарады дегені дұрыс па? (119–122-б.)
64. Өзбекстан Республикасында қалашықтар, қыстақтар мен ауылдарды түзу немесе таратуды кім жүзеге асырады? (112-б.)

65. Азаматтар жиыны өкілеттіктеріне нелер кіреді? (135-б.)
66. Конституциялық сот судьялары өкілеттіктері қандай жағдайларда тоқтатылуы мүмкін? (147-б.)
67. Олий Мажлис заңдылық палатасының ерекше өкілеттіктерін атап өт (113-б.)
68. Қарақалпақстан Республикасы Министрлер Кабинетін (Жоғарғы Кенгесін) кім түзеді? (104-б.)
69. Өзбекстан Республикасы Президентіне сайланатын азамат сайлау алдынан осы республика аумағында кемінде неше жыл өмір сүрген болуы керек? (123-б.)
70. Өзбекстан Республикасы Президентінің мемлекет елбасшысы ретіндегі негізгі міндеттерін атап өт. (123-б.)
71. Президент өз өкілеттіктерін мемлекет мекемелері немесе мансапты тұлғаларға беру құқықына ие еместігі туралы ереже неліктен Өзбекстан Конституциясына енгізілген? (122-б.)
72. Өзбекстан Республикасы Президенті етіп кім сайлануы мүмкін? (123-б.)
73. Президенттік республикасының парламент республикасынан айырмашылығын көрсет. (123-б.)
74. Өзбекстан Республикасындағы қайсы атқару әкімшілігі мекемелерін білесің? (125, 127, 130-б.)
75. Министрлер Кабинеті құрамы қалай қалыптастырылады? (125-б.)
76. Өзбекстан Республикасы Үкіметінің негізгі өкілеттіктерін атап көрсет. (125-б.)
77. Министрлер Кабинетінің Олий Мажлиспен өзара байланыстары қандай жүзеге асырылады? (125-б.)
78. Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті бас функциясын айт. (125-б.)
79. Халық депутаттары Кеңестері қайсы ділгірліктерді шешеді? (130-б.)
80. Азаматтардың өзін-өзі басқару мекемесі қайсы ұйымдардан құралады? (134-б.)

81. Азаматтардың өзін-өзі басқару мекемелеріне кім басшылық етеді және ол неше жылға сайланып қойылады? (134-б.)
82. Өзбекстан Республикасы мен Қарақалпақстан Республикасының сот жүйесі қай соттардан құралған? (140-б.)
83. Мемлекет әкімшілігі мекемелері жүйесінде сот қандай рөл атқарады? (139-б.)
84. Өзбекстан Республикасы сот мекемелерінің негізгі мақсатын айт. (139-б.)
85. Әділ соттауды жүзеге асыру барысына заңдарға қойылатын негізгі талаптарды атап көрсет. (145-б.)
86. Соттар тәуелсіздігі мен олардың тек қана заңға мойынсұнуы принципі іс жүзінде қайсы жолмен іске асырылады? (147-б.)
87. Конституциялық соттың бас міндетін айт. (141-б.)
88. Қала немесе аудан соты, әскери сот, конституциялық сот судьясы кім бола алуы мүмкін? (147-б.)
89. Өзбекстан Республикасында кім сайлаушылық құқықына ие болады? (155-б.)
90. Сайлау комиссиясы қызметінде жариялылық қандай рөл ойнайды? (157-б.)
91. Өзбекстанда қайсы сайлау моделі қабылданған? (156-б.)
92. Өзбекстан Республикасы заңдылығы сайлауға сайлаушыларға қандай құқықтар берген? (156-б.)
93. Прокуратура мекемелері қай мақсатта құрылған? (163-б.)
94. Сотта прокурор қандай рөл атқарады? (164-б.)
95. Прокуратураға кім басшылық жасайды, олардың қызметін кім бақылайды? (164-б.)
96. Заң бұзылуы анықталғанда прокурор қандай шаралар көреді? (165–166-б.)
97. Прокуратура мекемелерін қаржыландыру қалай кешеді? (167-б.)

98. Қоғамда экономикалық қатынастар одан әрі дамуына құқық қалай әсер етеді? (177-б.)
99. Мемлекеттің қаржы және несие жүйесінің негізгі қорларын айт (172-б.)
100. Мемлекеттің қаржы және банк жүйесін қалыптастырушы мекемелерді атап көрсет. (173-б.)
101. Конституциядағы өзгертулер қажеттілігі неден келіп шығады? (173-б.)
102. Тұрақты қолданушы Конституцияның абзалдықтары неде байқалады?
103. Қайсы жағдайда Өзбекстан Республикасы Конституциясына өзгертулер енгізу мүмкіндігі бар? (178-б.)



СӨЗДІК

Агрессия (латынша *aggressio* – шабуыл) – халықаралық құқықта БҰҰ Жарғысы көзқарасында қарулы күштердің қалаған заңға қайшы қолданылуы, яғни қарулы жауыздық.

Апатрид (грекше *apatris* – отанынан мақрұм болған, отансыз) – бұл мемлекет азаматы боп есептелмейтін және басқа шет мемлекетке тиісті екендігі жөнінде де дәлелге ие болмаған тұлға.

Апелляция (латынша *appellatio* – жүгіну, шағым) – кез келген қаулы бойынша істі маңызы жағынан қайта көріп шығуға құқықты болған жоғары инстанцияға шағымдануы.

Аргумент (латынша *argumentum*) – дәлел негізді болып қызмет ететін логикалық уәж.

Армия (латынша *armare* – қаруландыру) – мемлекет қарулы күштері жинағы.

Бюджет (ағылшынша *bougette* – әмиян) – мемлекеттің белгілі мерзімге заңды тәртіпте бекітілген табыстар мен қаражаттар тізімі.

Мемлекет елтаңбасы – мемлекеттің ресми эмблемасы.

Мемлекет әнұраны – мемлекеттің ресми рәмізі.

Мемлекет құқықы (Конституциялық құқыққа сәйкес келеді) – мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, саяси және аумақтық құрылымы негіздерін ретке келтіруші, азаматтардың құқық пен еркіндіктерін нығайтып қоюшы және сол мемлекет әкімшілігі мекемелері жүйесін белгілеуші құқық саласы.

Демократия (грекше *demokratia* – халық әкімшілігі) – халық әкімшілігі, саяси плюрализм, азаматтардың еркіндігі мен теңдігі, адам құқықтары сияқты конституциялық принциптерді тән алуға негізделген мемлекет құрылымының түрі.

Депутат (латынша *deputatus* – *елші; өкіл*) – мемлекеттің заң шығарушы немесе кез келген басқа бір өкілдік мекемесіне сайланған тұлға, халықтың белгілі бөлігінің өкілі.

Федерация (латынша *foederare* – *одақпен нығайту*) – мемлекеттер бірлестігі болып, мұнда бірігуші мемлекеттер заңмен белгіленген тәуелсіздікті сақтап қалған жағдайда бірыңғай одақ азаматтығына, бірыңғай одақ армиясына, бірыңғай одақ мемлекеттік мекемелеріне ие мемлекет бірлігін құрайды.

Фемида (грекше *Themis*) – ежелге грек мифологиясында бір қолында таразы және басқасында қылыш, көздерінде байлағышпен (риясыздық белгісі) бейнеленген әділ соттау құдайы; әділ соттау рәмізі.

Азаматтық қоғам – адамның жалпы құқықтарына кепілдік берілетін, идеологиялық плюрализм қамтамасыз етілетін қоғамдық құрылыс.

Азаматтық – тұлғаның конкрет мемлекетпен тұрақты құқықты байланыстары.

Геноцид – халықтың кейбір топтарының ұлттық, нәсілдік, діни сылтауларымен қырып тасталуы.

Импичмент (ағылшынша *impeachment* – *жою, айыптау*) – мемлекет жоғары мансапты тұлғаларын жауапкершілікке тартудың жеке тәртібі.

Инаугурация (ағылшынша *inaguration* – *салтанатты ашылу; лауазымда салтанатты иелеу*) – жаңа сайланған мемлекет елбасшысының лауазымды иелеу салтанатты рәсімі.

Сенім жарлығы – шет мемлекетке тағайындалып жатқан дипломатиялық өкілдің мәртебесін ресми куәландырушы дипломатиялық құжат.

Кворум (латынша *quorum* – *жеткілікті дайындық*) – жиын қатысушыларының қаулылары шынайы деп тән алынатын ең кем саны.

Легитимділік (латынша *legitimus* – заңды) – бір құқық немесе өкілеттілік заңдылығын тән алу немесе бекіту.

Мажоритарлық сайлау жүйесі (французша *majoritarie* – көпшілік) – сайлаушылардың көпшілік дауысын алған кандидат сайланған деп есептелетін сайлау жүйесі.

Әкімшілік (арабша *әкімшілік* – бұйрықтар беруші мекеме, кеңсе; сондай-ақ, кісілер көркемдеген, заң қалыптасқан, табиғаттан игерілген жерлер, мемлекеттің бірегей аты) – әртүрлі дәрежедегі атқарушы әкімшілік органдарының ең кең таралған аталуы (қалада, ауданда, облыста, республикада).

Ділгірлік (арабша *ділгірлік* – шешілуі қиын, күрделі; жасырынған; сондай-ақ, кісі аты жасырын классик поэзия жанры) – үйрену, еліктеуді талап ететін күрделі теориялық немесе іс жүзіндік мәселе.

Баламалы сайлаулар – мансапты тұлғаның кез келген мекеме лауазым бойынша өзара бәсекелесетін екі немесе одан артық кандидатуралардан сайлануы.

Натуралдандыру, игеру (французша *naturalisation* – табиғи) – шетелдікті азаматтыққа қабылдау.

Омбудсман (швед *ombudsmän* – біреудің мүдделері өкілі) – мемлекет мекемелері арқылы адам құқықтарын сақтауын бақылаушы мансапты тұлға.

Парламент (ағылшынша *parliament*, французша *parler* – әңгімелеу) – мемлекеттегі жоғары өкілдік және заң шығарушы мекеменің аталуы.

Преамбула (французша *preamble* – сөзбасы) – заң немесе басқа құқықты қаулының кіріспе немесе алғысөзі немесе бөлігі.

Президент (латынша *praesidens* – алдында отырушы; басында тұрушы) – республика пішініне ие мемлекеттерде мемлекет және атқарушы әкімшілігі бастығы.

Пролангация жасау (французша *prolongation* – ұзайту)

– келісім-шарт қолдану мерзімін ол түзіліп жатқанда назарда тұтылғанынан ұзайту.

Промульгация жасау (латынша *promulgatio* – *жаппай жариялау*) – бір мемлекет құжаты, заңның ол осыдан кейін мәжбүри күшке ие болуы үшін ресми баспаға шығуы, жариялануы.

Референдум (латынша *referendum* – *білдірілуі қажет болған нәрсе*) – барлық азаматтар қатысатын жалпыхалықтық сұрау немесе сайлау құқықы; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелері бойынша өткізіледі.

Сайлаушылар блогы (одағы) – мемлекет елбасшысы, орталық және жергілікті әкімшілік мекемелеріне сайлауларда бірге кандидат көрсету туралы бірнеше саяси партиялар бітімі.

Стандарт (ағылшынша *standart*) – норма, өлшем, негіз.

Егеменділік (французша *souverainete*) – мемлекеттің өз ішкі істерінде және сыртқы қатынастарында басқа бір мемлекеттен толық тәуелсіздігі.

Цензура (латынша *sensura* – *мемлекет бақылауы*) – әкімшілік тарапынан көңілсіз немесе зиянды деп табылған идеялар мен мәліметтердің таралуына жол қоймау немесе шектеп қою мақсатында баспа өнімдері, сахналық шығармалар және басқалардың мазмұнын мемлекеттің бақылауы.

Унитарлық (латынша *unitas* – *бірлік, бір бүтін*) – бірыңғай, біріккен бір бүтінді құрайтын; мемлекет құрылысының түрі.

Жоғары, жоғарылық – кез келген нәрсенің біріншілігі, абзалдылығы, бастапқы көрінісі.

Вето (латынша *veto* – *тыйым саламын*) – бір мекеме қаулысын тоқтатып тұратын немесе күшке кіруіне жол қоймайтын құжат.

Виза (латынша *visus* – *өткізілген, көзден кешірілген*) – төлқұжатта мемлекеттің оның аумағына келуіне, кетуіне, өмір сүруіне немесе ол арқылы өтуге арнайы рұқсатнамасын білдіретін белгі.

QR-КОД КӨМЕГІНДЕ АЛЫНАТЫН НОРМАТИВТІ МАТЕРИАЛДАР

Заңның толық мәтінін алу үшін смартфонда QR-кодты оқу үшін сканер-бағдарлама (QR Droit Scanner, QR Code Reader, QR Barcode Scanner) орнатуыңды ұсынамыз. Оның көмегінде ұсыну арқылы сайтқа өтуің, мәтінді мәліметті алуыңа болады. Смартфонда қайсы қосымшаны орнатуыңа қарамай, Алгоритм ұқсас болады:


1. Қосымшаны орнат және іске қос.

2. Камера объективін QR-кодқа дұрыста. Қосымша кодты танып алуын күтіп тұр. Кодта шифрленген әрекетті жүзеге асыр. Енді сенде сабаққа дайындалғанда немесе сыныптан тыс шараға дайындалғанда Өзбекстан Республикасы Заң құжаттары туралы оқулықтан қосымша ақпарат оқып алу мүмкіндігі пайда болды.


1. Өзбекстан Республикасының Конституциясы.



2. «Өзбекстан Республикасы Елтаңбасы туралы» Заңы.




3. «Өзбекстан Республикасы Мемлекет туы туралы» Заңы.



4. «Өзбекстан Республикасы Әнұраны туралы» Заңы.



5. «Сыртқы саясаттың негізгі принциптері туралы» Өзбекстан Республикасының Заңы.



6. «Ождан еркіндігі мен діни ұйымдар туралы» Өзбекстан Республикасының Заңы.



7. «Білім беру туралы» Өзбекстан Республикасының Заңы.




8. «Заңдық және жеке тұлғалардың жүгінулері туралы» Өзбекстан Республикасының Заңы.



9. «Кәмелетке жетпегендер арасындағы қараусыздық пен құқықбұзушылықтардың алдын алу туралы» Өзбекстан Республикасының Заңы.



10. «Құқықбұзушылықтар мен қылмыскерлікке қарсы күресу жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» Өзбекстан Республикасының Заңы.



11. «Құқықбұзушылықтар мен қылмыскерлікке қарсы күресу жүйесін жетілдіре түсу шаралары туралы» Өзбекстан Республикасы Президентінің қаулысы.



12. Өзбекстан Республикасының Қылмыстық Кодексі.



13. «Саяси партиялар туралы» Өзбекстан Республикасының Заңы.



14. «Бала қуқықтары кепілдіктері туралы» Өзбекстан Республикасының Заңы.



15. «Нормативті-қуқықты қужаттар туралы» Өзбекстан Республикасының Заңы.



16. «Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті туралы» Заңы.



17. «Азаматтардың өзін-өзі басқару мекемелері туралы» Өзбекстан Республикасы Заңы.



18. «Соттар туралы» Өзбекстан Республикасының Заңы.



**19. «Конституциялық сот туралы»
Өзбекстан Республикасының Заңы.**



**20. «Прокуратура туралы» Өзбекстан
Республикасының Заңы.**



**21. «Бұқаралық ақпарат құралдары
туралы» Өзбекстан Республика-
сының Заңы.**



**22. «Банк және банк қызметі» Өзбекстан
Республикасының Заңы.**



МАЗМУНЫ

Конституция әлеміне саяхат	3
----------------------------------	---

I бөлім. КОНСТИТУЦИЯ – МЕМЛЕКЕТТІҢ НЕГІЗГІ ЗАҢЫ

1-§. Конституциялық құқық	5
2-§. Тәжірибелік сабақ. Өзбекстан Республикасы Конституциясының кіріспесі мен сипаты	12
3-§. Өзбекстан Республикасы Конституциясының негізгі принциптері	18
4-§. Тәжірибелік сабақ. Өзбекстан Республикасының сыртқы саясаты	25

II бөлім. АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰҚЫҚТАРЫ, ЕРКІНДІКТЕРІ МЕН БОРЫШТАРЫ

5-§. Адам және азаматтардың негізгі құқықтары мен еркіндіктері	32
6-7-§. Тәжірибелік сабақ. Адам және азаматтардың жеке басы құқықтары мен еркіндіктері	39
8-§. Тәжірибелік сабақ. Адам және азаматтардың экономикалық және әлеуметтік құқықтары	48
9-§. Саяси құқықтар	56
10-§. Өзбекстан Республикасы азаматтығы	61
11-§. Адам құқығы мен еркіндіктерінің кепілдіктері	68
12-§. Өзбекстан Республикасы азаматтарының конституциялық борыштары	74

III бөлім. ҚОҒАМ МЕН ЖЕКЕ ТҮЛҒА

13-§. Қоғамдық бірлестіктер мен бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі	82
14-§. Саяси партиялардың қызметі	89
15-§. Жанұя қоғамның бүгіні мен келешегінің негізі	94
16-§. Өзбекстан Республикасының әкімшілік-аумақтық және мемлекеттік құрылысы	100

IV бөлім. МЕМЛЕКЕТ БАСҚАРУЫНЫҢ МЕКЕМЕЛЕРІ

17-§. Өзбекстан Республикасында мемлекеттік әкімшіліктің ұйымдастырылуы	105
18-§. Олий Мажлис және оның өкілеттері	109
19-§. Тәжірибелік сабақ. Заң жобасын қабылдаймыз	115

20-§. Өзбекстан Республикасы Президенті	119
21-§. Өзбекстан Республикасының атқару әкімшілігінің мекемелері	125
22-§. Жерлердегі жергілікті әкімшілігі мекемелері	130
23-§. Азаматтардың өзін-өзі басқару мекемелері	134
24-§. Өзбекстан Республикасының сот жүйесі	138
25-§. Өзбекстан Республикасы сот мекемелерінің жұмысын ұйымдастыру	145
26-§. Тәжірибелік сабақ. Конституциялық сот мәжілісі	150

V бөлім. КОНСТИТУЦИЯ – МЕМЛЕКЕТТЕ ДЕМОКРАТИЯНЫ ДАМУДЫҢ КЕПІЛДІГІ

27-§. Өзбекстан Республикасындағы сайлау жүйесі	154
28-§. Тәжірибелік сабақ. Өзбекстан Республикасы Олий Мажлис депутаттары және сенаторларының сайлауы	160
29-§. Өзбекстан Республикасы прокуратура мекемелері	163
30-§. Өзбекстан Республикасында қаржы және несие	170
Қорытынды	177
Өз білімді өз бетіңше тексер	179
Қорытынды қайталау. Конституция – мемлекеттің Негізгі заңы	181
Сөздік	188
QR-код көмегімен алынатын ноормативтік материалдар	192

O'quv nashri

G.M.TANSIQBAYEVA, V.A.KOSTETSKIY

**KONSTITUTSIYAVIY
HUQUQ
ASOSLARI**

Umumiy o'rta ta'lim maktablarining
9-sinfi uchun darslik

(Qozoq tilida)

Tuzatilgan va to'ldirilgan sakkizinchi nashr

«Sharq» nashriyot-matbaa
aksiyadorlik kompaniyasi
Bosh tahririyati
Toshkent – 2019

Редактор және аудармашы *Р. Усерова*
Корректор *К. Мамбетова*
Керкемдеуші *Б. Бобожонов*
Техникалық редактор *Р. Нафасов*
Компьютерде беттеуші *М. Атхамова*

Баспа лицензиясы AI № 201, 28.08.2011-ж.

Басуға рұқсат етілді 01.08.2019. Пішімі 70½100 ^{1/16}. Таймс гарнитурасы. Офсеттік баспа әдісінде басылды. Офсеттік қағаз. Шартты баспа т. 14,6. Есептік-баспа 12,5. Тиражы 5639 нұсқа Тапсырыс № 468.

**«Шарк» баспа-полиграфиялық акционерлік компаниясының
баспаханасы, 100000, Ташкент қаласы,
«Бууик Турон» көшесі, 41.**

Жалға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте

№	Оқушының аты-жөні	Оқу жылы	Оқулықтың алғандағы күйі	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықтың тапсырылғандағы күйі	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Оқулық жалға берілгенде және оқу жылының соңында қайтарып алынғанда жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау өлшемі негізінде толтырады:

Жаңа	Оқулықтың бірінші рет пайдалануға берілгендегі күйі.
Жақсы	Мұқабасы бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттерінде жазулар мен сызықтар жоқ.
Орташа	Мұқабасы мыжылған, едәуір сызылып, шеттері жейілген, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралуы мүмкін, пайдаланушы тарапынан қанағаттанарлы қапталған, түсіп қалған беттері қайта тігілмеген, кейбір беттеріне сызылған.
Нашар	Мұқабасына сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыралған яки түгелдей жоқ, қанағаттанарсыз қапталған. Беттері жыртылған, парақтарын, оқулықты тіктеп болмайды.

O'quv nashri

G.M.TANSIQBAYEVA, V.A.KOSTETSKIY

**KONSTITUTSIYAVIY
HUQUQ
ASOSLARI**

Umumiy o'rta ta'lim maktablarining
9-sinfi uchun darslik

(Qozoq tilida)

Tuzatilgan va to'ldirilgan sakkizinchi nashr

«Sharq» nashriyot-matbaa
aksiyadorlik kompaniyasi
Bosh tahririyati
Toshkent – 2019

Редактор және аудармашы *Р. Усєрова*
Корректор *К. Мамбетова*
Керкемдеуші *Б. Бобожонов*
Техникалық редактор *Р. Нафасов*
Компьютерде беттеуші *М. Аtxамова*

Баспа лицензиясы АI № 201, 28.08.2011-ж.

Басуға рұқсат етілді 01.08.2019. Пішімі 70½100^{1/16}. Таймс гарнитурасы. Офсеттік баспа әдісінде басылды. Офсеттік қағаз. Шартты баспа т. 14,6. Есептік-баспа 12,5. Тиражы 615 нұсқа Тапсырыс № 468-А.

**«Шарк» баспа-полиграфиялық акционерлік компаниясының
баспаханасы, 100000, Ташкент қаласы,
«Бууик Турон» көшесі, 41.**